

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

С.Р. Ермухаметова

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Монография

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

ӘОЖ 342.417

КБЖ 67.4

Е 69

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі (№ 4 хаттама 30.11.2020 ж.) және
Редакциялық-баспа кеңесі (№ 2 хаттама 24.12.2020 ж.)
шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

заң ғылымдарының докторы, профессор *Е.А. Бурибаев*
заң ғылымдарының докторы, профессор *С.Т. Тыныбеков*

Ермухаметова С.Р.

Е 69 Қазақстанның инновациялық дамуының құқықтық негіздері: монография / С.Р. Ермухаметова. – Алматы: Қазақ университеті, 2020 – 154 б.

ISBN 978-601-04-5201-5

Монография Қазақстанның инновациялық дамуының құқықтық негіздерін қарастыруға арналған. Монографияда инновациялық қызметтің бағыттары, дамуы, субъектілерінің құқықтық жағдайы, инновациялық қызметтің түрлері қарастырылады.

Ұсынылып отырған басылым кәсіпкерлік құқық пәндерін оқыту кезінде инновациялық қызметтің даму тарихы мен құқықтық реттелуінің негізгі мәселелерін терең тануға мүмкіндік береді.

Монография заң білімі бойынша оқытылатын студенттер мен магистранттарға арналған.

ӘОЖ 342.417

КБЖ 67.4

ISBN 978-601-04-5201-5

© Ермухаметова С.Р., 2020
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

КІРІСПЕ

Ұсынылып отырған монография заң мамандығы бойынша оқытылатын студенттер мен магистранттарға инновациялық қызмет туралы түсінік пен оның құқықтық реттелуіне байланысты материалдарды терең оқып, меңгеруіне мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда интеграция қосымша дамуды қажет етеді. IT адамзат қауіпсіздігі мен дамуын ескере отырып, құқықтық шеңберде дамуы қажет. Монографияда Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының конституциялық-құқықтық негіздері, инновацияны жүзеге асырудағы мемлекеттің рөлі, инновациялық қызметпен айналысу құқығының адам және азамат құқықтары мен бостандықтары жүйесіндегі орны, инновациялық қызметті қаржыландыру сұрақтары және оны жетілдірудің кейбір өзекті мәселелері қарастырылады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуында күрделі өзгерістер орын алуда. Қазақстан дағдарыстың сабақтарын ескере отырып, инновациялық нарықтық қатынастардың қажеттіліктерін, мүдделерін үйлестіретін экономикалық және құқықтық базаны қалыптастыруда. Мемлекетімізде басқа елдерге үлгі болатындай нақты бағдарламалар жасалып, жүзеге асырылуда. Еліміздің Президентінің Қазақстан Республикасының алдына қойып отырған мақсаты да елімізде дағдарыс болдырмау және экономикалық тұрақты даму негізінде дамыған бәсеке қабілетті отыз елдің қатарына ілігу.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланғандай «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму»[1]. Бұл экономикалық даму үлгісі – инновациялық даму. Елімізде еңбек сыйымдылығын қажет ететін өндірістен гөрі білім сыйымдылығын қажет ететін өндірісті дамыту арқылы экономиканың дамуын құқықтық реттеу қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауындағы елдің индустриялық-инновациялық жедел даму бағдарламасын жүзеге асыруымыз қажет. Президент өз Жолдауында: «Біз әлемнің барлық мемлекеттерінде өткен ғасырдың басында болған индустрияландыру туралы емес, инновациялық-индустрияландыру туралы айтып отырмыз. Біздің индустрияландыру әлемдік экономиканың қазіргі даму ғұрпына сәйкес болуы тиіс» [2]- деп атап өтті.

Қазақстан Республикасындағы инновациялық қатынастарды реттейтін заңнамалары қабылдануда және жетілдірілуде. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының 20 қыркүйек 2002 жылғы құқықтық саясат тұжырымдамасында: «Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына сәйкес елдің құқықтық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қолданыстағы заңнама одан әрі дамытуды, атап айтқанда қолданыстағы заңдарды кезең-кезеңімен жетілдіруді, сондай-ақ қажет жағдайда қоғамды одан әрі демократияландыру талаптарына және оны әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттеріне сай келетін жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылдауды талап етеді» [3] – деп көрсетті.

Мемлекеттің инновациялық дамуының негіздерін бекіте отырып, мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев, «Біз көптеген жетістіктерге жете отырып, тағы бір стратегиялық міндетті бекітеміз. Жақын арадағы онжылдықта Қазақстан 50 бәсекеге қабілетті мемлекеттердің бірі болуы қажет»-деген болатын [4]. Бұл инновациялық дамуымызға жасалған алғашқы серпіндердің бірі болды. Қазақстан мемлекетін бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына жеткізетін экономиканың бәсеке қабілеттілігі, ол бүгінгі күні мемлекеттік саясаттың конституциялық қағида-

ларын дұрыс жүзеге асыруымен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының Конституциясында инновациялық қызметтің дамуының негізі ретінде басшылыққа алатын принциптер 1-бабының 2-тармағында, 6-бабының 1-тармағында, 12-бабының 1,5-тармақтарында, 24-бабында, 26-бабының 4-тармағында, 39-бабында қарастырылған [1].

Қазақстанның экономикалық дамуы еліміздің индустриалды-инновациялық дамуын сауатты жүргізген жағдайда, нақтырақ айтсақ ғылыми-техникалық жетістіктерді экономикаға енгізу және тарату немесе жүзеге асыруға байланысты.

Сонымен қатар еліміздің Президентінің бұл алға қойып отырған мақсаты бүгінгі күні ілгерілеуде десек те, болады. ҚР Әділет министрлігінің интеллектуальдық меншікке құқық жөніндегі комитеттің мәлімдеуінше, Қазақстан бәсекеге қабілетті мемлекеттер ритингісінде 61-орыннан, 56-шы орынға көтерілді. Егерде 50 бәсекеге қабілетті мемлекеттің ішінде болу 2015 жылға дейінгі мақсат болса, бұл дегеніміз аз ғана уақыт аралығындағы қол жеткен үлкен жетістік. Бұл жетістікті қазіргі кездегі әлемдік дағдарыс кезінде қалыпты ұстап отыру мемлекет мақсаты.

Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның 2004-2005 жылдарға арналған бәсекелестік рейтингісінде 117 мемлекеттің ішінде 61-орын алған болатын. Ал, 90 жылдардың басында 109-орында болатын. Бүкіләлемдік экономикалық форум (БЭФ) рейтингісі негізінде 2014-2015 жылдардағы нәтижесі бойынша Қазақстан 50-ші орында болса, 2018 жылы 59-орынды, ал 2019 жылы 55 орынды иеленді. Бәсекеге қабілеттілік критерийі бойынша ТМД елдерінің ішінен Қазақстан – Ресейден кейінгі (Ресей 43-орында) 2-ші орында.

Бүгінгі күнгі ақпарат мәліметі бойынша бәсекеге қабілетті алғашқы үштікте – Финляндия, АҚШ және Швеция елдері тұр, ал ТМД елдерінің ішінде Ресей, Украина сияқты мемлекеттер өздерінің әлемдік бәсекеге қабілетті мемлекеттер санатында болуына күш жігерлерін салуда.

Сондықтан экономиканың одан әрі дамуы рынокқа қатысушылар қызметін осыған барабар мемлекеттік реттеу арқылы, бірақ олардың кәсіпкерлік қызметтің түрі болып табылатын ин-

новациялық қызмет еркіндігіне деген конституциялық құқығын сақтау және теріс пиғылды бәсекеге жол бермеу жағдайында жүзеге асырылуы тиіс. Сол секілді экономикалық қызметтің импорт алмастыру, өндірістің негізгі құралдарын жаңғырту, сонымен бірге инновациялық қызметті дамыту секілді бағыттарын үйлестіре дамытуды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілер мен тетіктер әзірлеуді қарастыру еліміздің дағдарыстан кейінгі уақытта экономикалық жаңа даму кезеңіне және сипатына өтуінің бірден-бір жолы.

Ковид жағдайында болып жатқан экономикалық дағдарыстан айналып өту еліміздің өндірістік потенциалын қайта құру негізі болып табылатын ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізу және тарату бүгінгі күн тәртібінде тұр. Қазіргі кездегі экономиканың дамуы инновациялық экономика сипатында және ол жаңаны өңдеу, енгізу, оны пайдаланумен қатар шаруашылықтандырудың ұйымдық-құқықтық механизмдерін қайта құрумен байланысты. Бұл экономиканың басты ерекшелігі ғылыми сиымдылығы жоғары өндірісті дамыту, заттық емес нысандағы байлық рөлін көтеру (интеллектуалдық меншік объектілерін), адам факторының өсуі, өндірудің интенсивті үлгісіне көшу. Еліміздің экономикалық дамуының мақсаттары мен міндеттері жыл сайынғы Жолдауларда қарастырылатын негізгі бағдар. Елбасы «Экономиканы түпкілікті реформалау мақсатында, біз қысқа мерзім ішінде нарықтық реформаларды жүргізе білдік, тиісті заңнамамызды жасауға қол жеткіздік» -деп атап көрсеткен болатын халыққа арнаған Жолдауында. Сондықтан қазіргідей сынақ, қиын қыстау кезінде де осы бағдарды басшылыққа алуымыз қажет-ақ [5].

Қазақстанның инновациялық экономикаға өту қажеттілігі бір жағынан батыстық фирмалардың бәсекелестігімен, екінші жағынан арзан жұмыс күшіне негізделген баға бәсекелестігінде. Қазіргі кезде дүниежүзінде болып жатқан дағдарыс кезінде инновация негізінде елімізде мұндай келеңсіз жағдайды болдырмау, болғанның өзінде одан тез арада кедергісіз шығу инновациялық ортаның дамуымен байланысты.

Біздің басты мақсатымыз – инновация аясында нормативтік базаны қалыптастыру кезінде инновацияға қатысушылардың

қызметінің және инновациялық экономиканың конституциялық құқықтық негіздерін айқындауымыз қажет. Себебі барлық құқықтар мен бостандықтар, еркіндік қағидалары Конституцияда қарастырылған. Конституция құқықтық ойлау жүйесі. Сондықтан инновация аясындағы қатынастардың құқықтық реттелуі мемлекет мүддесіне, аталған қызметке қатысушылардың конституциялық мәртебесіне сәйкес болуы тиіс.

Инновациялық дамуды конституциялық-құқықтық құрылыстың бір элементі ретінде қарастыру, инновацияны енгізу кезіндегі адам құқықтары мен бостандықтары жүйесіндегі алатын орнын айқындау, инновациялық қызмет еркіндігінің конституциялық табиғатын тану, оның басқа құқық салаларымен реттелуінің ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді. Бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму халық игілігіне, азаматтардың денсаулығына зиян келтірмеуі тиіс. Экономикалық дамудың негізі – Конституция. Сондықтан инновациялық даму азаматтардың өмірге, денсаулығына, еңбек етуі құқықтарына зиянын тигізбеуі тиіс. Инновациялық өндірісті дамыту кезінде басты қағида білім сиымдылығы болғандықтан, инновацияны өндіріске енгізу нәтижесінде өндірістік қысқартулар болмауы, жұмыссыздық болмауы ескерілуі қажет. Ең алдымен Қазақстан азаматтарының құқықтарына қайшы болмауы керек. Сондықтан Конституция инновация шегін анықтап береді.

Сонымен қатар, инновация жаңадан дамып келе жатқан институт болғандықтан Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметтің конституциялық құқықтық негіздерін ғылыми тұрғыда айқындайтын кешенді еңбектің жоқ екендігін ескеретін болсақ, ұсынылып отырған жұмыстың өзектілігі айқындалады. Бұл жұмыс осы бағыттағы алғашқы ізденістердің қатарына жатады. Зерттеудің өзектілігі Қазақстан Республикасында инновациялық экономиканың, инновациялық қызметтің, индустриалды-инновациялық дамудың конституциялық-құқықтық негіздерін конституциялық құқық теориясында кешенді зерттелмегендігімен түсіндіріледі.

Инновация – жаңа құқықтық ұғым және инновацияны зерттеудің теоретикалық базасында қол жеткізген зерттеулердің жоқтың

қасы екендігіне байланысты шешілмеген мәселелердің көптігін білдіреді. Соның ішінде инновация түсінігі, инновациялық үрдістің мазмұны, инновациялық қызметтің тиімділігінің бағалануы, оның экономикалық дамуға әсері, бұл саланың ұлттық және аймақтық реттелу сұраныстары, инновацияны қаржыландыру мәселелері, инновациялық бағдарламалар мен жобалар, инновациялық-индустриальдық дамудың конституциялық-құқықтық негіздері мәселелері бүгінгі күнге дейін құқықтық зерттеу аясынан тыс қалған. Отандық ғалым, академик С.З. Зимановтың пайымдауынша, заң ғылымындағы түсініктерді дамыту және жетілдіру, белгілі ұғымдарды біріктіру, оларды анықтау және нақтылау, ескі түсініктерді жаңа түсініктермен ауыстыруды негіздейді. Себебі алғашқылары өзгерген нақты қатынастарды қамти алмайды және нақты енгізе алмайды және оның мәні бізге белгілі. Жаңа түсініктерді анықтау арқылы бұл түсініктерді қалыптастырамыз немесе алып тастаймыз [6]. Сондықтан жаңа қадамдарды жаңаша түсіну инновациямен тығыз байланысты Инновацияның ерекшеліктері біздің мемлекетіміздің экономикалық дамуының, оның өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы орны мен рөлін анықтауға негізгі базалық заңдарды өзгертуге байланысты. Бұл қатынастарды қозғаушы күш Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдауы. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті, оның конституциялық құқықтық негіздерін қалыптастыруда ғылыми тұрғыдағы айқын ұстанымдардың болуы елімізді экономикалық тұрғыдан дамыған елдердің қатарына жеткізуді жылдамдатуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, инновациялық кәсіпкерлік еркіндігін шектеу мәселесі де, бұл бағыттағы мемлекеттік реттеудің негіздерін жасау, инновациялық кәсіпкерлік еркіндігі субъектілерінің конституциялық құқықтарын қорғау мәселесі де, тек теориялық тұрғыда ғана емес, тәжірибелік қырынан да аса маңызды болмақ. Инновациялық қызметті құқықтық реттеудің маңыздылығы соңғы кезде қабылданған кодекстер мен заңнамалардан да айқындалып отыр.

1

НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазақстанның экономикалық дамуындағы мемлекеттің ролі

Мемлекеттің дүниежүзіндегі позициясы оның экономикасының бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Бәсекеге түсу қабілеті дегеніміз – қазақстандық кәсіпорындардың экспортқа шығарылатын өнімдерді өндіру қабілетін білдіреді. Басқаша айтқанда, өңдеуші өнеркәсіптің өнімі осындай әлемдік стандарттарға сәйкес келуі керек және баға бойынша бәсекелесуге қабілетті болуы тиіс. Инновация – мемлекеттің экономикалық жүйесінің бір түрі. Мемлекет өзінің тарихи даму барысында даму институттарын қалыптастырып отырады. Осы мақсатта академик Ғ.С. Сапарғалиев мемлекетке тарихи тұрғыдан қарау қажет-деп санайды [7].

Экономика құрылымында әлемдік лидерлердің басты орны қосымша құнның жоғарғы үлесімен анықталатын тауарды өндіру және көрсетін қызметін айқындау. Ал бұл «білім сыймдылығы жоғары» инновацияны құрайтын ортада тез қарқын алады. Инно-

вация аясында инновациялық қызмет туралы заңнамалардың дамуының жалпы тенденцияларын саралау, конституциялық, азаматтық, қаржылық құқықтың нормаларын координациялау мәселелері; инновациялық қызмет түрлерін айқындау және топтастыру; инновациялық қызмет туралы заңнамаларды жетілдіруге қатысты ұсыныстар жасау; интеллектуалдық меншіктің инновациядағы ролін анықтау; инновациялық процесстерді қаржыландырудың негізгі қайнар көздері мен ерекшеліктерін айқындау; мемлекеттің инновация аясындағы ролін айқындау; инновациялық заңнамаларды жетілдіруге бағытталған теоретикалық ұсыныстар мен ұсынымдарды өңдеу; инновациялық қызмет аясындағы халықаралық ынтымақтастықты құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін танып- білу мақсаттары туындайды.

Алғаш рет инновациялық қызметтің мазмұнын анықтаған Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заңының 1-бабында инновация өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және (немесе) әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды болып табылатын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі ретінде анықталады, сәйкесінше инновациялық қызмет инновацияны өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі жолымен пайдалану ретінде қарастырылған болатын. Қазіргі кезде инновациялық қызметтің құқықтық реттелуі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен айқындалған. Кәсіпкерлік кодекске сәйкес, Еңбек өнімділігін арттыру және экономиканың басым секторларының дамуын ынталандыруды қамтамасыз ету мақсатында экологиялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін ескере отырып, индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға не отандық өңделген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді ішкі немесе сыртқы нарықтарға жылжытуға байланысты қызмет – индустриялық-инновациялық қызмет болып табылады.

Экономиканың басым секторлары деп мемлекеттік экономикалық даму серпіні мен оның сапасына ықпал ете алатын ұлттық экономика секторларын айтамыз. Белгілі бір уақыт ішінде

іске асырылатын, технологиялар трансфертіне, жаңа өндірістерді құруға (жұмыс істеп тұрғандарын жетілдіруге) және инновациялық қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар кешені индустриялық-инновациялық жоба болып табылады. Инновациялық қызмет деп инновацияларды жасауға бағытталған қызмет түрлерін (ғылыми, ғылыми-техникалық, технологиялық, инфракоммуникациялық, ұйымдастырушылық, қаржылық және коммерциялық қызметті қоса алғанда) айтамыз.

Инновациялық қызметтің тұтынуға енгізілген, қандай да бір жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған өнім (тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет), технология немесе процесс, жаңа маркетинг әдісі немесе іскерлік практикадағы, жұмыс орындарын немесе сыртқы байланыстарды ұйымдастырудағы жаңа ұйымдастыру әдісі түрінде іске асырылған түпкілікті нәтижесі инновация болып табылады [8].

Инновацияның жүзеге асырылуы көптеген факторларға байланысты. Біз біріншіден, инновация мемлекет тарапынан мемлекеттің экономикалық қызметі арқылы жүзеге асырылатындықтан, мемлекеттің функцияларын қарастыруымыз қажет.

Мемлекет экономиканың дамуына тікелей араласа отырып, өзінің мақсатты функцияларын айқындайды. Бұл функциялар экономикалық саясаттың стратегиялық бағыты, экономикалық ілгерілеудің материалдық, қаржылық және интеллектуалдық қамтылуы болып табылады. Дүниежүзінде инновациялық қызмет бүгінгі күні экономиканы модернизациялаудың бірден-бір талабы болып табылады және әлеуметтік прогресстің индустриалдық сатысы. 1986-1990 жж. ССРО-да жыл сайын орташа есеппен 60-70 мың өнертабыс тіркелген [9, 3]. Ғылыми-техникалық прогресс аясындағы инновациялық қызмет инфрақұрылымындағы мемлекеттің ролін анықтаудың алғышарты нарықтық механизмдер негізінде әрекет ететін тиімді инновациялық жүйені қалыптастыру. Қазақстан қазіргі кезде күшті ғылыми-техникалық потенциалы бар мемлекет ретінде танылады.

Инновациялық қызметтің жүзеге асырылуына мемлекеттің ролі басым. Инновациялық жүйені реттеудегі мемлекеттің ролі туралы сұрақ нарықтық экономика жағдайында айқындауды қа-

жет етеді. Себебі, инновациялық қызметтің негізі мемлекетпен байланысты, ал бұл қызмет өнімі сатылады және сатып алынады, кіріс келтіреді. Егерде төлейтін сатып алушы болса және кіріс инновациялық қызмет субъектілерінің арасында бөлінетін болса, бұл бір қарасаңыз, мемлекеттен тәуелсіз және ол үшін бюджеттік қаржыландыру оның жүзеге асырылуының талабы есебінен шығарылады.

Бұл жағдайда көптеген тұлғалар мынадай қорытындыға келіп отыр. Өндірістің технологиялық базисінің белсенді қайта құрылуы басталып, өндіріс табыс таба бастаған кезде жаңа технология мен ғылыми-техникалық аяға төлем қабілетті сұраныс пайда болады және тұрақты үлкен көлемдегі қаржыландыру қажеттілігі туындайды. Даусыз, терең экономикалық дағдарыс, өндірістің ұзаққа созылған құлдырауы инновациялық процесстің дамуын тежейді. Бірақ стратегиялық жоспар бойынша экономикалық сұраныстың болуын енжар тосуға жол берілмейді. Американдық зерттеушілер бұл жерде екі факторды атап өтеді: «сұраныспен тарту»- (demand push) – экономикалық қызығушылық және «технологиялық итермелеу» (technology pull) – жаңа техникалық мүмкіндіктерді мойындау. Бұл екі фактор американдық көрсеткіштер бойынша – 74% және 22%. [10]. Қазақстанның бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына қосылуының басымдылықтары, бірінші экономиканы жаңарту, оған серпінді сипат беру. Бұл міндетті іске асыру жолында салықтық және қаржылық-несие саясатын ырықтандыруды, экономикалық өрлеуді қамтамасыз ететін жаңа бағыттарды қалыптастыруды, әлеуметтік даму мен кәсіпкерліктің өңірлік корпорацияларын жасақтауды, рентабельді емес кәсіпорындарды жаңғыртып, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құруды жүзеге асыру. Екіншіден, Қазақстанның жедел экономикалық дамуы үшін серпінділікті қамтамасыз ету. Бұл үшін «инкубациялық жобалардың іске асырылуы, энергетикалық емес жаңа нарықтарды дамыту, экспорт-импорт секторының артықшылықтарын қолдау, қорғалған сауда белгісі мен зияткерлік меншік құқығы бар тауарлар өндірісін өркендету, көлік инфрақұрылымын дамыту.

Үшіншіден, экономикамыз бен еліміздің дамуына қолдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясат жүргізу. Әлеуметтік жаңару Қазақстан халқының барлық топтарының тұрмыс сапасын жақсартып, әлеуметтік өлшемдерін өсіру. Бұл үшін зейнетақылық жинақтаулардың үш деңгейлік жүйесіне көшуді аяқтау керек. Білім беру мен денсаулық сақтау салаларында жаңа реформаларды жүзеге асыруды қолға алу міндеттеген болатын. Бұл инновациялық жолмен жүзеге асырылады.

Төртіншіден, демократия мен қоғамды саяси жаңарту мәселелері. Бұл біздің барша азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын одан әрі дамытуға мол мүмкіндіктер туғызу. Соның ішінде инновациядан туындайтын құқықтар мен бостандықтар. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілгендей, адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі [1]. Инновациялық бостандықты азаматтардың өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және маңызды болып табылатын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі ретіндегі қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі деп қарастырамыз. Бұл инновацияны дамытудың қажетті шарты.

Инновацияны дамытудағы басты мәселе осы заманғы қауіп-қатерлер мен жаһандық ауқымдағы сипаты бар талаптарға сай келетін ұлттық қауіпсіздік стратегиясының мәселелері. Бұл мәселе инновациялық экономиканы енгізу кезіндегі қауіпсіздік мәселесімен айқындалады. Сондықтан инновация экономикалық жағынан тиімді болғанымен адам өміріне, денсаулығына, ұлттық қауіпсіздікке зиян келтірмеуі тиіс.

Алтыншыдан, еліміздің сыртқы саясатын жүргізу кезінде индустриалды-инновациялық дамудың құқықтық негіздері ескерілу қажеттігі туындайды. Міне, бұл Қазақстанды таяу жылдары әлемдегі бәсекелестікке қабілетті елу елдің қатарына қосатын мақсаттан туындайтын міндеттер.

Мемлекет инновацияға басымдық бере отырып, сыртқы саясатын да соған қарап бейімдейді. Инновация аясындағы негізгі принциптерді айқындайтын инновациялық климат жасаушы

мемлекет. Ол стратегиялық-инновациялық функцияны жүзеге асырушы. Әсіресе, мемлекеттің инновациялық функциясының маңызы мемлекеттің дағдарыс, өтпелі кезеңдердегі және әлеуметтік жүйенің өзгеруі кезінде өседі.

Қазақстан экономикасының тағы бір негізгі мәселесі отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігі. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті ұлтқа» еліміздің экономикасының бәсекеге қабілеттілігін көтеру арқылы экономикалық өсудің жоғары деңгейіне жетуді» негізгі міндет ретінде айқындады. Еліміздің және оның кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі әлемдік нарықта оның экспортының инновациясына байланысты, бұл барлық ұстанымдардың түрлерін төмендетеді, ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді, осылайша экономиканың жаңа үлгісін – инновациялық экономиканың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Инновацияның жаңа немесе жетілдірілген өндіріспен тығыз байланыстылығын ескере отырып, технология мынадай элементтердің жүйесі: «мақсат-ереже (процедура) – техникалық құралдар – операциялар (әрекет) – ынтыландыру. Қазіргі заманның индустриалдық өндіріс белгісімен өткендігін ғалымдарымыз атап өткен болатын [11, 510]. Бұл элементтер жүйесін сақтау жоғарғы нәтижені береді. Сонымен қатар ғылым инновацияның негізгі қайнар көзі. Ғылымның негізгі әлеуметтік функциясы қалыптасу заңдарын және табиғат пен қоғамның дамуын және ол заңдарды адам мүддесі үшін пайдалану тәсілдерін, бір жағынан кез келген адам қызметінің түрі секілді болып табылады, яғни инновация аясы, екінші жағынан қоғамның барлық аясындағы инновацияның алғашқы қайнар көзі [12, 307-308]. Қазақстанда 90-жж. басында көптеген өзгерістер болды, бұл командалық-әкімшілік жүйенің қайта құрылуымен байланысты түпкілікті өзгерістер. Тәуелсіздік жылдарында инфрақұрылымдар мен нарықтық институттар, көп сатылы экономиканы қалыптастыру, бағаны қайта қарау (либерализация) жолымен қазақстанда нарықтық экономика құрылған болатын.

Еліміздің әлемдік аренадағы позициясы экономиканың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Экономика құрылымында әлемдік лидерлер «білім сиымдылығы» жоғары елдерді инновациялық экономикасы дамыған елдер деп таниды. Инновациялық үрдістің заңдылығы мен тиімділігі тарихи кезеңдермен де дәлелденген. 1929 –1933 жж. АҚШ-та терең дағдарыс кезінде президент Ф. Рузвельт экономика және басқа да салаларда инновацияны мемлекеттік реттеуді күшейту арқылы елді дағдарыстан шығарды және оның әлемдік лидер болуына жағдайлар жасады. Ал, керісінше мемлекеттің экономикадан алшақтауы, антиинновациялық саясат 90-жылдары Ресейдің дағдарысқа түсуіне алып келді. Антиинновация – реакциялық сипаттағы адам қызметінің аясындағы қадам [12, 17].

Ең бастысы, инновация білім сиымдылығын қажет ететін өндірістің әртүрлі аясына енгізілетін зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі.

Экономикадағы инновациялық белсенділік мемлекеттің белсенді ролімен тығыз байланысты. Сонымен қатар қазіргі кезде ғылыми-техникалық саясат кез келген мемлекеттің өндірістік дамуының мемлекеттік саясатының негізгі элементі болып табылады.

Мемлекет өзінің экономикалық функцияларын мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады, оларға: инновациялық жобаларға басымдылық беру, инновациялық жобаларды таңдау, инновациялар мен ғылыми зерттеулерге қаражаттарды жинақтау жатады. Бұл функция мемлекеттік бюджеттен инновациялық жобаларды қаржыландыру арқылы және әртүрлі құрылымдарда ресурстарды жинақтау, инновациялық қызметті координациялау арқылы да жүзеге асырылады. Бұл жерде мемлекет инновациялық үрдістің жалпы стратегиялық бағдарлауын – бәсекелестікті қолдау көмегімен ынталандыру, қаржылық субсидия және инновациялық үрдіске қатысушыларға жеңілдік жасау арқылы инновациялық үрдістің құқықтық базасын қалыптастыру функциясы негізінде атқарады. Мемлекет тек қажетті заңнаманың қалыптасуына көңіл бөліп қоймайды, сонымен қатар оның сақталуын камтамасыз ететін механизмдерін қалыптастырады; инновация-

лық инфрақұрылымды қалыптастырады; инновациялық үрдісті институциональдық қамтамасыз етуді анықтайды. Бұл жерде мемлекет ҒЗТКЖ орындайтын ұйымдарды, бөлімшелерді қалыптастырады және инновациялық үрдістің халықаралық аспектілерін реттейді.

Инновациялық құқықтық шеңберді қалыптастырған кезде олардың субъектілерінің әртүрлі мүдделерінің тоғысуы және олардың өзара қатынасының реттелуі қажеттілігі, интеллектуальдық меншік мәселелері, халықаралық байланыстардың болуы және ұлттық мүдделер мен мақсаттар ескеріледі. Заңнама мемлекеттің уәкілеттілігінің инновация аясындағы орнын және шеңберін анықтайды. Бұл жерде ескере кететін жағдай заңшығарушы болып жатқан өзгерістерді ескеруі қажет. Мысалы; АҚШ-та 1982 жылы шағын инновациялық бизнестің маңызы анықталған кезде, оны қолдау және дамыту, оны қаржыландыру шаралары туралы заң қабылданды. Яғни экономикалық өзгеріс кезінде заңнамалар бұл құбылыстарды құқықтық қамтамасыз етуді тез арада жүзеге асыруы тиіс.

Инновациядағы мемлекеттің барлық тәжірибелік қызметі оның ғылыми-техникалық саясаты жүргізуімен анықталады. Ол әдетте кейіннен мемлекеттің ғылыми-техникалық саясатының мақсатын көрсететін үлкен «ағаш» негізіндегі басым бағыттарды бөліп көрсету және қаржы құралдарын бөлу болып табылады. Бұл жерде мысал ретінде ГФР-дің көрсеткіштерін қарастыруымызға болады. 146 технопарк және 800-ден астам инновациялық қызметті қаржыландырудың қайнар көздеріне ие бола отырып, мемлекет ғылыми-техникалық өңдеулерді тез арада коммерциализациялаудың тиімді жағдайларымен қамтамасыз етті. Бұл әлемдік біріншілікте ғылым сыйымдылығы жоғары өнімді экспорттауды қамтамасыз етті және елдің дамудың инновациялық жолына түсу туралы шешім қабылдауына негіз болды және ғылыми-техникалық саясаттың негізгі басым бағыты болды.

Нарықтық экономика бәсекелестік ортаны қалыптастырады, бұл инновациялық белсенділікті көтереді. Бірақ мемлекет те бұл әлеуметтік мәселеден тысқары қала алмайды. 1979 жылы АҚШ президенті Д.Картер ғылыми-техника аясындағы әлемдік тен-

денцияларға талдау жасай отырып, өзінің Конгресске жасаған жолдауында инновациялық қызметті мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың ішіндегі бірінші орынға қойды. Бұл аталған мемлекеттің инновация аясындағы белсенділігін көтерген болатын.

Бұдан шығатын қорытынды, мемлекет үлкен көлемдегі құқықтық және экономикалық құралдарға ие және осы құралдар арқылы инновация аясына әсер етеді оларды іске қосады, ол оны ынталандыруы немесе инновациялық белсенділікті тежеуі мүмкін. Мемлекеттік ынталандырудың негізгі және тиімді құралдарының бірі жаңа технологияларды өңдеуге салықтық жеңілдіктер. Салықтық жеңілдіктер экономикалық тиімді инвестициялар мен капиталды тартады. Осы бағытта әкелінетін ғылыми құрал-жабдықтарға кедендік алымдар төмендетіледі, коммуналдық қызметке төлемдер жеңілдігі беріледі. Бұл қарастырылып отырған ынталандыру құралдары бүгінгі күні өзінің тиімділігін дәлелдеген және инновациялық жүйенің қалыпты жүзеге асырылуы кезінде бұл еліміздің болашағы болғандықтан біз бұл құралдарды қолдануымыз қажет.

Әлемдік тәжірибе куәландырғандай, мемлекет нарықтық экономика жағдайында инновациялық қызметке тікелей қатысады және оның қатысуының нысандары да әртүрлі. Мысалы, еліміздің аумағында ғылыми-техникалық потенциалды тарату көптеген көрсеткіштер бойынша мәнді. Мемлекет, қалыптасқан экономикалық жағдайда бұл мәселелерді тікелей шешуге қатысады.

Жалпыұлттық масштабта мемлекетке координациялық орын тиесілі. Мемлекет ғылыми-техникалық шеңбер бойынша басқа мемлекеттермен халықаралық аренада өзара қарым-қатынаста ұлттық мүдделерді қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл жерде қызметтің кеңейтілген түрі болады: ғылыми-техникалық ынтымақтастық, патенттер, лицензия, құпиялылық жағдайы т.б.

Егер инновациялық өнімге тапсырыс беруші және тұтынушы ретінде қатысса мемлекеттің ұйымдастырушылық ролі нақты сипатта да болуы мүмкін. Бұл жерде мемлекет өзінің ғылыми-техникалық бағдарламаларын басшылыққа алады. Сонымен қатар

мемлекет қай мемлекетте өзінің зерттеулері мен өндеулер секторы бар соны басқарады. Оны басқару мен ұйымдастыру нысандары, жеке сектормен өзара қарым-қатынасы ғылымның тарихи дамуынан көрінеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей нарықтық экономика дамыған мемлекеттерде экономиканың белсенді құрамдас бөлігі ретінде инновациялық жүйенің инфрақұрылымдары танылады және ол мемлекеттің қатысуынсыз қалыпты жұмыс істеуі мүмкін емес.

Инновация аясында нарықтық экономика рельсіне көшуді жүзеге асыру қиын, себебі көптеген шығындар жұмсалады. Бұл техникалық өндеулерді арзандатып сату, отандық технологияны шетелдік технологиямен шеттету. Көп жағдайларда конверсия мәселесі өзекті мәселе болып қала береді. Билік құрылымдарында инновациялық қызметтің маңыздылығы танылады, оның инфрақұрылымын құру, орнын анықтау және мемлекеттің ролін, анықтау.

Мемлекет құқықтың субъектісі ретінде нарықтық қатынастарға қатысады және жоғарыда аталған инновациялық қызметті жүзеге асырудың барлық құралдарын пайдалану арқылы дамытады.

Мемлекет халықтың өмір сүру деңгейін жақсартып отырып, өзінің инновациялық қызметін экономикалық функциялар арқылы жүзеге асырады. Экономикалық функциялар елдің экономикасын дамытудың стратегиялық бағыттарын біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Бұл функция бөлу немесе нарықтық экономика ма соған байланысты. Бөлу экономикасы кезінде мемлекеттік меншіктің басымдылығы болады, мемлекет монополиялық әдіспен экономикалық қатынастарды басқарады, өндіріс көлемін, тауар айналымын, ресурстарды бөлуді тек экономиканы орталықтандырылған жүйе арқылы басқаруды анықтайды. «Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс»[1]. Қазіргі құқықтық мемлекеттің экономикалық қызметінің келесі бағыттары бар:

- қоғамның экономикасына мемлекеттік тұтастай әсер ету;

- өндірістік және ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қаржыландыру;
- өндірісті ынталандыру үшін материалдық игіліктерді өндірушілерге субсидия беру.

Бұл мемлекеттің бюджетті қалыптастыруынан және оны жұмсауды бақылаудан көрінеді. Мемлекет қоғамның экономикалық дамуының стратегиясын анықтайды. Тек мемлекет қана экономикалық функцияны жүзеге асыра отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды міндеттерін шешуге байланысты шараларды қаржыландыруды ұйымдастыруы тиіс. Соның ішінде инновациялық жобаларды қаржыландыруды. Мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландырудың бірден-бір әдісі бюджеттік несиелеу және бюджеттік инвестициялау түрінде бюджет құралдарын пайдалану болып табылады. Бұл туралы келесі тарауларда қарастырамыз.

Мемлекеттің экономикалық функциясын мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Мемлекеттік органдар мемлекеттік-биліктік уәкілеттіліктерге ие мемлекеттік заңды тұлға ретінде әрекет етеді. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бөліністер атынан әрекет етеді. Бұл Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік актілерінде бекітілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 3-бабының 3-пунктіне сәйкес, «Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді» [1].

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысының жүйесіне мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктер кіреді: ауыл (село), поселке, ауылдық (селолық) округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс [13].

Мемлекеттік органдар Конституциямен, заңдармен, өзге де нормативтік актілермен мемлекет атынан берілген өкілеттіліктерді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер. Олар келесідей функцияларды жүзеге асырады:

1) жалпыға міндетті мінез-құлық ережелерін анықтайтын актілерді шығару;

2) әлеуметтік маңызды қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеу;

3) мемлекетпен бекітілген жалпыға міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау [14].

Жаңа экономикалық қатынастардың дамуымен экономиканы мемлекеттік басқару, мемлекеттің экономикалық қатынастарға қатысуының сұрақтары туындайды. Мемлекет инновациялық қызметке құқықтық, ұйымдастырушылық, және қаржылық қолдау көрсетеді. Инновацияға мемлекеттің ролі Қазақстан Республикасының бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму қағидасы негізінде анықталады және бұл қағида Ата Заңымызбен анықталған болатын [1].

Мемлекет экономикалық функция, яғни басқару арқылы өз қызметін жүзеге асырады. Заң әдебиеттерінде басқару «қызмет» термині арқылы сипатталады. Басқару адам еңбегінің адекваттық нысанда бекітілген арнайы түрі. Басқаруды қоғамдық қатынастар жүйесіне енетін «қатынас» деп сипаттайтын ғылыми мақалаларда аз емес. Басқаруды «әсер ету» терминімен түсіндіру біздің ойымызша, басқару мәнін айқындайды. «Әсер ету» басқарудағы негізгіні анықтайды, яғни танымға, мінез-құлыққа және адамдардың қызметіне әсер ету кезі.

Мемлекет элементтік құрылымы бойынша күрделі бола отырып және қоғамдық құбылыстар функциясы бойынша көпқырлы бола отырып және басқарудың субъектісі ретінде, мемлекеттік басқаруға жүйелілік құрылымын да береді.

Мемлекеттік басқару бұл ұйымдастыратын және реттейтін мемлекеттің өзінің құрылымының жүйесі арқылы адамдардың қоғамдық және жеке қызметіне оны сақтау, тарату немесе қайта құру мақсатында оның билік құралдарына сүйене отырып әсер етуі.

Біз инновация мемлекеттің экономикалық қызметі негізінде жүзеге асырылатындығын қарастыра отырып, мемлекеттің мәні анықталады және жүзеге асырылады қоғаммен өзара қарым-қа-

тынасы арқылы екендігін нақтылаймыз. Бұл «мемлекеттің функциясы» арқылы сипатталады. Функция сөзі латынның «funcion» сөзінен шыққан және орындау, міндет, қызмет шеңбері дегенді білдіреді [15]. И.В. Гетенің айтуы бойынша: «Функция – біздің ойымыз бойынша әрекеттің өмір сүруі» [11, 75]. Функция бұл қатынас, яғни бір тараптың бұл жағдайда мемлекеттің өзінің мәнін басқа қоғамға аударады. Мемлекет функциясы мемлекет қызметінің басты бағыты, онсыз мемлекет өмір сүре алмайды [16]. Бұл мемлекеттің белгілі экономикалық, саяси, экономикалық және тағы басқа салаларында тұрақты қалыптасқан қызметі. Функция – мемлекет және құқық теориясында кеңінен қолданылады және мемлекеттің нені және қалай жасау керектігін түсіндіреді. Мемлекеттің функциясы туралы мәселе батыстық ғылымда қарастырылмайды, оның орнына мемлекеттің мақсаттары мен міндеттері айтылады. Мемлекеттің ортақ мақсаттары – «ортақ игіліктерге» қол жеткізуді, мемлекет пен халықтың, ұлттың әлеуметтік топтардың, адамның өзара қатынасын реттеуді, белгілеуді көздейді.

Мемлекеттің міндеті – экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерінде катализатор әрі бастамашы болу және оларды инновациялық процестерге тарта отырып, сөйтіп, өндірістік және бәсекелестік әлеуетін құра әрі жақсарта отырып, жеке кәсіпорындарды жаңғыртуға жәрдемдесу.

Ғалым М.Т. Баймахановтың ой тізгіні бойынша мемлекет мәселесі бүгінде жаңа стратегия мен тактиканы белсенді түрде іздеу мен өңдеу, терең толғану кезеңінде тұр [17]. XX ғасырдың екінші жартысы мемлекет пен еркін нарықтық экономика арасындағы қатынасты өзгертті. Әлемдік нарықтың қалыптасуы, жоғары технология базасы негізінде бәсекелестікті күшейту, өндірістік күштің негізгі компоненті ретіндегі адам потенциалының даму қажеттілігі, технотрондық қауіптің өсуі, қоғам өмірінің жаңа жағдайлары мемлекеттің қоғамның экономикалық аясындағы ролінің ерекшелігін көрсетті.

Қазіргі кезде ұлттық мемлекеттік мүдделер мен ұлттық бизнестің жақындасуы байқалуда. Мемлекет өз функциясын жүзеге асыру арқылы қоғамды басқарудың алдында тұрған міндеттерді

иеленеді, оның қызметі белгілі бір бағытқа ие болады. Мемлекеттің функциясы мемлекеттік биліктің әдістеріне тән белгілі бір нысанда жүзеге асырылады [18] Қазіргі заманғы мемлекет әлсізденбейді, керісінше, өзінің экономикалық функциясын күшейтеді. Бұл қоғамның экономикалық қызметін тиімді ету және жеңілдету үшін қажетті ұйымдық-құқықтық алғышарттарды қалыптастырумен байланысты. Технология мен қоғам арасындағы қатынастарды түсіну үшін есте сақтайтынымыз, технологиялық инновацияны тежейтін, тездететейн, немесе басқаратын мемлекет ролі даму процесінің шешуші факторы және мәдени, әлеуметтік күштердің мәнін ұйымдастыратын және көрсететін, сол уақытта және сол кеңістікте үстем болатын фактор.

Мемлекеттің экономикалық қызметі экономиканың мемлекеттік секторында тікелей шаруашылық басшылық ретінде де қарастырамыз. Бұл жерде мемлекет өндіріс құралдарының меншік иесі ретінде, материалдық игіліктер мен қызметтерді өндіруші ретінде әрекет етеді.

Оған: өндіріс «қоғамдық игілік» (мысалы, қорғаныс, білім беру, тәртіп сақтау т.б.); табиғи монополия бар салалардағы өндірісті реттеу (көлік, байланысы энергетика және т.б.); шаруашылық субъектілердің нарықтық қызметінің «сыртқы факторларын» реттеу (бұл табиғатты қорғау қызметі); нарықтық механизм әрекетінің қажетті емес әлеуметтік салдарын ықшамдауды (жұмыссыздық, әлеуметтік теңсіздік және т.б.). жатады.

Мемлекеттің экономикалық функциясы регулятивтік, ынталандыратын, кеңес беру әрекеттерінен көрінеді. Экономикалық үрдістерді мемлекеттік реттеуде мемлекеттік биліктің жоғары органдары қатысады және жергілікті басқару органдары, сонымен қатар арнайы мекемелер қатысады.

Мемлекеттің мемлекеттік аппаратының қызметін ұйымдастыра отырып, саяси, экономикалық және әлеуметтік функцияларды жүзеге асыра отырып, мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік кәсіпорындардың және мекемелердің экономикалық қызметін реттейді, мемлекеттік меншік объектілерін пайдаланудың құқықтық режимін анықтайды.

Қазақстандық ғалым Г.С. Сапарғалиев мемлекеттің экономикалық функциясын саралай келе, «Конституцияда функцияның құқықтық негізі бекітілген. Біріншіден, мемлекетке мемлекеттік және жеке меншікті қорғау жүктеледі. Екіншіден, мемлекеттік органдар заңдарда меншіктің субъектілерін және объектілерін, өздеріне берілген құқықтардың көлемін және жүзеге асыру шеңберін анықтайды. Үшіншіден, мемлекет тікелей мемлекеттік кәсіпорындардың экономикалық қызметін реттейді, мемлекеттік меншік объектілерін пайдаланудың құқықтық режимін анықтайды»-деп тұжырымдайды [19].

Мемлекет функциясы туралы А.Ф. Черданцев «мемлекет функциясы қоғамнан туындайтын объективтік сипатта болады» – деп тұжырымдаса, профессор М.Н. Марченко «мемлекет функциясы – мемлекет алдына қойған міндеттерді шешу қажеттігіне себептелген мемлекет қызметінің негізгі бағыттары» деп қарастырады [20-21].

В.С. Нерсисянц «мемлекет функциясы – мемлекеттің алдына қойған мақсат пен міндеттерді тиісті мемлекеттік құқықтық тәртіппен шешу. Ол мемлекетте экономикалық, экологиялық, мәдени, білім беру функцияларының бар екендігін жоққа шығарады. Мемлекеттің келесі функциялары болады: құқық белгілеушілік, құқықты жүзеге асырушылық, құқық қорғаушылық [22].

Л.И. Морозованың пікірінше, мемлекет функциясы нақты тарихи кезеңдегі мемлекет қызметінің негізгі әлеуметтік маңызды бағыттары болып табылады [23, 32]. Мемлекет өз аппаратының қызметін ұйымдастырады және өз аумағында мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілердің қызметін ұйымдастыра отырып, өзінің органдары арқылы мемлекеттік биліктік функцияларын жүзеге асырады, сонымен қатар экономиканың мемлекеттік секторының дамуына қолдау жасайды.

А.С. Ибраева, мемлекеттік орган – биліктік өкілеттер берілген мемлекеттің функциясын жүзеге асыруға қатысатын мемлекеттің механизмінің элементі деп қарастырады [24].

Қоғамды басқаруды жүзеге асыратын, мемлекеттің қызметінің негізгі бағытын жүзеге асыратын органдардың жиынтығы мемлекеттік механизм ретінде түсініледі.

Г.В. Атаманчук пікірінше қазіргі кездегі мемлекет өзінің экономикалық функциясын күшейтеді ол қоғамның экономикалық қызметінің тиімділігін және жүйелілігіне қажетті ұйымдастырушылық-құқықтық алғышарттармен анықталады [11, 78].

Технология мен қоғамның арасындағы қатынасты түсіну үшін, осы кеңістіктегі және уақыттағы технологиялық инновацияны басқаратын, жеделдететін, тежейтін мемлекеттің ролі барлық даму процесінің шешуші факторы, әлеуметтік және мәдени күштерді ұйымдастыратын, көрсететін фактор екендігі М. Кастельспен қарастырылған болатын [25]. Мемлекеттік басқаруда басқару қызметінің нысаны – маңызды элементтердің бірі, осы арқылы мемлекеттік органдардың уәкілеттілігі жүзеге асырылады. Басқару қызметінің нысандары басқару және функцияларды жүзеге асыру және олардың іске асуын қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың белсенді қызметі. Басқару қызметінің құқықтық нысандары басқару шешімдерін дайындау, қабылдау және орындау кезінде қолданылады. Әкімшілік әдістер мемлекеттік-басқару қызметінде маңызды орынды алады. Әкімшілік әдістерде адамдардың қызметі және мінез-құлқын міндетті және тікелей анықтаудың іс-әрекетінің тәсілдері, әдістері мемлекет тарапынан тиісті басқару компоненттері болады. Біздің ойымызша, олардың белгілері мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғалардың орындаушылардың еркіне оларға олардың міндеттерін, мінез-құлқын және нақты командаларды қабылдау, қабылданған міндеттерді шешудің біржақты әдістерін таңдау, мінез-құлықты таңдау, орындалмаған жағдайда заңи жауапкершілік жүктелетін міндетті орындалатын жағдайларды шешуге тікелей әсер етуі тиіс.

Басқару механизмі заң ғылымында «қызмет» терминімен ассоцияланады. Бірақ, бұл ұғымдар әртүрлі құбылысты білдіреді. Әкімшіліктендіруді, саяси режимді сипаттайды, мемлекеттік басқару стилін білдіреді. Бұл басқару үрдісінде қатаң бағыныштылық, команда беру, яғни кез-келген әдістер арқылы әкімшіліктендіру, әсіресе экономикалық және әкімшілік ресурстары. Әкімшілік әдістер қоғам, табиғат, адамдардың мүдделерін қорғау тарапынан қызметтің түрлерін және көптеген қауіпті технология-

ды реттеу қажеттілігімен байланысты туындаған. Қазіргі қауіпті, тәуекелге негізделген биологиялық әлеуметтік техника аясында бұл әдістерсіз мүмкін емес. Құқық мемлекеттік әкімшіліктендіруді нарықтық экономиканың дамуының жеке дербес бағыты деп түсіндіреді. Мемлекеттік реттеу басқару және мемлекеттік бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар инновация үрдісін өздерінің қызметін мемлекеттік заңды тұлғалар нысанында жүзеге асырады, атап айтқанда: мемлекеттік мекеме арқылы. Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес немесе Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және облыстар (Республикалық маңызы бар қалалар, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің нормативтік құқықтық актілерімен мемлекет құрған және егер заң актілерінде қосымша қаржыландыру көздері белгіленбесе, тек мемлекеттік бюджеттің немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджетінің (шығыстар сметасының) есебінен ғана ұсталатын мекеме мемлекеттік мекеме деп танылады [26].

Мемлекеттік органдар мемлекеттік мекеме нысанында бола отырып, тігінен пайда болатын жария-құқықтық қатынастардың қатысушылары болады. Тек өзін қамтамасыз ету сұрақтары туындаған кезде көлденең мүліктік қатынастардың қатысушысы арқылы жеке құқықтың субъектісі ретінде мемлекеттік мекеме мәртебесін қолдану арқылы шешіледі. Бұдан шығатын қорытынды жария қатынастарда мемлекеттік орган ретінде мемлекеттік мекеме биліктік уәкілеттіліктерді алып жүруші ретінде қатысады, ал жеке-құқықтық қатынастарда мемлекеттік мекеме (мемлекеттік орган) мемлекет мүддесі үшін мемлекеттік орган ретінде қатысады, сонымен қатар өзін қамтамасыз ету мақсатында заңды тұлға ретінде қатысады.

Мысалы, министрлік бір жағынан мемлекеттік орган ретінде әртүрлі императивтік қатынастарға қатысып, мемлекеттік-биліктік уәкілеттіліктерін мемлекет атынан әкімшілік шаралар арқылы жүзеге асырады, соның ішінде мемлекеттік орган ретінде және лауазымды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды және лауазымдық уәкілеттіліктерді жүзеге асыру кезіндегі шешімдерді қа-

былдау және орындау, өзінің аппаратының қызметін ұйымдастыру, азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру кезіндегі олардың сұранымдарын қарау, сонымен қатар азаматтардың заңды мүдделерін және құқықтарын әкімшілік қорғау, экономика шеңберіндегі шешімдерді қабылдау т.б.

Бір жағынан министрлік мемлекеттік мекеме бола отырып, өз атынан заңды тұлға ретінде өзінің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын қамтамасыз етеді, қатысушылардың теңдігіне негізделген мүліктік қатынастардың тарабы ретінде кеңселік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Инновация мемлекеттік органдардың тікелей қатысуы, басқаруы негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының Үкіметі инновациялық қызмет саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді. Инновациялық саясат мемлекеттік саясаттың бір түрі ретінде инновациялық қызметтің басым бағыттарын айқындайды, инновациялық қызметті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастырады, инновациялық қызметті дамытуға бағытталған салалық (секторлық) бағдарламаларды бекітеді, технологиялық бизнес-инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеу ережелерін және оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді. Бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар беру және өнеркәсіптік меншік объектілерін енгізу жөнінде қабылданған шаралар туралы есеп беру ережелерін бекіту және бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар алу өтінімдеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама және экономикалық сараптама жүргізу ережелерін бекіту негізгі бағыт. Инновациялық саясаттың негізгі бағыттарын анықтай отырып, біз инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құру үшін жағдайларды қамтамасыз етуді пайдаланылуы ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен байланысты зияткерлік меншік объектілеріне ерекше құқықтар алу тәртібін айқындау және инновациялық гранттар беру мақсатында сенімгер уәкілді және оның сыйақы мөлшерін айқындауды мемлекет саясаттың басым бағыты екендігін көреміз.

Мемлекеттік реттеу функциясын елімізде Индустрия және сауда министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Экономика жә-

не бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қаржы министрлігі, Энергетика және минеральды ресурстар министрлігі жүзеге асырады және бұл органдар инновациялық қызмет аясында мемлекеттік саясаттың қалыптасуын және жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды қалыптастыру; ұйымдық және экономикалық, оның ішінде мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін инвестицияларды тартуды қамтамасыз ететін шарттарды құру жолымен инновациялық қызметті ынталандыру міндеттерін және индустриялық дамыту, ғылыми-техникалық, инновациялық және инвестициялық қызмет салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз етуге қатысты функцияларды жүзеге асырады [27].

Инновациялық қызмет түріне қарай уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне инновациялық қызметтің басым бағыттары бойынша ұсыныстар жасай алады. Бұл ұсыныстар инновациялық үрдістің жүзеге асырылуына және инновациялық қызметтің басым бағыттары бойынша ұсыныстар енгізуіне, инновациялық қызметті дамытуға бағытталған мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламалар әзірлеуіне негіз болады. Сонымен қатар уәкілетті орган бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар беру және өнеркәсіптік меншік объектілерін енгізу жөнінде қабылданған шаралар туралы есептер беру ережелерін, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін аккредиттеу ережелерін, бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар алу өтінімдеріне мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама және экономикалық сараптама жүргізу ережелерін әзірлейді. Инновация барысында технологиялық бизнес-инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеу уәкілетті органға жүктеледі. Инновацияға қатысты персоналға және технологиялық бизнес-инкубаторлар мен технопарктердің кеңсе, өндіріс үй-жайларына қойылатын талаптарды айқындау уәкілетті органның құзіретінде.

Құқықтық жағынан аталған орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құру жөнінде ұсыныстар енгізумен қатар инно-

вациялық қызметті ынталандыру жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді жүзеге асырады.

2003 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде құрылған болатын [28].

Осы қаулыға сәйкес, Үйлестіру кеңесі мемлекеттік органдар мен мемлекеттік даму институттарының индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру мәселелері бойынша келісілген көзқарастарды, шешімдерді және ұсынымдарды әзірлеу мақсатында құрылды.

Үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын тиімді іске асыруға бағытталған экономика, ғылым, білім беру, өнеркәсіп, өндірістік инфрақұрылым салаларында келісілген мемлекеттік саясатты қабылдау және іске асыру және инвестициялық саясат мәселелеріндегі мемлекеттік даму институттарының келісілген іс-қимылдары, сонымен қатар стратегияны іске асыруға бағытталған мемлекеттік органдар мен мемлекеттік даму институттарының келісілген іс-қимылдары бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындау міндеттерін жүзеге асырады.

Міндетке сәйкес функцияларды бекіте отырып, Үйлестіру кеңесіне:

– Стратегияны іске асыруға тікелей немесе жанама әсер ететін салаларда мемлекеттік саясатты іске асыруға тұжырымдамалық көзқарастар әзірлеу;

– дамуы елдің индустриялық-инновациялық тұрғысынан маңызды болып табылатын өнеркәсіптің басым салалары мен секторларын айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

– елдің индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ету үшін іске асыруға қажетті іс-шаралар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

– мемлекеттік даму институттарының келісілген инвестициялық саясатын қамтамасыз ету, олардың арасында тиімді ақпа-

рат алмасу мен инвестициялық және инновациялық жобаларды бірлесіп іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

– стратегияны аумақтық деңгейде іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу жүктелді [28].

Соңғы енгізілген өзгерістер бойынша аталған кеңеске инвестициялық ахуалды жетілдіру және ел экономикасының шикізат емес секторына тікелей шетел инвестицияларын тарту жөніндегі жұмыс тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу де жүктелді. Бұл біріншіден, елімізде болып жатқан экономикалық жағдайларға қатысты болып отыр. Инновациялық қызметтің қарқынды дамуы үшін қазіргі кезде шетелден инвестиция тарту қажеттілігі айқындалған.

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Үйлестіру кеңесінің жұмыс органы болып табылады. Біздің пікірімізше, Үйлестіру кеңесі әр тоқсан сайын Үкімет алдында инновациялық қызмет барысы туралы есеп беруі тиіс. Себебі инновацияға қатысты барлық мәселелер тек қана инновациялық қызметпен айналысатын субъектілерге қатысты емес, барлық тауар өндірушілер, қызмет көрсетушілер, жұмысты орындаушылар үшін де инновацияның тиімділігіне баға беріп талпыныс жасауы тиіс. Мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерден басқа, мемлекет атынан тігінен және көлденең қатынастардың қатысушылары болып және тігінен қатынастарда өз атынан коммерциялық емес қызмет түрлерін мемлекеттік-биліктік уәкілеттіліктерсіз тек жеке құқықтың субъектісі ретіндегі мемлекеттік мекемелер де бар.

Мемлекеттік мекемелер көбіне мемлекеттік бюджет есебінен немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасының) қаржыландырылатын мемлекеттік бюджеттік ұйымдар болады. Бірақ қаржыландырудың қосымша қайнар көздері нормативті бекітілуі де мүмкін.

Құқықтық мәртебесі екі үлгідегі мемлекеттік мекемелердің біртұтастығы мен айырмашылығы және олардың әртүрлі қатынастардың тараптары болу мүмкіндігі нормативті актілермен бекітіледі.

12 ақпан 1999 жылғы Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысында мемлекеттік мекеме түсінігін анықтаудың қадамдары жасалған және мемлекеттік мекеме – мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік орган және мемлекеттік мекеме [14]. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарымен құрылатын мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындауға уәкілеттік берілген мемлекеттік орган.

Мемлекеттік орган өзінің қызметін Конституцияға, Қазақстан Республикасының заңдарына, Президенттің актілеріне Қазақстан Республикасының Үкіметінің актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сонымен қатар мемлекеттік орган туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады [29].

Мемлекеттік орган заңды тұлға болып табылады, өзінің мөрі және штаптары өзінің мемлекеттік тілдегі атаулары, бекітілген үлгідегі бланкалары және заңға сәйкес банкілерде есеп шоттары болады.

Мемлекеттік орган құқықтық қатынастарға өз атынан түседі. Мемлекеттік орган құқықтық қатынастарға мемлекет тарапынан түсу құқығы болады, егерде оған заңға сәйкес уәкілеттілік берілсе.

Мемлекеттік орган заңмен бекітілген жағдайда өз уәкілеттіліктері бойынша актілер шығарады және ол сәйкес аумақ бойынша міндетті болады.

Зерттеуші Г.К. Құнанбаева мекеменің мәртебесін қарастыру кезінде мекеменің және азаматтық құқықтың өзге де субъектілерінің қатысуының бастамасының теңсіздігін көрсетеді және осыған байланысты мекеменің контрагенттері үшін тиімсіз жағдайдың болуын атап өтеді [30, 269]. Автор сонымен қатар мемлекеттік орган болып табылатын және табылмайтын мекемелер қызметін ұйымдастырудың ерекше белгілерін атап өтпейді.

Біздің ойымызша бұл ерекшеліктер мынада: жеке-құқықтық қатынастарда мемлекеттік мекеменің қатысуын мемлекет атынан және өзіне берілген уәкілеттіліктер шеңберінде өз атынан қатысатын мемлекеттік органның қатысуы деп қарастырамыз.

Егер мемлекеттік мекеме мемлекеттік орган ретінде мемлекет атынан әрекет етсе, онда құқықтық қатынастардың қатысушысы мемлекет болады. Біздің ойымызша қатынастардың конструкциясын анықтаған кезде күрделі жағдайлар туындайды ол мүліктік қатынастарда мемлекет өз атынан әрекет еткен кезде орын алады.

Тәжірибеде және құқық теориясында мұндай қатынастардың нақты субъектісін-қатысушысын анықтаған кезде шатасу болады. Мысалы, мемлекеттік бағдарламалар бойынша инновацияға қатысты контрактілерде контрактінің бір тарабы ретінде Уәкілетті мемлекеттік орган және инновациялық қызмет субъектісі қатысады. Жер қойнауына байланысты инновацияларда мемлекеттің мүдделерін қорғайтын мемлекеттік орган өз атынан әрекет етсе де мемлекет ерекше меншік иесі ретінде қатысады.

Бұл қарастырылған мысалдар авторлар арасында дау туғызады және мемлекет шарттың бір тарабы ретінде контрактіге қатысады деген тұжырым жасауына негіз болады. Біздің ойымызша, мемлекеттік меншікке билік етуге уәкілеттілік берілген мемлекеттік орган әртүрлі құқықтық қатынастарда мемлекет мүддесін білдіретін ұйым. Сондықтан Конституцияның 3-бабында мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді-деп қарастырылған болатын [1].

Бюджеттік ұйымдар инновациялық қызметтің субъектісі ретінде қатыса отырып, мемлекеттік мекеменің бір түрі болып табылады. Бюджеттік ұйымдар мемлекеттік орган емес. Мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеменің үлгілік жарғысында мемлекеттік мекеме заңды тұлғаның мәртебесіне ие, коммерциялық емес сипаттағы функцияларын жүзеге асыру үшін құрылған, мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы мемлекеттік орган құру туралы шешім қабылдайтын Қазақстан Республикасы Пре-

зидентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің тұрғысында мемлекет мемлекеттік органның құрылтайшысы болып табылады. Яғни мемлекеттік органдар мемлекеттік мекеменің-заңды тұлғаның құрылтайшылары.

Мемлекеттік мекемені мемлекеттік басқару органы, сонымен қатар мемлекеттік меншік құқығының субъектісіне қатысты функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган деп қарастырамыз.

Мемлекеттік орган бюджеттік мекеме бола отырып, құрылтайшы-мемлекет атынан уәкілетті орган, мемлекеттік бюджеттік ұйымның меншік иесі ретіндегі мемлекет өкілі, өз кезегінде мемлекеттік орган болып табылмайды және коммерциялық емес сипаттағы мемлекетке қажетті функцияларды орындайды. Бұл функциялар көбінесе білім беру, тәрбиелік, мәдени және өзге де. Инновациялық функция соңғысы құрамында.

Қазіргі кезде мемлекеттік мекеме мемлекеттік орган болып табылмайды және қазыналық кәсіпорындар түрінде, яғни жедел басқару құқығы бойынша қызметін жүзеге асыратындар. Олар мемлекеттен дотация алатындар.

Біз мемлекеттің құқықтық қатынастарға қатысуы ерекшеліктері туралы айта отырып, М.И. Брагинскийдің пікірімен келісеміз. Бұл пікір бойынша мемлекет субъектілер жүйесін білдіреді [31, 15].

Біз қарастырып өткен бюджеттік мекемелердің түсінігі бойынша мынадай қорытынды жасауымызға болады: мемлекет өзінің функцияларын орындауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік аппарат құрады, олар мемлекеттік органдар, сонымен қатар мемлекеттік заңды тұлғалар.

Мемлекеттік бюджеттік ұйымдар мемлекеттік мекеме ұйымдық-нысанында құрылады және келесідей түрлері бар: мемлекеттік орган ролін орындайтын бюджеттік мекеме және мемлекеттің мүдделерін қамтамасыз ететін шаруашылық қызметтің коммерциялық емес түрін жүзеге асыратын бюджеттік мекеме.

Бұл мекемелердің ерекшеліктері олардың құқықтық жағдайын анықтаумен байланысты, атап айтқанда құқықтық қатына-

старға қатысу тәртібімен байланысты. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік органның ролін орындай отырып екі түрлі мәртебеге ие болады. Заңнамаға жария бюджеттік мекеме деген ұғымды енгізуіміз керек және оның мәртебесін жария-құқықтық және жеке-құқықтық қатынастардың қатысушысы ретінде анықтауымыз қажет.

Басқа орталық атқару органдары да инновациялық қызметті жүзеге асыру кезінде қатысады және өздерінің өкілеттіліктері шеңберінде инновациялық қызмет аясындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Сонымен қатар инновациялық қызметті дамытуға бағытталған мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларды жүзеге асырады. Біз нормативтік актілерде бекітілген орталық атқару органдарының инновациялық қызметті жүзеге асыру кезінде өкілеттіліктерін былай топтастыруымызға болады:

1) өз өкілеттіліктері шегінде инновациялық қызмет саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) өз өкілеттіліктері шегінде инновациялық қызметті дамытуға бағытталған мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларды іске асыру.

Ал жергілікті атқару органдары өздерінің өкілеттіліктері шеңберінде инновациялық қызметті дамытуға арналған аумақтық бағдарламаларды жасайды, жүзеге асырады және оларға құқықтық, ұйымдастырушылық, және өзге де қолдауларды көрсетеді. Сонымен қатар инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысады.

Дамыған елдерде инновациялық экономикаға көшу үшін біртұтас инновациялық жүйеге көшу қажеттігін түсінді. Бұл жүйе экономикаға және қоғамға қажетті өнімге, қызметке қатысты жаңа ғылымды қалыптастырады. Бұл ұлттық инновациялық жүйе қаржылық инфрақұрылымдарды бар мемлекеттің белсенді қатысуы арқылы қалыптасады және ғылыми, инновациялық қорларды қолдайды. Ғылыми және инновациялық қорлар нақты қалыптастырылған логикасы бар қызмет механизімімен тексерілген.

Ғылыми және инновациялық қорлар инновациялық қызметтің әртүрлі сатысында қолдау жасайды.

Бұл салада мемлекеттің негізгі мақсаты инновациялық қызмет және ғылымды қаржыландыру және «үздіксіз инвестициялау» механизмі бойынша қорлар жүйесі арқылы құру. Бұл жерде біз «ғылым-технология- өндіріс-нарық» байланысы бойынша жүзеге асырыуымыз қажет.

Қазіргі кезде біздің басты назар аударатынымыз «бастапқы» инвестиция. Ғылым сийымдылығы жоғары компанияларға даму сатысында инвестиция беру, тарту. Бастапқы кезде жас инновациялық компанияларда өздерінің бизнесін дамыту үшін қажетті ресурстары болмайды, тиісті қамтамасыз етудің жоқтығы және салынған қаражаттардың қайтарылуына кепілдіктің болмауы, әсіресе қазіргі кезде банктік несие ала-алмау, коммерциялық заем ала-алмау немесе өздерінің бағалы қағаздарын қор биржасында орналастыра алмау секілді кедергілерді кездестіреді.

Әлемдік тәжірибе қор жүйесі арқылы мемлекет шағын технологиялық кәсіпорындарға конкурстық негізде қаржылық көмекті дамудың бастапқы сатыларда көрсететін дәлелдейді.

Бұл жүйе ғылыми-зерттеулерді өңдеу сатыларында компанияларға қаржылық ресурстар беретін қорлар, дамудың бастапқы сатысында ғылыми-зерттеулерді өңдеу үшін компанияларға қаржылық ресурстар ұсынатын қорлар, сонымен қатар кепілдік қорлары.

Мемлекеттің инновация аясындағы ролін мемлекеттік органдар арқылы қарастыра отырып, біз бүгінгі күні инновацияның дамуы қазақстанда тек қана даму үстінде және инновациялық қызмет негізінде әрекет ететін өндірісті мемлекеттік қолдау қажеттігін көреміз. Инновациялық белсенділік бұл экономикалық құлдырау болғанның өзінде өздігінен де дами береді. Бірақ біз нарықтың мемлекетпен реттелетінін есте ұстауымыз қажет.

Ғылым – бұл ұлттық ресурс, сондықтан оның сақталуына және қолданылуына мемлекет қоғам алдында жауап береді.

Инновациялық қызметті жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік заңды тұлғалардың құрылуына қатысты біршама нормативтік актілер бар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысы Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға ар-

налған Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының өңдеуші өнеркәсібінің ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. «Ғылыми-инновациялық қызметті институционалдық қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 ж. 1 тамыздағы № 775 қаулысы бойынша жарғылық капиталында даму институттары жүйесінің қалыптастыруына негізделген мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен мынадай акционерлік қоғамдар құрылды:

1) «Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы»;

2) «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы».

Инжиниринг орталығының негізгі міндеттері мыналар:

– технологиялардың сыртқы және ішкі рыноктарының маркетингі және осы саладағы дамудың әлемдік үрдістерін талдау және инжинирингтік қызметтер көрсету;

– озық шетелдік технологиялар, өзге де инновациялық өнімдер трансферті және оларды Қазақстан Республикасында енгізу;

– технологиялар трансферті кезінде консультациялық, ақпараттық, заңдық және өзге де қызметтер көрсету [32].

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінен Орталықтың жарғылық капиталын қалыптастыруға 100000000 (жүз миллион) теңге;

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінен Инжиниринг орталығының жарғылық капиталын қалыптастыруға 100000000 (жүз миллион) теңге;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінен бастамашылық және тәуекелді ғылыми зерттеулер гранттары түрінде мақсатты қаржыландыру үшін Ғылым қорына белгіленген тәртіппен оларды аудару үшін 100000000 (жүз миллион) теңге бөлінген болатын [32].

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитеті Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің құзыреті шегінде және заңнамаға сәйкес іске асы-

рушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, жетекшілік ететін өнеркәсіп саласында (оның ішінде тау-кен металлургия, химия, өнеркәсіптің өңдеуші салаларында, ірі ауыл шаруашылық машина жасау, фармацевтика және медицина өнеркәсібі салаларында), сондай-ақ қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы Қазақстан Республикасының индустриялық, ғылыми-технологиялық және инновациялық даму саласында қызметті салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады. Комитеттің миссиясы ғылымды қажетсінетін және жоғары технологиялық өндірістердің ұлттық экономиканың жалпы көлеміндегі үлесін ұлғайтуға бағытталған индустриялық, ғылыми-технологиялық, инновациялық дамыту мемлекеттік саясатын іске асыру. Комитеттің мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін функцияларына өндірістік, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті, оның ішінде ғылым мен техниканың жаңа әлемдік жетістіктерін пайдалана отырып, дамыту және қамтамасыз ету саласында мемлекеттік қызметтер көрсету анықталған. Жұмыс істеп тұрған және құрылатын кәсіпорындарды, қаржыландырылатын жобаларды, қаржыландыруға дайын инвестициялық және инновациялық жобаларды ескере отырып, өңірлер бөлінісінде Қазақстанның цифрлық электрондық өнеркәсіптік картасын жасау кезінде мемлекеттің инновациялық бағдарламасының басымдылықтары ескерілуі тиіс.

Мемлекеттің инновациялық үрдіске қатысты функциясын жүзеге асыратын органдардың көп болуы олардың функцияларының қайталануына да әкеліп соқтырып жатыр. Сондықтан инновациялық жүйе қалыптастыратын болсақ уәкілеттіліктер де айқын болар еді.

Инновациялық бағдарламалардың республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатынын ескере отырып ғылыми зерттеулердің деректер банкіні қалыптастыру қажет. Бұл бір жүйеден реттеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар экономиканың нақты секторына технология-

ларды беруді жүзеге асыру қажет. Мемлекет стратегиялық маңызы бар секторларды азаматтық заңнамамызда бекіткен болатын.

Бюджет қаражатынан орындалған зерттеулер нәтижелеріне мемлекеттік технологиялық сараптамалар жүргізуіміз қажет және оларды одан әрі өндірістік игеру және енгізу үшін ұсыныстар беру жоғарыда аталып кеткен комитетке жүктелген.

Даму институттарымен және мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Мүмкіндікті технопарк» бірыңғай ақпараттық жүйесін толықтыру үшін инновациялық жобалар мен ғылыми эзірлемелердің деректер банкін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізу қажеттігі туындаған болатын. Әрине, деректер базасы қалыпты жүзеге асырылса, жобалар мен ғылыми эзірлемелердің қаржыландырылуы туралы ақпаратты да қарастыруымызға болар еді.

Сонымен қатар, комитет инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау жөніндегі және өнеркәсіптің жекелеген салаларын дамыту жөніндегі шараларды эзірлеу туралы шешімдер қабылдауға, салааралық инновациялық бағдарламаларды іске асыруға қатысуға, халықаралық инновациялық, ғылыми-техникалық және технологиялық ынтымақтастықты дамытуға қатысуға; инновациялық инфрақұрылым субъектілерін инновациялық жобалармен және ғылыми эзірлемелермен толықтыру жөніндегі мәселелерді қарауға құқылы. Бұдан шығатын қорытынды комитетке берілген өкілеттілік шеңберінің кеңдігі.

Қорыта айтқанда, инновациялық жүйені қалыптастырудың бастапқы барысында, инновациялық кәсіпорындарды дамытудың бастапқы барысында жинақталған инновациялық инфрақұрылымның бөлігі болуы тиіс және «технологиялық бизнес-инкубаторлардың» жүйесін Қазақстанда құру инновациялық кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Инновациялық қызметті мемлекеттік реттеу кезінде бір жүйеден мемлекеттік органдар реттеп отыру үшін жоғарыда аталған органдарды біріктіру қажет деп санаймын.

1.2 Мемлекеттік инновациялық саясат Қазақстанның постиндустриалдық даму негізі ретінде

XX ғасырдың басында танымал экономист И.А. Шумпетер инновациялық қызметтің теоретикалық жүйелілік негізін қалаған болатын. И.А. Шумпетердің айтуынша «Мемлекеттік инновациялық саясатты мемлекеттің өндіріске жаңа өнімнің түрлері мен жаңа технологияны шығару мақсатында, сонымен қатар отандық тауарларды өткізу мақсатында мемлекеттің ықпал ету әдістерінің жиынтығы» [33, С. 183-184].

Индустриалды саясат жаңа ұрпақтың қызметінің дамуымен өндірісті инновациялық қайта құруды жүргізумен байланысты.

Инновациялық саясат қолданбалы білімнің және ғылыми-техникалық нәтижелердің қолданылуының өсуі мақсатында ғылым мен ғылыми-техникалық дамуды мемлекеттік реттеуді қарастырады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін капитализмнің әлемдік жүйесі өзгеріске ұшырап, монополистік немесе трансұлттық капитализмнің жаңа белгілері пайда болды.

Мұндай өзгеріс әлемдік сауданың едәуір өсуімен, трансұлттық компаниялардың пайда болуымен, шетелдік инвестициялардың елеулі түрде артуымен және сауда шарттарының ырықтануымен сипатталады. Халықаралық валюта қоры және Дүниежүзілік банк сияқты институттар пайда болды.

Егер елуінші жылдары әлемдік экономика дүние жүзіндегі барлық елдердің ұлттық экономикасының жиынтығы болса, ал 60-жылдардан бастап корпорацияларды трансұлттық белгілері бойынша ұйымдастыру үрдісі көрініс бере бастады.

Тоқсаныншы жылдарға қарай тауарлар мен қызметтер өндіру процесі толымсыз сипат алып, әлемнің барлық елдері бойынша шашыраңқы орналасты. Қаржы-өнеркәсіп капиталы трансұлттық сипатқа ие болды.

Дамыған және дамушы елдер арасындағы шеткері аймақтар шикізат жеткізуге, ал орталық оны өндеп, шетке қайта жеткізуге негізделген дәстүрлі қарым-қатынастар айтарлықтай өзгерді.

Ғаламдық капитализм жағдайында дамушы елдер өндірістік процесс тізбегіне тартылып, қосылған құны барынша төмен тауарлар өндірісінің салыстырмалы төменгі сатысындағы тауарларды өндірумен айналысты.

Стратегияда анықталғандай әлемде индустриялық саясат жүргізудің мол тәжірибесі жинақталған. Санаулы елдердің ғана экономиканың бір өнімге тәуелділік проблемасын ойдағыдай шешіп, өз өнеркәсібін әр тараптандыра алғанын атап өтуге болады. Экспорттың құрылымын әртараптандыру үшін индустриялық саясатты қолдану түрлі елдердің тарихи өткен кезеңінде импортты алмастыруға және экспортқа бағдарланған саясаты мысалдарынан айқын байқауға болады. Негізінен осындай саясат қолданылған Латын Америкасы (Мексика және Бразилия) және Шығыс Азия (Оңтүстік Корея және Сингапур) елдеріне жасалған талдаудан экспортқа бағдарлану арқылы тұрақты экономикалық өркендеуге қол жеткізуге болатындығы туралы негізгі қорытынды жасауға болады.

Тарихи өткен кезеңде Латын Америкасы елдері де, Шығыс Азия елдері де импорттың орнын басу және экспортқа бағдарланған кезеңдерінен өткен. Шығыс Азия елдерінің белгілі бір кезеңде импортты алмастыру саясатынан бас тартып, экспортты қолдау саясатына көшуі, ал Латын Америкасының импорт алмастыруға ерекше көңіл аударуы осы елдердің ерекшелігі болып табылады.

Біз қарастырып отырған Стратегияда Дүниежүзілік Банк жүргізген және жетекші әлемдік экономистерді, оның ішінде Нобель сыйлығының иесі Дж.Стиглицті тарта отырып, 1993 жылы жарияланған (East Asian Miracle, 1993) Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің (бұдан әрі – ОША елдері) экономикалық феноменіне терең зерттеу жүргізулер ОША елдерінің үкіметтері қолданған индустриялық және инновациялық дамуға негізгі тәсілдерді жинақтауға мүмкіндік берді деген қорытындылар бар.

Стратегия – инновациялық даму негіздерін экономикалық өсу мен дамудың қазіргі заманғы теориясын анықтай отырып, оларды 2 негізгі тәсілдер шеңберінде жүйелендіруді атап өтеді. Біріншіден, шоғырландыру теориясы. Осы тәсіл шеңберінде 1960

жылдар мен 1990 жылдар аралығындағы 35 жылдық мерзімде әлемнің кедей елдері қатарынан неғұрлым жоғары кірістері бар елдер тобына біріккен ОША елдерінің төтенше экономикалық өсуінің негізгі себебі инвестициялық «серпіліс» болып табылады. Қорланымдар мен инвестициялардың жоғары деңгейі қарқынды экономикалық өсуді қамтамасыз ететін басты фактор.

Экономистер арасында кең таралған екінші теория – бұл сіңіріп алу теориясы, онда кәсіпкерлердің жаңа дағдыларды меңгеруі, өнімділікті арттыру, инновацияларды енгізу, оқыту жүйелерін енгізу.

Шоғырландыру теориясы экономиканың дамуын негізгі қорларға инвестициялардың жедел қарқынымен түсіндіреді, ал сіңіріп алу теориясы материалдық емес, активтерге инвестицияларға: технологияларға, адам капиталына, білімге назар аударады [34].

Екі теория арасындағы басты айырмашылық мынадай 4 факторға негізделеді: бизнес шешімдерді қабылдау процесі; технологиялардың маңызы; биік деңгейде оқытылған жұмыс күшінің экономикалық мүмкіндіктері; экспорттың ролі.

Осы құжат бойынша шоғырландыру теориясы тұрғысынан компанияның немесе корпорацияның ішкі құрамдас бөліктерінің шағын мәні бар және олардың пікірі бойынша инвестициялық шешімді қабылдаудың басты өлшемі табыстылық болып табылады. Бұл ретте, табыстылық баға мен өзіндік құнның сыртқы факторларымен белгіленеді деп қарастырылса, сіңіріп алу теориясы бұл процесі бірінші кезекте компаниялардың ішкі факторлары тұрғысынан қарастырады. Инвестициялау туралы шешім қабылдау кезінде – табыстылық белгісіз, ал шешімді қабылдау осы компаниядағы жеткілікті зияткерлік және адам капиталының болуымен айқындалатын өзгерістерге компанияның дайындығы мен менеджменттің тәуекелге дайындығына көп жағдайда тәуелді.

Жалпы алғанда жаңа ғаламдық экономикалық жағдайды қалыптастыратын әлемдік экономикадағы басым үрдістерді төмендегіше жіктеуге болады:

- дамыған елдерде индустриялық экономикадан сервистік-технологиялық экономикаға өту;
- ғаламдану;
- экономиканы ырықтандыру;
- ғаламдық бәсекенің артуы және өңірлік ықпалдасу.

Жиырмамыншы ғасырдың соңғы ширегінде экономикалық дамыған елдер индустриялық даму сатысынан аса жоғары сервистік-технологиялық экономикаға өтті. Бұл елдерде ішкі өнім үлкен бөлігі қызмет көрсету секторында қалыптасады. Мұндай қызметтердің айқын байқалатын ғылыми және инновациялық негізі бар.

Экономикасы дамыған елдерде зияткерлік ресурстар және қаржы капиталы шоғырланған, ал индустриялық өндіріс, әсіресе, еңбекті көп қажет ететін өндірістер біртіндеп әлемнің экономикалық даму тұрғысынан неғұрлым артта қалған елдеріне ауысуда [34].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан жаһандық экономикада әлемдік тауар рыноктарына мұнай, газ, қара, түсті, табиғатта сирек кездесетін және қымбат металдар мен уран өнімдерін шығаратын ел ретінде қарастырылды. Ауыл шаруашылық өнімдерінен астық экспортының келешегі бар.

Қазақстанда пайдалы қазбалардың ірі қорларының болуы оның салыстырмалы экономикалық артықшылығы болып табылатындықтан, ол қазіргі уақытта классикалық экономика сценарийі бойынша дамуда.

Өндірістің және шикізат ресурстары экспортының қарқынды дамуы экономикаға экономикалық дағдарыстан шығып, соңғы үш жылда экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Өнеркәсіптің шикізат салаларына шетелдік инвестицияларды тарту және қаржы саласында құрылымдық-институционалдық өзгерістерді жүзеге асыру жөнінде мемлекеттік саясаттан жүргізілуіне байланысты Қазақстан экономикасының дамуында ілгерілеу байқалуда және әлемдік дағдарысты әзірге жеңіл өткеруде және ұзақ мерзімді кезеңде индустриялық сервистік-технологиялық даму сатысына өтуге мүмкіндік беретін қаржы ресурстары жинақталуда.

Бүгінгі таңда Қазақстанды әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикадағы мемлекет ретінде мойындап отырғанын атап өту керек, ол ТМД елдерінің ішінде бірінші болып инвестициялық ел рейтингісіне ие болды.

Дүниежүзілік Банк Қазақстанды әлемдегі инвестиция салуға ең тартымды 20 елдің қатарына қосты. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан экономикасына 21 млрд. астам АҚШ долл. тартылды.

Стратегиялық тұрғыдан алғанда қабылданған үлгіге сәйкес, Қазақстан бәсекелестікке және әлемнің барлық елдерімен өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға негізделген тауарларды, қызметтерді, капиталды және жұмыс күшін экспорттауға бағдарланған ашық экономикалы ел ретінде қалыптасады.

Инновациядан күтілетін нәтиже бойынша 2001-2002 жылдары ішінде ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқыны 11,5 % құрады. 2010 жылы ЖІӨ екі есе ұлғайту үшін оның орташа жылдық өсу қарқыны 7,2 % болуы керек.

Стратегиялық жоспарды іске асыру саласында ел экономикасының жақсы қарқын алғанын атап өту керек. Орта мерзімді кезеңде қарқынды дамуды жалғастыру және сонымен қатар экономика мен әлеуметтік салада сапалы өзгерістер жүргізу керек.

Сонымен қатар Қазақстан отын және минерал шикізатының ірі әлеуетін шоғырландырған шағын экономика ретінде өндірістің өңдеуші салаларына инвестициялар үшін тартымсыз. Бұл шикізат ресурстарына жағдаяттың өзгеруіне қатысты ел экономикасын осал әрі тәуелді етеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шикізат ресурстарына бай кейбір дамушы елдер тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізбей, шикізаттың әлемдік тауар рыноктарында жағдаяттың өзгерістеріне тым тәуелді болып қала береді.

Экономиканың шикізат секторларынан едәуір табысқа ие болып, мемлекет пен жеке сектор экономиканың жаңа салаларын дамытуға ынталанбайды. Сонымен бірге ресурстар қоры мардымсыз немесе тапшы елдер жанталасып күн кешу шегінде болатындықтан, экономиканың жаңа секторларын дамытуға үнемі әрекет жасайды. Алайда ұзақ мерзімді келешекте шикізат қоры

сарқылады, бұл пайдалы қазбалардың кен орындары толықтай пайдаланылғаннан кейін тұрақты даму тұрғысынан алғанда елеулі проблемалар туғызады.

Экономиканың шикізат секторынан алынатын ірі кірістерден шектен тыс толығу қаупін ескере отырып және мұнай бағасының күрт төмендеуінің зардаптарын болжау негізінде Қазақстанда Ұлттық қор құрылды, онда мұнай мен түсті металдарға әлемдік баға деңгейінің белгіленген қалыпты шектен асып кетуінен түсетін кірістер жинақталады.

Бұл шара, сондай-ақ қазақстандық қаржы жүйесіне түсетін валюта қысымын жоюға және экспортты ынталандыратын және дайын өнімнің импортын тежейтін теңгенің айырбас бағамын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылымдық-институционалдық реформалар саласындағы жетістіктерді, қаржы секторы сенімділігінің артуын және елдің экспорттық әлеуетінің жедел қарқынмен өсуін айта отырып, өнеркәсіптің өңдеуші салалары, сондай-ақ өндірістік сипаттағы қызметтер көрсететін салалар тиісінше дамымай отырғанын атап өту керек. Сондықтан экономиканы диверсификациялауға бағытталған индустриальды-инновациялық стратегияны іске асыруды қалыпты жағдайға жеткізу міндеті жүктеліп отыр.

Бұл бағытта Қазақстан үкіметі тың жобаларды қолға алып отыр. Өңдеуші өнеркәсіпте металлургия өнеркәсібі ғана сыртқы рынокта бәсекеге түсе алады. Тамақ өнеркәсібінің кейбір өнімдері осыған ұқсас шетелдік өнімдермен ішкі рынокта ғана бәсекеге түсе алады, ал өңдеуші өнеркәсіптің қалған өнімдері бүгінгі таңда тікелей және жанама субсидиялардың есебінен ғана ұсталып отыр. Бұл электр энергиясына, жағар майға, өнімді тасымалдауға төмен және экономикалық тұрғыдан негізделмеген тарифтің белгіленуінен, кедендік қорғау баждарын белгілеуден көрініс беруде. 2003 жылға дейін өнеркәсіптің кейбір (машина жасау, тоқыма, тігін, былғары аяқ киім, резина және пластмасса бұйымдарын өндіру, химия өнеркәсібі) салаларына бюджет алдында жол берілген бұрынғы берешектерін төлеу өсімі есептелмей кейінге қалдырылды.

Қазақстанның қазіргі таңдағы экономикасында ішкі рынокта тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы мен өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы өзекті мәселе болып отыр. Ішкі және сыртқы рыноктың алшақтамауына қажетті фактор болып табылатын әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі байқалуда.

Ғылыми-техникалық өнімді тауар деңгейіне дейін жеткізудің ықпалды тетіктерінің болмауы, соның салдарынан тұтастай алғанда инновациялық ұсыныстар деңгейінің төмен болуы да ел экономикасының өзекті мәселесі.

Сонымен қатар мұнай-газ және кен-металлургиялық кешенге жатпайтын экономика салаларында негізгі қорлардың тез тозуы мен кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалуы, инновацияны толық енгізбеу, ҒЗТҚЖ-на қаржының аз бөлінуі, отандық ғылымның нарықтық экономика жағдайларына нашар бейімделуі орын алуда. Сондықтан мемлекет барынша қаржымен қамтамасыз ету және мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыруды стратегиялық мақсат ретінде қарастыруы қажет.

Жоғарғы ішкі өнімнің 1 долларына электр энергиясының жұмсалудың деңгейі бойынша, сондай-ақ экономика салаларындағы еңбек өнімділігі бойынша кейбір индустриялық дамыған елдерден 7-10 еседен астам артта қалып отырмыз.

Қазіргі уақытта қолданылып жүрген кәсіпорынның қарауында қалған пайда есебінен негізгі құралдарды жаңартуға қаржы ресурстарын жинақтау тәртібі моральдық тұрғыдан ескірген жабдықты ауыстыруға ынталылық туғызбайды және оны жаңартуда белгілі бір дәрежеде тежеуші болып отыр.

Осы орайда экономика құрылымының өзгеруі, күнделікті өмір, іскерлік орта және мемлекеттік басқару, сонымен қатар цифрлы үрдістерді біріктіретін кеңістік, өзара іс-қимыл құралдары, ақпараттық ресурстар, реттеу нормаларын, ұйымдастыру тетіктерін қолға алу сұралып отыр.

Қазіргі кезде Қазақстанда инновациялық қызмет даму мен бірқатар қиыншылықтарға тап болып отыр. Бұл реформа жүргізілгенге дейін үлкен ауқымды инновациялардың мемлекетпен жүзеге асырылғандығына байланысты. Қазіргі кезде елімізде маңызды технологиялық құрылымдар, ғылыми-техникалық база және жоғары дайындықты мамандар бар, жалпы экономикалық жағдай инновациялық потенциалдың ғылыми нәтижелерді жүзеге асыруда көп маңызын тигізеді. Инновациялық потенциалды жүзеге асырудағы негізгі қиыншылықтар бюджеттік және бюджеттен тыс қаржыландырудың шектелуімен байланысты. Қаржылық шектелу, заем және тартылатын қаражаттар тапшылығы және ұйымдардың өздерінде инновацияны дамытуға байланысты қаражаттарының жетпеуі инновациялық ресурстарға деген тапшылық инновацияның дамуына кедергі келтіруде. Сонымен қатар қаражаттардың тапшылығы инновациялық белсенділіктің төмендеуінің бірден бір факторы емес. Біз сонымен қатар инновациялық инфрақұрылымдарды жетілдіруге көңіл бөлуіміз керек. Соның ішінде инновациялық тәуекелді сақтандыру, венчурлық қорларды жетілдіру. Біздің ойымызша инновациялық тәуекелді сақтандыру институтын қалыптастыруымыз қажет. Осы мәселелерді шешу үшін мемлекеттік инновациялық саясат жүргізіледі. Мемлекеттік инновациялық саясат – әлеуметтік-экономикалық саясаттың инновациялық қызметті дамыту мен ынталандыруға бағытталған құрамдас бөлігі. Мемлекеттік инновациялық саясаттың мақсаты – өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларында бәсекелестікке қабілетті, жоғары технологиялық өнімдердің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) басымдығын қамтамасыз ететін теңдестірілген өндірістік инфрақұрылым болып табылады.

Мемлекеттік инновациялық саясат:

1) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындау және негізінен ғылым мен техника жетістіктеріне сүйеніп әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

2) инновациялық қызметті дамыту мен инновациялық қызмет субъектілерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру;

3) инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау және инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

4) экономиканың жаңа жоғары технологиялық секторын қалыптастыру, экспортқа бағдарланған өндірісті жаңғырту және құру;

5) инновациялық қызметке шағын және орта бизнес субъектілерін тарту;

6) ғылымның, білімнің, өндірістің және қаржы-кредит саласының өзара ықпалдастығын қамтамасыз ету;

7) инновациялық қызмет саласында халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу, ұлттық мүдделерді және интеллектуалдық меншікті қорғау міндеттерін шешуге бағытталған [34].

Мемлекеттік инновациялық саясат отандық өнімнің бәсеке-лестік қабілеттілігін арттыру, елдің экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс деңгейін көтеру үшін инновациялық қызметтің басымдығын тануды негізге ала отырып қалыптастырылады және іске асырылады.

Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының дамудың инновациялық жолына ұстанған стратегиялық бағдары;

2) мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыруға бағытталған инновациялық бағдарламалар мен жобаларды мемлекеттік қолдау;

3) инновациялық қызмет үшін біліктілігі жоғары кадрлар даярлау;

4) қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, инновациялық қажеттіліктер мен ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет нәтижелері туралы ақпаратты алу және тарату еркіндігі мемлекеттік инновациялық саясаттың қағидалары болып табылады.

Инновациялық қызметке тән мынадай қағидаларды қарастыруға болады: біріншіден, инновациялық қаржыландыру ілгері ғылымға бағытталу, екінші қағида қолданбалы қаржыландырылады, егер жалпыұлттық қажеттіліктерге бағытталса (космос, байланыс, қорғаныс, компьютерлендіру). Үшіншіден, Мемлекет жаңа қаржыландыруға тиек болады, яғни салықтық жеңілдіктер арқылы, патенттеу ережелерін өзгерту арқылы.

Мемлекеттік инновациялық саясаттың Үкіметтің концепциясы түрінде жасалады және мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың бір бөлігі. Ол алдыңғы қатарлы инновациялық жобаларды қолдаудың инновациялық стратегиясын және механизмін анықтайды. Біз қазіргі кезде қазақстандық экономикада өндірістік күштердің табиғи және моральдық тозуы батыс өндірушілерімен бәсекелестікке ішкі рыноктың өзінде төтеп бере алмауда. Бұдан мемлекеттің аталған мәселелерді жою үшін инновациялық саясатты өңдеу және жүзеге асыру қажеттігі туындайды. Мемлекеттік инновациялық саясаттың мақсаты қысқа мерзімде өндірісте интеллектуальдық және ғылыми-техникалық потенциалды жоғары тиімділікпен қолдану. Сауаттылықпен жүргізілген мемлекеттік инновациялық саясат экономикадағы құлдырауды жою, оның құрылымдық қайта құруын қамтамасыз ету және әртүрлі бәсекеге қабілетті өніммен қамтамасыз етудің құралы болып табылады. Инновациялық саясатты жүзеге асыру негізгі бағдарламамен жүзеге асырылатындықтан оны іске асыру бірнеше көрсеткіштермен байланысты: 2025 жылға қарай мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу:

1) өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,6 есеге нақты өсуі;

2) өңдеуші өнеркәсіп экспорт көлемінің 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,9 есеге өсуі;

3) өңдеуші өнеркәсіп негізгі капиталына салынған инвестициялардың нақты көлем индексінің 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1,6 есеге өсуі;

4) 2018 жылғы деңгейге қарағанда экономикалық белсенді халықтың 1000 адамына шаққанда өңдеуші өнеркәсіптің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының санын 1,5 есеге ұлғайту;

5) Экономикалық күрделілік индексі (Гарвард) 78-орыннан 55-орынға дейін (-0,31 балдан 0,14 балға дейінгі деңгейге) арттыру. Бұрынғы қолданыста болған Стратегияда: бірінші - 2003-2005 жж., екінші - 2006-2010 жж., үшінші - 2011-2015 жж. бойынша анықталды. Бірінші кезең (2003-2005 жж.) басты түрде дайындық сипатындағы іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты болды. Стратегияны табысты түрде іске асыру мақсатында Қа-

зақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жаңа заңдар әзірлеу, инвестициялық және инновациялық жобаларға мемлекеттің қатысуын қамтамасыз ететін мемлекеттік институттар құру, инновацияға талдау жүргізу жөнінде мамандарды даярлау, мемлекеттің қатысуымен іске асырылатын тиімді жобаларды айқындауды қолға алуды көздейді. Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті экономиканың үлгісін таңдай отырып, бәсекелестікке қарымы мол басым салаларды дамытуға басымдық берді.

Екінші кезең (2006 – 2010 жылдар) Стратегия іс-шараларын экономиканың барлық салаларында белсенді іске асыру кезеңі болып отыр. Бұл халықаралық стандарттар бойынша ғылым мен техникалық жетістіктер негізінде қуаттарды құру, сондай-ақ қажетті мамандарды даярлау жөніндегі мәселелерін кешенді шешуге мүмкіндік беруді.

Ғылыми-инновациялық инфрақұрылым негізінен қалыптасып келеді. Біз қазіргі кезде осы екінші кезең бойынша инновацияның жүзеге асырылуын бақылаудамыз.

Бұл кезеңде жеке сектордың, шетел инвесторларының, мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік қаржы институттарының қаржы ресурстары бірыңғай бағытта жұмыс істеп, инфрақұрылымды дамыту, қайта жаңғырту, жұмыс істейтін кәсіпорындарды кеңейту және жаңа өндірістер құру проблемаларын кешенді түрде шешу міндеттерін жүзеге асыруда. Бұл ретте ірі, орта және шағын кәсіпорындарды үйлесімді дамыту қамтамасыз етілуде.

Кейбір кәсіпорындарды құру нормаларын ескере отырып, индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың алғашқы нәтижелерін көруімізге болады. Атап айтқанда еліміздің түкпір-түкпірінде құрылып жатқан инновациялық кәсіпорындар.

Өнеркәсіпті жаңғыртуға және экономика құрылымын әртараптандыруға бағытталған көптеген жобаларды іске асыру басталды.

Экономиканы әртараптандыру саласындағы бірқатар ілгерілеуге қарамастан экономиканы дамыту негізінен мұнай мен газды өндіру және экспорттаудың өсімі есебінен қамтамасыз етілуде.

Болжам бойынша 2010 жылы 2000 жылмен салыстырғанда ішкі өнім екі еселенуі, стратегиялық мақсат мұнай мен газды өндіруді дамыту қарқынының өсуі есебінен іске асады деп болжанған болатын.

Біз дүниежүзілік дағдарыс кезінде ішкі өнімді инновациялық деңгейге көтеру арқылы мемлекет экономикасын ұстап тұра аламыз.

Үшінші кезең – (2011-2015 жылдар) Стратегияны іске асыру бөлігінде аса өнімді болды [34]. Осы кезеңде іске қосылған қуаттарды және жаңа салалар мен рыноктардағы инновациялық өнімді дамытуды жүзеге асыру қарастырылады. Тауарлар мен қызметтер өндірісінің және экспорттаудың өсу қарқыны мұнай мен газ өндірудің өсімінен асып түседі. Экономика салалары мен экспорт құрылымын әртараптандыру жүреді.

Инновациялық саясат, мемлекеттің басқаруындағы ғылымның және ғылыми-техникалық дамудың қолданбалы жүйе мақсатында ғылыми-техникалық нәтижелер пайдалануды қарастырады.

Инновациялық потенциалдың іске асыруының негізгі қиыншылығы бюджетті және бюджетті емес қаржыландырудың шектеулілігі және ұйымдардың өзінде ақшаның жетіспеушілігімен байланысты. Осыған байланысты соңғы жылдары өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі күрт төмен түсті, және болашақта оның қарқынды өсуін болжамдайды. Дегенмен, қаражаттың жетіспеушілігі инновациялық белсенділіктің құлдырауының жалғыз себебі емес.

Инновациялық құрылым ерекше назар мен әбден жетілдіруді талап етеді, яғни онсыз инновациялық белсенділіктің өсуі мүмкін емес. Мемлекеттің инновациялық саясаты осы және басқа да көптеген мәселелерді шешуге тиісті, оның негізгі мақсаты, отандық тауарлардың өтім нарығын кеңейту, мемлекеттің жалпы ішкі өнімін жаңа өнім мен технологиялардың өндірісін игеруін арттыруын қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекеттің инновациялық саясаты Қазақстан Республикасының Үкіметінің концепциясы түрінде жасалынды және мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бөлігі болып табылады. Ол инновациялық стратегияны және басымдылықты инновациялық жобалар-

дың қолдау механизмін анықтайды. Қазақстан экономикасының қазіргі таңдағы негізгі мәселесі болып, оның өндіріс қуатының физикалық және моральді түрде ауқымды тозуынан туындайтын сұрақтар. Сонымен қатар ішкі нарықтағы өндірушілерде көп жағдайда бәсекелестікке қабілетсіздігі бар екені барлығымызға мәлім. Нәтижесінде мемлекеттің инновациялық саясатының жасалу қажеттілігі туды, оның негізгі мақсаты қысқа мерзім ішінде және жоғары тиімділігімен елдің интеллектуалды және ғылыми-техникалық потенциалын өндірісте қолдану жүйесін жасау болып табылады. Сауатты түрде өткізілетін инновациялық саясат қуатты құрал болып табылады, себебі оның көмегімен мемлекет экономикадағы құлдыраудан шыға алады, құрылымдық реформаны қамтамасыз етеді және нарықты түрлі бәсекелестікке қабілетті өніммен толтыра алады.

Мемлекеттің инновациялық саясатының мақсаты мен бағыттары алдымен сол немесе басқа саланың ерекше сипатымен, өндірістің экономикалық потенциалымен және бәсекелестікке қабілетті жалпы өнім деңгейімен анықталады. Мемлекеттің халық шаруашылық кешенінің салаларының бәсекелестікке қабілетті деңгейіне байланысты 3 топқа бөлуге болады. Саланың бірінші тобы жоғары бәсекелестікке қабілетті потенциалы болғандықтан, дүниежүзілік нарықта бұрыннан бері жұмыс жасайды. Бұл жанармай – энергетикалық, химиялық алюминий өнеркәсібінің салалары.

Экономиканың стратегиялық маңызы бар салалары – отын-энергетикалық пайдалы қазбалар (көмір, мұнай, газ, уран және металл кендері) өндіру және қайта өңдеу, машина жасау, химия өнеркәсібі, көлік пен байланыс.

Екінші топтың салалары дүниежүзілік нарықтағы бәсекелестікке қабілетті өнімді шығарады, бұл қорғаныс өнеркәсібі, машина жасау. Үшінші топтасу салалары агроөнеркәсіп, жеңіл және тамақ өнеркәсібінен тұрады. Оның өнімі дүниежүзілік нарықта бағаланбайды, сондықтан олар негізінде ішкі нарыққа бағытталған. Инновациялық саясат осы топтарға қарағанда сипаты, масштабы, ресурстар көлемі жағынан айрықшаланады.

Қазіргі таңда мемлекеттің саясатының маңызды бағыттарының бірі Қазақстан Республикасының 2003 – 2015ж. индустриалды-инновациялық Стратегиясымен анықталған мемлекеттің инновациялық дамуын іске асыру. Қазақстан Республикасы Президентінің «Елдегі жағдай және 2003-2015 жж. ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауында және Қазақстан кәсіпкерлерінің оныншы Форумында айтылған. Стратегия Қазақстанның мемлекеттік экономикалық саясатын 2015 жылға дейін қалыптастырады, елдің тұрақты дамуына экономика салаларының диверсификация жолымен және дамудың мақсатты бағытталуынан анықтауға мүмкіндік береді. Стратегия индустриальды – инновациялық даму жолына көшетін негізгі шекараларды анықтады.

Стратегия мақсаты шынында өте үлкен әсер ететін болжамдардың нәтижесі бойынша Қазақстан экономикалық тұрақты 50 елдің қатарына кіруі керек. Стратегияның сәтті іске асыруының нәтижесінде, экономикалық құрылымдық қайта жаңғырту, эксперттың диверсификациясы және мемлекет дүниежүзілік нарыққа тек шикізатпен ғана емес, сонымен бірге жоғары технологиялық өніммен шығады.

2003 жыл Индустриальды – инновациялық Стратегияны жүзеге асырудың бастамасы болды. Осыған орай Қазақстан Республикасы Индустриальды-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл кезеңде құқықтық қамтамасыз ету жүзеге асырылды. Дүниежүзілік экономиканың жаһандану нәтижесінде Қазақстан экономикасы көптеген қиыншылықтарды өткерді. Негізгі қиыншылықтарға: шикізаттың бағыты, дүниежүзілік экономикамен интеграцияның мөлшерінің аз болуы, мемлекет ішіндегі әлсіз салааралық, аймақаралық экономикалық интеграция, ішкі нарықтағы тауарлармен қызметтерге төмен тұтыну сұранысы, өндіріс және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымаған, өнеркәсіптің жалпы техникалық және технологиялық артта қалуы, ғылым мен өнеркәсіп арасындағы байланыстың болмауы, ғылыми – зерттеу және тәжірибе конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын қаржының аздығы себеп болды және бұл әлі күнге дейін жалғасуда.

Бұл мәселелерді шешу және қойылған мақсаттар мен қиыншылықтарды Стратегия шеңберінде шешу үшін, Даму Банкінен басқа Қазақстанның инвестициялық қоры, экспорты сақтандыру корпорациясы, Инновациялық қорлар белсенді болуы қажет.

Сонымен бірге бұл институттар жаңа және істеп жатқан өндірістерді жоғары қосылған бағамен инвестициялап, ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулерге көмек жасап, перспективті салаларға кешенді анализ негізінде өңдеулер жасап, өте маңызды ғимараттар салу мәселерімен айналысады. Стратегия белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясаттың өткізілуін болжайды, ол өз кезегінде мемлекеттегі ғылым мен инновациялық қызметтің реттеуіне бағытталған.

Инновациялық экономикаға көшу, кадрларды даярлау, ғылыми және қолданбалы зерттеулер, стартаптарды қолдау, озық технологиялар трансфері, венчурлік экожүйе және т.б. құру саласындағы жүйелі реформаларды жалғастыруды болжады. Стратегияда төрт негізгі институт анықталған Қазақстанның Инвестициялық қоры, Қазақстанның Даму Банкі, Инновациялық қор, экспорты сақтандыру Корпорациясы.

Стратегияда анықталғандай, даму институттары жалпы, орталықтандыру, маманданған, бәсекелестік, транспаренттік қағидалары негізінде тұрақты қызмет жасау жүйесін қалыптастыруы керек. Осы қағидалардың мазмұны индустриалды – иновациялық даму Стратегиясына қажет.

Орталықтандыру қағидасының мағынасы қаржыландыру көздерінің көптігі және оның жеке сектордың жағынан да болуы мүмкін. Практикада бұның мағынасы мемлекет өзінің қаржы және ақпараттық ресурстарын тек қана бір даму институтына көздемейді дегенді білдіреді. Бұл шешім қабылдаған кезде потенциалды жүйелік қателерден құтылу бәсекелестік үшін негіздерді орнату, жеке сектор бастамасының терең анализін жасау мүмкіндіктерін береді. Мысалы: егер перспективті жоба даму институттарының бірінен көмек ала алмаса, онда ол сол көмекті басқа институттан алу мүмкіндігі бар.

Мамандану қағидаты даму институттарының қызметтің белгілі бір операцияларына немесе түрлеріне мамандануын біл-

діреді. Мысалы, Қазақстан Даму Банкі жобаларды банктік кредиттеу арқылы; Қазақстан инвестициялық қоры – жарғылық капиталға үлестік (бақылаусыз) қатысу арқылы; Инновациялық қор – гранттар, оның ішінде ғалымдар мен ғылыми мекемелерге гранттар беру және капиталға үлестік қатысу арқылы жобаларды қаржыландыруға маманданады. Мамандану қағидаты даму институттарының мамандану шеңберінде операциялармен және қызмет түрлерімен ғана айналысатынын білдірмейді. Олар өздері үшін негізгі болып табылмайтын басқа операцияларды да (қызмет түрлерін) жүзеге асыра алады. Бұл үшін негізгі емес операциялар мен қызмет түрлерін жүзеге асырудың лимиттері белгіленді.

Ал, бәсекелестік қағидасы, бәсекелестік негізде даму институттарының қызметін іске асыратындығын білдіреді. Бәсекелестік бірдей өнім, тауар шығаратын, қызмет көрсететін немесе жұмыс жасайтын субъектілердің рыноктағы үлесінің азаюына немесе көбеюіне әсер ететін жарыстастығы ретінде қарастырылатын институт. Бұндай қажеттіліктердің болуы, көптеген институттар дамудың осы қазіргі этабында жоқ нарықтық институттарына еліктеумен байланысты. Еліктейтін институттардың табиғаты нарықтық болғандықтан, оның қызметін басынан нарықтық яғни бәсекелестік негізде құру керек екенін ұмытпау керек. Бәсекелестік қағидасы сол немесе басқа институттың қызметінің нәтижесін бағалауға мүмкіндік береді. Бәсекелестік қағидасы қандай да бір институттың қызметі нәтижелерін салмақтауға мүмкіндік береді.

Жариялылық қағидасы инновация аясындағы менеджерлердің есептілігі мен жауапкершілігін, қаржы ресурстарын мақсатты әрі тиімді пайдалану үшін тиісті бақылауды қамтамасыз ететін дамудың мемлекеттік институттарын корпорациялық басқарудың ашық жүйесін құруды білдіреді. Мемлекет даму институттарының алдына қойылған міндеттерді тиісінше іске асыру мақсатында олардың қызметіне қандай да бір қысымнан қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Осы қағидаларды жүзеге асыру үшін тәуелсіз директорлар институты (мінсіз іскерлік беделі бар шетелдік

жоғарғы білікті менеджерлерді тарта отырып), сондай-ақ корпоративтік басқарудың қазіргі заманғы құралдары белсенді пайдаланылатын болады.

Транспаренттік қағидасы мемлекеттік даму институтының корпоративті басқаруының ашық жүйесін құруын білдіреді, ал ол өз кезегінде қаржы ресурстарын мақсатты және тиімді пайдалануын бақылап, инновациялық қызмет субъектілерінің жауаптылығын қамтамасыз етеді. Егер даму институттарының алға қойған мақсаттарының іске асыруына басқа бір жақтан қысым жасалса, мемлекет оны қорғау керек. Бұл қағиданы қадағалау үшін тәуелсіз директорлар және қазіргі заманға сай корпоративті басқару құралдары белсенді пайдаланады [35.С. 70-71].

Алға қойылған мақсаттарға жету және тиімді мемлекет және қоғам үшін аса маңызды ғылыми қымбат инновациялық жобаларды қаржыландыру үшін, мемлекеттік тапсырыс жүйесінің пайдалануы оңтайлы, себебі мемлекеттік сатып алу конкурстық жүйе көмегімен мемлекеттік қаржы сомасы сәйкес келетін инновациялық жобаларды өңдеу және іске асыруын инвестициялауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тапсырыс жүйесі стратегияның маңызды-мақсатталған инвестициялық және ғылыми техникалық бағдарламаларын іске асыруын инвестициялық іске асыру мен инновациялық белсендікті реттеу мақсаттарымен сәйкес келеді.

Стратегия шеңберінде мемлекеттік инвестициялық саясаттың барлық механизмдарын қолдану болжануда. Осындай механизмдердің бірі- жеке сектор мемлекеттің көмегінсіз іске асыра алмайтын, сол инновациялық жобаларға деген мемлекеттің тапсырысы болып табылады. Бұл механизмнің пайдалануы мемлекеттік инвестициялық саясаттың жүргізілуінің негізгі жүйесі ретінде қарастыруға болады, ол жеке шикізаттық емес өнеркәсіптің дамуы мақсатында реттеу және іске асыру шараларының жиынтығы. Жалпы алғанда дүниежүзілік дағдарыстан шығу үшін Стратегияны іске асыру нәтижесінде 2015 жылға қарай ел экономикасы сервистік-технологиялық дамуға өтуге дайын болуы керек.

Бүгінде әлемдік экономикадағы заманауи қарқынды үдерістер өзге елдер мен ықпалдастық аясын кеңейту мәселесінде инновациялық мүмкіндіктердің жаһандық тренд ретінде өзекті болып отырғанын көрсетеді.

Қазіргі кезде Қазақстанда инвестиция салу жағынан салалар өнеркәсібі бар. Бұл салаларға мысалы: өңдеу өнеркәсібі жатады.

Инновациялық сектордың өнеркәсіп өңдеу саласы өздігінен жеке инвестор үшін тиімсіз болып қалады. Осыған орай мемлекет өңдеу өнеркәсібіне жеке инвестицияларды тарту үшін қолайлы инвестициялық климат жасау қажет. Инвестициялау кәсіпорындарды мемлекеттің тікелей қатысуы арқылы қаржыландыруы негізінде ынталандыруы және негізгі капиталды жедел амортизациялау механизмі деп қарастырғанымыз дұрыс.

Жеке инвестицияларды тарту үрдісінің экономикалық тетігі ретінде инвесторларға басымдылықты қызмет түрлеріндегі тұрақтандырылған өнеркәсіп активтерін салатын, «Инвестициялар туралы» заңға сәйкес, инвестициялық салықтық преференциялар, мемлекеттік табиғи гранттар және кепілдіктер қатарларын пайдалану туралы болжам жасалған [36]. Бірақ преференциялар бойынша индустриялды-инновациялық секторлық саланың дамуына бұл керекті нәтиже көрсете алмайды, себебі, осы салалардың коммерциялық тиімділік, жасалатын жеңілдіктермен сәйкестенбейді. Осыған байланысты оларды бекіту саясаты мен ұйымдастыру шараларымен толықтыру керек. Қазақстан Республикасы және оның аймақтарынан инвестициялық мүмкіндіктері туралы келіп түсетін ақпараттың көлемі мен сапасына қарай, елдің экономикасына инвесторлар жағынан салынатын капиталдар мәселесін шешуде үлкен маңызы бар. Бұдан басқа инвесторлар мен индустриялды инновациялық дамудың ірі инвестициялық жобалардың бірге іске асыру үшін әсіресе ірі компаниялармен ашық диалогқа көшу қажет.

Мемлекет экономикасының дамуын, отандық және шетелдік инвестициялардың көлемінің тура бірқалыптылығын қамтамасыз ету үшін, ғылыми инновациялық жобаларды сатып алу және қымбат өндіріс сфераларын біріктіретін құқықтық қадам жасау керек. Көбінесе, берілген инновациялық жобалардың конкурс-

тық сұрыптау критерийі шетелдік құрал –жабдықты пайдалану тізімі мен мүмкіншілігі, шетелдік мамандардың жобаға қатысуын анықтау керек. Бұдан басқа инновациялық жобаның іске асуы нәтижесінде пайда болған интеллектуалды жеке меншіктің нәтижесін, инновациялар авторларымен қаржылай есептесу, инновациялық жобаға кеткен бюджеттік қаражатты бақылау, мемлекеттік сатып алулар бойынша конкурста жеңуін бекіту керек.

Біз бұл жерде Германияның инновациялық саясатының бағыттарын ұстанғанымыз дұрысырақ болады. Себебі, Германияның басты бағыты мемлекеттің технологиялық инфрақұрылымды инновациялық үрдістің соңғы сатысында қолдау беруінде. Бұл қолдауды Фраунгофер атындағы Қоғам жүзеге асырады және ол 50 зерттеу институттарын біріктіреді және жылдық бюджеті 1 млрд евро [37].

Мемлекеттік тапсырыс – мемлекеттік инвестициялардың, республикалық және аймақтық бюджеттің және мемлекетке бақылауындағы қаржылар болып табылады. Бюджетті инвестициялар басымдылықтарының ішінде индустриалды-инновациялық даму үшін интеллектуалды, инфрақұрылымдық негіз қалыптастыратын салалар қалып отыруы керек. Яғни бюджетті және инвестицияларды қажетті базалық және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына бағыттау керек, ол аймақтардағы іс және инвестициялық белсендікті күшейтуге жағдай жасап, жоғарытехнологиялы өнеркәсіптің пайда болуына маңызды қосымша шарт болып отырады.

Инвестициялық саясат Қазақстан экономикасының шикізаттық емес тар бөлігінде өз күшін жинастыруы керек. Тек осы жағдайда ғана ұзақ мерзімді перспективада, өндіруші сектормен бірге қазақстандық экономиканың негізін құрастыра алатын бірнеше қуатты салалар пайда болады.

Мемлекеттік инвестициялық және әкімшілік ресурстардың шектелуі, барлық ресурстардың салалардың көп бөлігіне тартылуы, халықаралық масштабтағы бәсекелестікке қабілетті, жоғары қосылған бағамен орташа дамыған салалардың пайда болуына әкеліп соқтырады.

Мемлекеттің инвестициялық саясатының индустриалды-инновациялық дамуды жүзеге асыратын басқа жолы – ұлттық компаниялар. Мемлекет осы компаниялардың меншік иесі ретінде, бұл компаниялардың ресурстарын, экономиканың стратегиялық салаларына, шикізаттық емес сектордағы жоғарытехнологиялық өнеркәсіптің дамуына, инвестор, өнімнің тұтынушысы ретінде белсенді түрде пайдалануы керек. Ғылыми өңдеулердің қажет болмауы, өндірістегі инновациялық белсенділіктің төмендеуі экономиканы реформалауда ғылымның ролін түсінбеуден. Ал, өндіру факторларының жоғары болуы тек ғылыми-техникалық және инновацияның даму кезінде ғана мүмкін.

Қазақстанда индустриалды дамыған елдерге карағанда ғылымның дамуында өзіне тән ерекшеліктері бар. Дамыған елдерде фундаментальды және қосымша зерттеулерді қаржыландыру жыл сайын ұлғайтылып отырады. Сонымен қатар ғылым интеграцияны жеке сектормен ынталандыру арқылы жаңалықтарды тез арада меңгеру, ғылымның корпоративті секторын құруға және дамытуға көмек жасау, әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуге ғылыми-техникалық потенциалды бағыттауымыз қажет. Қазақстанда соңғы жылдары ғылымды қаржыландыру пайызы жеткіліксіз. Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне сәйкес 2010 жылға ғылымды қаржыландырудың кезеңдік ауысуына 2 % дейін көшуіміз керек, ал бұл 2015 жылы 2,5-3 % болуы тиіс.

Мемлекеттік инновациялық саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін негізгі механизмдерге жоғарытехнологиялық және ғылым сыйымдылығы бар салаларды дамытудың басымдылығы қаржылық-несиелік, заң шығарушы және нормативтік-құқықтық механизмдер, институциональдық қайта құрулар және кедендік бақылау жатады. Негізгі қаржылық-несиелік механизмдерге тиімділігі жоғары инновациялық мақсатты бағдарламаларды, технологиялық даму бағдарламаларын, мемлекеттік маңызды инновациялық жобаларды және мемлекеттік бюджет есебінен коммерциализациялау дәрежесінде үлестік қаржыландыру; жоғары технологиялық өндіріске капитал салған инвесторларды қолдау және ынталандыру. Бұл бағытта біз кепілденген кепіл резервтерінің құқықтық реттелуін қамтамасыз етуіміз қажет, құқықтық

реттеу үшін яғни қосымша заңнамалар қабылдауымыз қажет. Қазіргі кездегі экономика жағдайына байланысты кепілденген кепіл резервтерін нақты активтер есебінен қалыптастыруымыз қажет және оған мемлекет тарапынан бақылау жасалуы тиіс.

Сонымен қатар бұл механизмге бюджеттен тыс қорлар жүйесін жетілдіру қарастырылады, бұл қорлар ғылыми зерттеулерді инновациялық бағдарлама аясында қаржыландырады.

Қаржылық-несиелік механизмдерге отандық өңдеушілерге және инновациялық өнімдерді жасаушыларға қолдау көрсетуді де жатқызамыз. Бұл жерде көбінесе мемлекеттік тапсырыстың маңызы жоғары болады. Себебі мемлекет тапсырыс бере отырып инновациялық өнімнің айналымға енуіне тапсырыс көлемімен әсер етеді. Біз мемлекеттік қолдау кезінде инновациялық жобалардың конкурстық жүйеден таңдап алынуына басымдылық беруіміз қажет. Тағы айта кететін бір мәселе инновация өнімдері интеллектуалдық қызмет нәтижесі, сондықтан зияткерлік қызмет нәтижесінің құқықтық қорғалу қызметіне қаржылық көмек көрсетуді қарастыруымыз қажет. Бұл жерде инновациялық өнімге зияткерлік қызмет нәтижесіне құқық Қазақстан Республикасына тиесілі болғандықтан, оның басқа елдерде де қорғалуы нақты бекітілуі қажет.

Бүгінгі күні көптеген ғылыми тақырыптардың қаржыландырылмауы немесе қаржыландырудың тоқтатылуы жас ғалымдардың ғылым аясынан кетуіне септігін тигізіп отыр. Сондықтан бұл ғылым саласының материалды-техникалық базасының физикалық және моральдық тозуына әкеліп соқтырады.

Заңшығарушылық және нормативті-құқықтық механизмдерге инновациялық заңдарды жетілдіру; коммерциялық құпия туралы заңдар қабылдау; бюджет қаражаттары есебінен құрылған зияткерлік меншік нәтижелерінің құқықтық қорғалуын; зияткерлік меншік объектілерінің және басқа да ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне салық салудың жеңілдетілген түрлерін бекіту; зияткерлік меншік объектілерін және өзге де ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін шет мемлекеттерге беруді реттеу тағы басқаларды.

Институциональдық қайта құру инновациялық инфрақұрылымды және жоғарытехнологиялық өндірісті ғылыми орталықтар құру арқылы; инновациялық-технологиялық орталықтарды қалыптастыру; инновациялық-өндірістік кешендерді қалыптастыру; технологиялық және ғылыми парктерді қалыптастыру; шағын бизнес пен ірі өндірістің байланысын қамтамасыз ету үшін шағын бизнестің инновациялық инфрақұрылымын құру; аймақтық венчурлық инновациялық қорларды құру негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік инновациялық саясат отандық және шетелдердің ғылыми-техникалық және технологиялық жетістіктерін меңгеруге бағытталған. Тек мемлекетіміздің инновациялық бағдарламаларын емес, сонымен қатар шетелдік инновациялық бағдарламалардың рыноктағы ену механизмін тәжірибелік мүмкіншілік ретінде қарастыруымыз керек. Себебі инновация институты шет мемлекеттерде бұрыннан дамыған институт. Инновациялық қызметті жүзеге асыру кезінде инновациялық қызметтің экологиялық басымдылығы да ескерілуі тиіс. Экологиялық басымдылық қоршаған орта мәселесі ретінде қарастырылатын болса, бұл мемлекеттің басты мәселесі, сондықтан кез-келген құбылыстың қоғамдық қатынастардан орын алуының нәтижесінде қоршаған ортаға зиян болмауы тиіс. Қоршаған орта – табиғи объектілердің, оның ішінде өзара қарым-қатынастағы атмосфералық ауаны, суды, топырақты, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ климатты қоса алғанда, ресурстардың жанды әрі жансыз жиынтығы ретінде қарастыра отырып, инновацияның осы ортаға әсерін бағалауымыз қажет.

Өндірістің өзгеруі, базистік экологиялық инновациялар толқындарының пайда болуына әкеліп соқтырды. Олардың басым көпшілігі технологиялық сипатта, яғни экологиялық таза жүйедегі машиналарды жасау, шығыны аз немесе жоқ технологиялардың жасалуы, қоршаған ортаның жағдайына қатысты мониторинг құралдары болып табылады. Қазіргі кезде экологиялық таза жүйе бойынша шығарылатын өнімдер, құралдар және тағы басқалар барлық мемлекеттердің алдына қойған мақсаты. Себебі экология тек Қазақстан ғана емес, дүние жүзін толғандырып

отырған мәселе. Инновациялық қызметтің нәтижесі қоршаған ортаның талаптарына сәйкес болуға міндетті. Бұл міндет қоршаған ортаны қорғауға сәйкес келеді. Қоршаған ортаны қорғау – табиғат пен адамның өзара үйлесімді іс-қимылына, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстары ұтымды пайдалану мен молықтыруға бағытталған мемлекеттік және қоғамық шаралар жүйесі. Бұл міндеттің жүзеге асырылуы инновациялық қызметті экологиялық құқықтық реттеу механизімімен тығыз байланысты. Қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік және қоғамдық шаралар болғандықтан инновациялық қызмет туралы заңмен қоршаған ортаны қорғауға қатысты заңдарда инновациялық жобаларға қойылатын талаптарға арнайы баптар енгізу қажет. Бұл заңшығарушының инновациялық саясат шеңберінде шешетін мәселесі.

Инновациялық саясатты жүзеге асыру үшін негізгі әдістерді де айқындауымыз қажет. Бұл әдістерге:

- инновациялық ортада позитивтік өзгерістер үшін заң шығарушылық жағдайларды қалыптастыру, яғни заңда тиісті құқықтық актілердің өңделуі қарастырылуы қажет. Бұл жерде инновация мен заң шығарудың қатар жүруі негізгі мәселе;

- ғылыми сийымдылығы жоғары және жоғарытехнологиялық өндіріске қаражаттарды салған инвесторларға, ұйымдарға қатысты (инновацияны меңгеру кезеңінде) салықтық жеңілдіктер енгізу, мемлекеттік кепілдік және несие арқылы мемлекеттік қолдау және ынталандыру. Бұл әдіс инновацияны жүзеге асыру кезіндегі маңызды әдіс;

- инновациялық қызметті енгізу үшін тиімді жағдайларды қалыптастыру мақсатында салық жүйесін жетілдіру;

- ішкі рынокта отандық өнімді шығару және тарату, бірлескен кәсіпорындарды қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, отандық инновацияларды шетелдерде жарнамалауды қамтамасыз ету, инновациялық жобалар бойынша ақпаратпен алмасу үшін халықаралық ақпарат жүйесіне кіру;

- шетелдік несие линияларында инновациялық инфрақұрылымды дамыту үшін квоталарды қамтамасыз ету, мемлекеттің

кепілдігі арқылы инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін құрылғыларды және жаңа технологияға, ноу-хауға жаңа өнім өндірісін меңгеру үшін лицензияларды сатып алу;

– ТМД, ЕО және басқа да мемлекеттермен өзара қарым-қатынасты ұйымдастыруға байланысты мемлекеттік өкімет органдарының және жеке инвесторлардың күшін біріктіру қарастырылған.

Сонымен бірге инновацияларға қолайлы орта қалыптастырып, экономикалық модельдің қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік стандарттар мәселесін қойғанымыз жөн. Жаңа технологиялардың негізгі бөлігі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының шектелмеуі және зиянды салық бәсекесіне қарсы күрес мәселесін шешудің пайдасын алғашқы кезекте халықтың назардан тыс қалған бөлігі көруі тиіс. Жалпыға бірдей білім беру жүйесінде келер ұрпаққа негізгі білім мен дағдыларды, әртүрлі мәдениетті түсініп, көзқарас еркіндігін қабылдауды үйретуіміз керек. Бұл мәселелерді шешу үшін қолданылатын көпжақты қарым-қатынас – кезекті дипломатиялық тәсіл ғана емес. Бұл – халықаралық қатынас құрудың әріптестік заң үстемдігі, ұжымдық әрекет пен ортақ принциптерге негізделген ерекше әдіс.

Сонымен қатар бұл әдістерге ғылыми сиымдылығы жоғары құрылғылар лизингін дамыту; инновациялық-белсенді ұйымдардың халықаралық конкурстарға қатысуы; жалпыұлттық сипаттағы инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік инвестициялар бөлу.

Дамыған елдерде инновацияны қамтамасыз ету жаңадан енгізілгеннің жартысын қамтиды. АҚШ Ұлттық ғылыми қорының мәліметі бойынша шағын фирмаларында жаңаны енгізу үрдісі орта және ірі фирмаларға қарағанда көбірек. Сонымен қатар шағын фирмаларда ірі фирмаларға қарағанда жаңа форманы енгізу қарқыны жоғары. Бұл бір жағынан ірі кәсіпорындардың үйреншікті әдіспен өнімді шығаруға, жаңа технологияны меңгеруге немқұрайлылық немесе сенімсіздік орын алғанда көрініс тауып отыр. Шағын инновациялық ұйымдар – бұл тек объективтік шындық емес, мемлекеттік инновациялық саясаттың маңызды факторы. Сондықтан ірі фирмаларда инновациялық қызметтің белсен-

ділігімен бірге бұл үрдіске шағын кәсіпкерлік субъектілерін тарту қажеттілігі туындап отыр. Қазақстан республикасының заңдары бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілері- заңды тұлға құрмаған, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын дара кәсіпкерлер және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, жұмыскерлерінің жылдық орташа саны елу адамнан аспайтын және жыл бойғы активтерінің орташа жылдық құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген алпыс мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлғалар [38].

Бұл ірі фирмалардан шағын фирмаларды бөліп шығару арқылы да жүзеге асыруға болатын мүмкіндік. Қазіргі кезде ғылыми-техникалық ұйымдардың азаюын ескере отырып, босаған өндіріс аймағын және құрылғыларды жеңілдікпен инновациялық қызметпен айналысатын субъектілерге беру үшін инновация мүлкінің қорын қалыптастырған жөн.

Қорыта келе инновациялық саясаттың мақсаты оның экономикалық мақсаттылығын негіздей отырып, тікелей инновациялық жобаларды өңдеу.

Инновациялық саясатты өндеудің алдында субъектілер келесі факторларды ескеруі қажет:

- нарықтың қаржылық жағдайы;
- тауарлардың, қызметтердің, жұмыстардың сатылу көлемі, оның сапасы, бағасы, бәсекелестер әрекеті;
- экономикалық жағдай мен қаржылық жағдай арақатынасы;
- өзінің және өзгелердің ресурстарының арақатынасы. Бөтен ресурстарға тартылған қаражаттар (несиелік қарыз, алынған аванс), заемдық капитал (несие, қарыз), жалға алынған негізгі құралдар, лизинг арқылы алынған мүлік;
- мемлекеттен алынатын жеңілдіктер;
- сақтандыру жағдайлары және коммерциялық емес тәуекелден кепілдік алу.

Инновациялық саясатты өндеу бұл күрделі процесс және ол үш негізгі аспектіден тұрады: біріншіден, бұл инновациялық саясат бағытын таңдау. Бұл кезеңдегі негізгі міндет, рыноктағы болашақта болатын жағдайды болжау және болашақтағы мақсат-

тардың мүмкіндігін болжау. Бұл кезеңнің қиындығы көп жағдайда тек тәжірибе барысында қалыптасқан ішкі сезімге ғана сүйену қажеттігі. Бұдан кейін біз, өзіміздің жүзеге асыратын идеяларымызды қалыптастыруымыз қажет.

Екіншісі, инновацияны стратегиялық жоспарлау. Бұл кезеңде алдыңғы кезеңде таңдап алынған мақсаттарға жетудің жолдары мен құралдарын өңдеу. Бұдан соң артық варианттардың барлығын алып тастап соңғы нақты стратегияны жасаймыз және инновация мақсатына жету тәсілдері, сонымен қатар техникалық-экономикалық негіздемелерін айқындауымыз қажет. Стратегиялық жоспарлаудың соңғы нәтижесі инновациялық жобаны жасау.

Үшіншісі, инновацияны жедел жоспарлау. Мұнда инновациялық жоба жекелеген зерттелген этаптарға бөлінеді. Алынған этаптардың құрамы бойынша жекеленген шараларды жоспарлауымыз қажет. Мұның мақсаты біздің жасаған стратегиямыздың жүзеге асырылуы. Әрбір шара нақты жұмыстың басталу және аяқталу мерзімдерін, орындаушылар санын, қажетті ресурстар көлемін анықтайды. Бұл кезеңнің нәтижесінде біз инновацияны жүзеге асыруға байланысты нақты жоспарымызды аламыз. Инновациялық саясаттың бағытын таңдаудың бірнеше әдістері бар: инновациялық саясатты өңдеу кезінде инновациялық саясатпен таңдап алынған жоспарланған шаралар Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті реттеудің нормативтік-құқықтық және заңшығарушылық сұрақтарына сәйкес келе ме жоқ па тексеру қажет. Сонымен қатар өңдеу кезінде бұл жоба инвестицияларында қарастырылғандардың экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық және әлеуметтік эффектілері бола ма соны ескеруіміз керек.

Мемлекетіміздің халықаралық деңгейде танылуы көптеген факторларға байланысты, соның бірі жоғары бәсекеге қабілетті өнімнің халықаралық рынокта танылуы. Қазақстанның қазіргі кездегі экономикасын инновациялық экономика деп танысақ, инновацияның негізгі мәні жаңаны енгізу. Инновация- жаңа өнімді, жұмысты немесе қызметті, сонымен қатар жетілдірілген өнімді, жұмысты, қызметті жүзеге асыру түрінде, жаңа немесе жетіл-

дірілген технологиялық процессті, сонымен қатар ұйымдық-техникалық, қаржылық экономикалық және басқа да шешімдерді қоғамның қоғамды басқару аясына және өндірістің әртүрлі аясына прогрессивті әсер ететін инновациялық қызметтің нәтижесі болып табылатындықтан инновация индустриальды саясат шеңберінде анықталады. Индустриальды саясат өндірісті, жаңа ұрпақтың қызметін дамытумен инновациялық қайта құруларды енгізумен байланысты.

Инновациялық саясат ғылымды және ғылыми-техникалық дамуды ғылыми-техникалық нәтижелерді пайдалану мақсатында мемлекеттік реттеуді қарастырады.

Инновациялық қызмет Қазақстан үшін жаңа қызмет. Инновациялық реформа жүргізгенге дейін ірі масштабтағы ғылыми-сиымдылықты қолданатын бағдарламалардың мемлекетпен жүзеге асырылған болатын. Сондықтан қазіргі кездегі қалыптасқан жағдайға байланысты елімізде техникалық жетістіктер, ғылыми-өндірістік база және жоғары мамандандырылған мамандар бар, бірақ жалпы экономикалық құлдыруға байланысты ғылыми жетістіктерді жүзеге асыруда инновациялық потенциалдың әлсіз шамасы орын алып отырғандықтан бұл қызметтің мемлекетпен реттелуі ғана қажетті деңгейге жеткізеді. Мемлекеттің қолдауы инновацияға деген қызығушылықты тудырады.

Инновациялық потенциалды жүзеге асырудағы негізгі қиындықтар бюджеттік және бюджеттік емес қаржыландырудың шектелуіне байланысты, дәлірек айтсақ қарыз немесе тартылатын қаражаттардың аз болуында, сонымен қатар инновацияны енгізу үшін ұйымдардың жеке қаражаттарының аз болуы. Ал, инновация қаражат негізінде жүзеге асырылады. Өндірістің құлдырауы және ақша қаражаттарының тапшылығы ұйымдардың инновациялық қызметке қажетті ресурстарды қалдырмауына әкеліп соқтырады. Бұл қазіргі кездегі рыноктағы дағдарыс кезінде терең байқалып отыр, себебі инновацияны емес, тығырықтан шығу жолын басқаша іздеу маңыздырық болуда. Біз егер инновацияны қаржыландырып, жаңаны енгізу арқылы тығырықтан шығу бағдарламаларын ұсынсақ, инновация үрдісі дамыған болар еді. Осыған байланысты соңғы кездері елімізде өндірістік кәсіпорын-

дардың инновациялық белсенділігі күрт төмендеді және жақын арада оның жоғары деңгейге көтерілуі үшін мемлекет тарапынан қыруар жұмыстар жасалуы қажет. Сонымен қатар еліміздің президентінің қойып отырған талабына байланысты мемлекетімізді алдыңғы қатарлы бәсекеге қабілеті елу мемлекеттің ішінде болу талабына байланысты инновациялық белсенділік жолға қойылуы тиіс. Қазіргі кездегі ауылдық жерлерге беріліп жатқан пайызсыз, қайтарымсыз несие инновациялық бағдарламалар бойынша жұмсалса, инновациямен айналысатын субъектілер қатары көбейер еді.

Қаражаттардың тапшылығы инновациялық белсенділіктің төмендеуінің бірден-бір себебі емес, сонымен қатар бұған инновациялық инфрақұрылымға қатысты мәселе де жатады. Себебі инновациялық инфрақұрылымсыз, яғни венчурлық қорларды құрусыз, тәуекелді басқарусыз инновациялық белсенділікті жоғарылату мүмкін еместігі айқын.

Бұл мәселелер де мемлекеттің инновациялық саясаты арқылы шешіледі. Мемлекеттің инновациялық саясатының негізгі міндеті жаңа өнім мен технологияны жетік меңгеру арқылы ішкі өнімді көбейту, сонымен қатар отандық тауарлардың сатылу рыногын кеңейту. Бізге шетелдік тауарлардың инновациясынан, отандық инновациялық тауарлардың көп болуы мен айналымға енуі маңыздырақ.

Мемлекеттік саясат инновациялық стратегияның мақсатын және басымдылыққа ие инновациялық жобаларды қолдау механизмін анықтайды.

Қазіргі кезде мемлекетіміздің экономикасының басты мәселесі тіпті ішкі рыноктың өзінде көптеген өндірістік күштердің моральдық тозуы және оның салдары өнімнің батыстық өндірушілермен бәсекені ұстап тұра алмауында. Тұтынушылардың батыстық өнімдерге сұранысын азайту үшін өндірістің қалыпты жолға қойылуы да кезек күттірмейтін мәселе.

Осыдан туындайтын қорытынды инновациялық саясаттың өңделуі және оның жүзеге асырылуы және міндеті ретінде қысқа мерзім ішінде өндірісте еліміздің зияткерлік және ғылыми-техникалық потенциалын жоғары тиімділікпен қолдану.

Жоғары сауаттылықпен жүргізілетін мемлекеттік инновациялық саясат мемлекет экономикасын көтеру үшін қазіргі дағдарыс кезінде қолданылатын, рынокты бәсекеқабілетті өніммен қамтамасыз ететін күшті құрал.

Бұл үшін инновациялық саясат шеңберінде инновациялық бағдаламалар жасалады, олар инновациялық жобалар мен шаралар кешенін анықтайды.

Жоғарыда атап өткендей, инновациялық саясаттың мақсаты және бағыты елімізде өндірілетін тауар, орындалатын жұмыс және көрсетілетін қызметтің бәсекеқабілеттілігі. Қазіргі кезде елімізде тауар өндіретін, жұмыс орындайтын, немесе қызмет көрсететін өндіріс орындары жоғары бәсекеқабілеттілігі бар және рынокта бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан жылу-энергетикалық кешендер, алюмин өндіру немесе химиялық өнімді өндірушілер. Сондықтан алдымен қаржыландыру көздерін осы бағытта ұстауымыз қажет. Агроөндірістік кешендер, жеңіл және азық-түлік өндірушілер де бәсекеқабілеттілігі бар өнімі тек ішкі рынокта болатын өндіріс аясы екендігін ескеруіміз қажет. Сондықтан инновациялық саясат көлемі, сипаты бойынша әртүрлі болып келеді.

Бүгінгі күні мемлекеттік саясаттың ішіндегі өзекті бағыттардың бірі – Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы. Елбасымыз халыққа арнаған Жолдауында «Қазақстан – 2050» даму Стратегиясын ұсынды. «Оның басты мақсаты – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы. Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм». Ел экономикасының қарқынды өсуінің қажетті шарты ғылыми-техникалық, өндірістік, қаржылық және институционалдық саланың өзара байланысты қалыптасуына ықпал ететін инновациялық жолға өту болып табылады. Мұнымен бірге басты міндет ғылымның дамуын, жаңалықтардың қозғалысы, озық өндірістік технологияларды әзірлеу

және оны енгізуге ынталандыруға шақыратын индустриалды-инновациялық саясатты қалыптастыру болып табылады[34].

Қорыта келе Стратегия мақсаты Қазақстанды экономикалық тұрақты, бәсекеқабілетті мемлекет ретінде қалыптастыруды болжайды және сәтті жүзеге асырылған жағдайда экономиканың құрылымдық қайта құрылуы, еліміздің экспорты және халықаралық рынокқа жоғары өніммен шығуы болжанады.

Стратегия елімізде инновациялық қызметті және ғылымды жетілдіруге бағытталған белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясатты жүзеге асыруды көздейді. Стратегия мақсаты шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу, ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау. Ал, міндеттері өңдеуші өнеркәсіпте орташа жылдық өсу қарқынын 8-8,4 % мөлшерінде қамтамасыз ету, 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы еңбек өнімділігін кемінде 3 есе арттыру және энергия сыйымдылығын 2 есе төмендету; өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыру; кәсіпкерлік ахуалды, құрылымды қалыптастыру және жеке секторды ынталандыратын әрі бәсекелестік артықшылықты жетілдіретін қоғамдық институттарды қамту, қосылған құнға барынша қол жеткізе отырып, нақты өндірістерде қосылған құндар тізбегіндегі элементтерді игеру; ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық экспортқа негізделген өндірістер құруды ынталандыру; елдің экспорттық әлеуетін қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтердің пайдасына қарай әртараптандыру; сапаның әлемдік стандарттарына көшу; дүниежүзілік ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге қосыла отырып, өңірлік және дүниежүзілік экономикамен ықпалдасуды күшейту. [34].

2

МЕМЛЕКЕТТІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Инновация – мемлекеттік басқару объектісі ретінде

Нарық экономикасында кәсіпкерлік сектор инновациялық белсенділіктің негізгі генераторы болған және сол күйінде қалады. Жалпы, инновациялық жүйе – бір ғана дәулетті елдерге ғана тән құбылыс емес, бұл міндетті шарт. Онсыз экономикада өсу, даму болмайды. Инновациялық технологияларды кеңінен енгізу, әлеуметтік шектеулер, өндірістік үдерістердің артуы жағдайында жеке секторларда да бизнесті жүргізуге бейімдеуге оңды ықпал етеді. Жаңа технологиялардың дамуы прогресс пен инклюзияның үлкен активіне айналып, қоғамның, экономика мен мемлекеттің ашықтығы мен тұрақтылығына әсер етіп, бүгінгі пандемия кезінде адамдардың өмірін де құтқарып отыр. Алайда оны қорғау шарттары керек. Инновациялық қызметті конституциялық-құқықтық тұрғыдан зерттеу ғылыми тұрғыда шешімін табатын өзекті мәселе. Қазіргі кезде инновациялық қызметтің құқықтық негіздері қалыптасу үстінде.

Инновациялық процестер туралы, олардың қоғамда болатындығын Шумпетер дәлелдеген болатын. Экономикалық әдебиетте инновация-коммерциялық пайдалану, нарықта жаңа өнім ретінде ұсынылған жаңалық ретінде қарастырылады. В.Г. Медынскийдің пайымдауы бойынша инновация – өнеркәсіпке сәтті енгізілген, пайда әкелетін объект [39]. В.Н. Лапин инновация – адам қажеттіліктерін қамтамасыз ететін кешенді процесс деп қарастырады [40].

Экономикалық сөздікте: инновация – еңбектің жаңа ұйымдық нысандарын енгізу деп түсіндірілген [41], [42]. Сонымен инновацияның тікелей аударымы – жаңалық, жаңаны енгізулер. Инновация өзі екі түрлі қолданылады: біріншіден, ғылыми техникалық қызметтің нәтижесі ретінде, екіншіден, жаңа бұйым, әдістерді пайдалану және жасау ретінде. Инновациялық қызметтің ұғымының тар және кең мағынасын білу қажет. Жалпы бұл зияткерлік өнімнің пайдалануы мен құрылымы туралы қызмет. Зияткерлік қызметтің нәтижесін пайдалануына көптеген адамдар, тек оның иелері ғана емес, сонымен бірге лицензия сатып алған тұлғаның толық мүмкіншілігі бар.

Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заңының 1-бабында инновация өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және (немесе) әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды болып табылатын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі ретінде анықталады, сәйкесінше инновациялық қызмет инновацияны өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі жолымен пайдалану. Инновацияны кәсіпкерлік қызметтің арнайы объектісі ретінде қарастыруға болады. Инновациялық кәсіпкерлік үшін тек инновацияның болуы жеткілікті емес, сонымен қатар үнемі жаңаны іздеу, кәсіпкерлердің оны жасауы үшін мақсатты қызметінің болуы қажет.

Инновация-коммерциялық таратылатын, бәсекеге қабілетті, зияткерлік творчестволық қызметтің тиімді нәтижесі.

Т.Е. Қаудыров интеллектуалды меншіктің объектілерінің абсолюттік құқық, заңмен қатаң бекітілуі және қорғалуы, құқықтың бекітілуінің арнайы нысаны, құқықтың кеңістік бойынша және уақыт бойынша әсер етуі белгілерін қарастырады [43, 447].

Зияткерлік меншік – ерекше түрдегі меншік. Зияткерлік меншік – зияткерлік нәтижелердің құқықтық жиынтығы. Әдебиеттерде қарастырылғандай, зияткерлік меншіктің ең кемінде 2 түрлі белгісі болуы керек: зияткерлік қызметтің нәтижесі және зияткерлік қызметтің нәтижесі көрінуінің объективті нысаны. Осы зияткерлік нәтижені инновациямен қарастырсақ, инновациялық идея мағынасы да бар, бірақ идея инновациядан бұрын туып, ал іске асыруда тиісті нәтиже бермеуі мүмкін. Ойлап табу – бөлек техникалық есептерді жаңадан шешу.

«Инновация» түсінігі «Инновациялық қызмет туралы» заң бойынша – инновациялық қызметтің нәтижесі ретінде анықталған. Заң шығарушы инновацияның келесі белгілерін көрсетеді: жаңашылдығы, іске асырушылығы, прогрессивтілігі. Сонымен инновация коммерциялық жүзеге асатын, бәсекелестікке қабілетті зияткерлік, зияткерлік қызметінің прогрессивті нәтижесі.

В. Рассудовский: «инновациялық қызметтің коммерциялық нәтиже алу мақсатында жаңалықтарды пайдалануға бағытталған, кәсіпкерліктің ерекше түрі» – деп қарастырып өтеді [44, 10-13].

Инновация ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі ретінде анықталғандықтан, бұл түсініктерді де қарастыруымыз қажет. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңының 1-бабына сәйкес ғылыми-техникалық қызмет – технологиялық, инженерлік, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және өзге проблемаларды шешу үшін жаңа білім алуға және оны қолдануға, ғылымның, техниканың және өндірістің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған қызмет [45].

Аталған заң ғылыми-зерттеу қызметін (бұдан әрі – ғылыми қызмет) – зерделеніп отырған объектілерге, құбылыстарға (процестерге) тән ерекшеліктерді, заңдылықтар мен заңдарды анықтау мақсатымен қоршаған болмысты зерделеуге және алынған білімді практикада пайдалануға байланысты қызметтің түрі ретінде қарастырады.

Біз қарастырғандай ғылыми-техникалық қызмет ғылыми қызметтің кең ауқымды түсінігі. Ғылыми-техникалық қызмет нақты тапсырмалар мен тәжірибелік мақсаттарға жету үшін жаңа

білімді пайдалануға бағытталған. Сондықтан бір жағынан инновация анықтамасын анықтау кезінде бұл ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет деп қайталаудың да қажеті жоқ деп санаймыз.

Сонымен қатар инновация зияткерлік меншік объектісі ретінде анықталады, соның ішінде енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді өндірістік меншік ретінде анықталады. Инновациялық қызметті біз кәсіпкерлік қызмет деп түсінеміз. Ендеше заңнама негізінде берілген кәсіпкерлік қызметтің негізгі белгілері ретінде:

- бастамашылық
- дербестік
- мүліктік жауаптылық пен тәуекел
- таза пайда алуға бағытталу қарастырылған.

Жоғарыда атап өткеніміздей айтылғандай инновацияның қызметтің аясында пайда болатын қатынастар және бұл ғылыми-техникалық прогресспен байланысты. Инновациялық қызмет кәсіпкерлік қызметтің бір түрі ретінде екендігін ғалым Т.В. Кашанинаның «кәсіпкерліктің негізгі белгілерін нақтылай түсуді жақтай отыра, оған жаңашылдық сипаттағы белгі тән екендігін» айтып өтеді [46]. Бұл инновацияның жаңа болу белгісімен сәйкестігін анықтайды.

Инновациялық кәсіпкерліктің дамуы – шаруашылық байланыстардың кеңейтілуін көздейді.

Қоғамда кездесетін инновациялық қызметтің негізгі түрлерін былай қарастыруымызға болады:

- а) қоғам басқару аясындағы жаңа идеялар мен ғылыми білімдерді енгізуге бағытталған инновациялық қызмет;
- б) ғылыми-зерттеу, жобалық, ізденушілік, тәжірибе конструкторлық және технологиялық жұмыстардың жасалынуымен байланысты инновациялық қызмет;
- в) инновациялық тауар рыногын ұйымдастыруға бағытталған қызмет;
- г) өнеркәсіптің технологиялық қайта жабдықтануына бағытталған инновациялық қызмет;
- д) жаңа өнімді өндірумен байланысты инновациялық қызмет;
- е) басқа да қызметтер.

М.П. Рингтің айтуынша келісімді екі органикалық байланыстырылған элемент-интеллектуальдық жұмысы мен оның нәтижесі құрастырады [47].

Біздің ойымызша, кез келген ғылыми –техникалық жетістіктің пайда болуы, ғылыми зерттеулердің жүргізілуінен басталады. Дәл осы кезеңге өнімнің болашағы тәуелді. Инновациялық процестің бастапқы деңгейінде инновацияның нәтижесіне деген құқықтың маңызы жоғары. Басқа кез келген қызмет жүйесіндегідей инновациялық үрдісте басқарусыз болмайды. Инновациялық қызмет шаруашылық қызметтің бірі бола тұрып, мемлекеттің басқаруын талап етеді.

Инновациялық қызметтің құқықтық реттелуіне байланысты көптеген сұрақтар туындайды, яғни қай құқық саласымен реттелу.

И.А. Зениннің айтуы бойынша «кешенді салалар құқығы жоқ және болуы мүмкін емес» [48]. Сондықтан инновация бар салада болады және құқықтық реттелуді қажет етеді.

Е.А. Суханованың айтуынша «заң шығарушы жүйенің кешендігін мойындау керек, себебі «таза» акт салалары жоқ» [49, 5-7].

М.К. Сүлейменовтың пікірінше алдымен қызметтің экономикалық жүйесін және субъектісін анықтау арқылы, біріншіден жүйе құрастырушы белгілер керек [50].

Инновациялар жаңалықтың таралу аясына қарай :

- 1) дүниежүзілік масштабтағы инновациялар;
- 2) бір мемлекет шеңберіндегі инновациялар;
- 3) салалық өнеркәсіп шеңберіндегі инновациялар деп бөлуімізге болады.

В.В. Ровныйдың айтуынша «коммерциялық ұйымдардың құқық қабілеттілігі оның алдында тұрған мақсаттар мен табысты алу айналысымен шектеуші деген ұғым негізсіз, оны арнайы құқық қабілеттілігі нақты қызметтің қосымша критерийімен шектеледі. Пайданы табу мақсаты, автордың ойынша, құқық қабілеттілігін емес, кәсіпкерлер айналасын шектеп, яғни оның кәсіпкерлік функциясын және жасалатын арнайы әрекеттердің субъективті құрамын анықтайды»[51].

В.В. Лаптев кәсіпкерлік құқықтың субъектерін кәсіпкерлік қызмет және кәсіпкерлік қызметті реттейтін субъектілерге бөледі [52]. Соңғыларына мемлекет, мемлекеттік органдарды жатқызады.

Инновациялық қызметтің субъектілері былай қарағанда мекеме болғандықтан, заңшығарушымен шығарылған инновациялық қызметтің субъектілерін шексіз демеуін дұрыс емес деп санауға болады. Инновациялық қызметтің субъектілері болып:

- инновацияны жасап, іске асыратын мекеме;
- мекемелер, олардың негізгі қызметі инновацияны жасауға, өндірістің түрлі айналымдарына және қоғам басқару жүйелеріне, өндірушілердің инновациялық деңгейін көрсететін ұйым және тұтынушылар;
- инновациялық қызметті басқаруға қатысатын мемлекеттік органдар табылады.

Ал, инновациялық жобалар мен бағдарламалар; зияткерлік қызметтің нәтижелері; технологиялар, жабдықтар мен процесстер; өндіріс пен кәсіпкерлік инфрақұрылымы; өндірістік, басқарушылық, коммерциялық немесе өзге процесстің сапасы мен тиімділігін едәуір жақсартатын өзге де жаңа ұйымдық-техникалық, қаржы-экономикалық шешімдер инновациялық қызмет объектілері болып табылады.

Инновациялық жүйеге жеке кәсіпкерліктің барлық субъектілері қосылуы мүмкін. Бірақ инновациялық қызметтің шағын кәсіпкерлікпен жүзеге асырылуы, ірі бизнестің субъектілеріне қарағанда үлкен айырмашылықтары бар.

Қазіргі уақытта Қазақстанда негізінен шетелдік капиталдың қатысуымен ірі корпорацияларда, ұлттық компанияларда, екінші деңгейлі банктерде, қаржылық-өнеркәсіптік топтарда менеджменттің жоғарғы деңгейі бар. Сонымен қатар, технологияларды, теорияларды және құқықтық қорғаудың тәжірибесін және зияткерлік меншікті пайдалануды коммерциализациялаудың іскери қағидаттарын кәсіби меңгерген, инновациялық және жоғарғы технологиялық жобаларды басқара алатын кәсіби инновациялық мамандардың институты мүлдем жоқ.

Кез келген елде және бизнестің кез келген түріндегі инвестордың негізгі тәуекелі барабар емес мамандықпен байланысты болғандықтан бұл тәуекелді барынша азайту басқару және кәсіпкерлік мәдениетті көтерумен, барлық деңгейдегі менеджерлерді сапалы оқытумен және қайта даярлаумен, оларды қажетті қолдаумен (консалтинг және ақпараттық) қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі.

Ұлттық экономиканың дамудың инновациялық нысанына көшуі барлық қоғамның инновацияларды қабылдауынсыз және инновациялық процесстерді басқару мен инновацияларды іске асыруды жүзеге асыруға қабілетті кадрлар жеткілікті санының болуынсыз мүмкін емес. Инновациялық қызмет дербес жүзеге асырылатын қызмет және ол инновацияны жүзеге асыратын субъектінің жеке тәуекеліне негізделеді. Сонымен қатар ол қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілігі болуына байланысты. Біз инновациялық қызмет кәсіпкерлік қызмет ретінде қарастыра отырып, кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне мемлекет кепілдік бергендігін ескере отырып, оны қолдау мен қорғауды мемлекет, мемлекет атынан өкілетті органдар қамтамасыз ететіндігін қарастырамыз.

Осы жерде айта кететін жағдай қолда бар ғылыми-технологиялық әлеуетке қарамастан Қазақстанда инновациялық қызметтің мынадай инновациялық өнімді құру және инновациялық өнімді рынокқа жылжытумен байланысты делдалдық қызметтерді орындау сияқты негізгі түрлерін жүзеге асыратын кәсіпкерліктің болмауы елдегі төменгі инновациялық белсенділік себептерінің бірі болып табылады.

Инновациялық қызметтің іске асырылуында шағын және орта кәсіпкерліктің маңызы зор. Бұл төмендегі факторлармен келтіріледі:

- нарыққа деген тез бейімделушілік, басқарудың және ішкі коммуникацияның икемділігі;
- ғылыми ізденістердің тар мамандандырылуы және техникалық идеялар өңдеуінің шағын айналысы;
- өзінің жаңалығын енгізудегі және жұмыстың соңғы нәтижесіне жетуге деген қызығушылық.

Өз кезегінде инновациялық қызметтің ірі тосқауылы болып:

- күрделі ирархиялық құрылымның болуы;
- өзгерістерге деген үлкен кедергі, дәстүрлі және өзін-өзі ақтаған әдістерді пайдалануы;
- координация мен басқарудың қатаң формальды әдістерінің болуы;
- жаңаны енгізуге байланысты тәжірибенің болмауы;
- пайданы табудың тезірек амалын ізденудегі қателіктер табылады.

Бірақ ірі кәсіпкерліктің инновациялық қызметке деген оң жақтары да бар. Жоғарыда аталған инновациялық қызмет субъектілері инновациялық ресурс жағынан жақсы қамтылған, сол себепті белсенді қызметке қолайлы жағдай туғызады. Сонымен бірге олар инновация жасауға деген түрлі идеяларды жүзеге асырады.

В.А. Михайлов жазғандай: өзінің бейімдеушілік қасиеттерінен шағын кәсіпкерлер, ірі кәсіпкерліктерге қарағанда шығындары аз болады [53, 64]. Шағын кәсіпкерліктер жаңа нарықтарға бірінші болып еніп, оларда белгілі орын алып, оны ірі кәсіпкерлікке дайындайды.

Біз қарастырғандай инновациялық қызметтің тиімді жүзеге асырылуы үшін шағын және ірі кәсіпкерліктің өзара әсер етуі керек. Бұл үрдістегі байланыстырушы болып бизнес – инкубаторлары табылады.

Бизнес-инкубаторлар – кіші инновациялық фирмалардың пайда болуын көздейтін құрылым. 3. Ақбағышеваның айтуынша, қазіргі жағдайда бизнес – инкубаторлар кәсіпкерліктің аймақтардағы дамуына ғана емес, сонымен бірге аймақтық кәсіпкерлікте де маңызды [54]. Технологиялық инкубаторлардың мақсаты шағын және орта инновациялық кәсіпкерліктердің пайда болуына қолайлы жағдайлар туғызу. Бұл шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тұрғысынан қарастырылды [55]. Технологиялық инкубаторлардың негізгі әрекеті, қызмет көрсетуге бағытталған. Бизнес-инкубатор – шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік үй-жайлар, жабдық беру, ұйымдық,

құқықтық, қаржылық, консалтингілік және ақпараттық қызметтер көрсету жолымен оларды қолдау үшін құрылатын заңды тұлға [38].

Бизнес – инкубаторлар шағын және орта бизнестің дамуына үлкен үлес қосу және жағдай жасау мүмкіндігі бар. Мұндай құрылым біріншіден жаңадан бастап жатқан кәсіпкерге көмек жасауға негізделген.

Инновациялық қызмет субъектілерінің ішінде үлкен қызығушылық венчурлық фирмаларда, олар өз қызметін үлкен тәуекелділікпен жасайды.

Венчурлық фирмалар дамыған елдер де көп таралған, әсіресе, АҚШ-та тәуекелге негізделген венчурлық кәсіпкерлікті, «америкалық әдіс» деп атайды, себебі американдық тәжірибе ізденушілік зерттеулерді ұйымдастырып, оның нәтижелерін өнеркәсіпке енгізген.

Өткен ғасырдың 80- жылдарында Жапонияда алтыжылдық бағдарлама жасалып, оның көмегімен технологиялық кереметке жету көзделген. Осы бағдарламаның стратегиялық бағыттарының бірі болып венчурлық фирмалар мен тәуекелге негізделген капиталдың өсуі.

Ғылыми-техникалық революция дәуірінің негізгі жаңалықтары, инновация тәуекелге негізделген және венчурлық кәсіпкерліктің шеңберінде пайда болған.

Шағын венчурлық өнеркәсіптерімен металлургия, автомобиль құрылысы пайда болған, бірақ ол үлкен фирмалар болып саналмайды. Венчурлық қызметінің нәтижесінде, целлофан, шарикті автоқаламсап, тікұшақ, туберактивті қозғалтқыш, «молния», кинескоп, түрлі түсті фототүсірілім, фотобастыру, ксерография, микропроцессор және т.б. пайда болды.

Венчурлық капиталдың жалпы дүние жүзілік нарығы 90 жылдардың ортасында 100 млрд. доллардан асты. 1996 жылы венчурды капиталдың жаңа инвестициясы АҚШ-та, 10 млрд. доллар ал еуропалық континентте 8 млрд. долларға жетті.[37]

Қазіргі венчурлық кәсіпкерліктер өте мобильді, жоғарғы мақсатқа негізделген. Біздің елде «венчурлық фирмалар»термині 1995 ж. венчурлық фирмалар туралы типтік ереже қабылдаған.

Аталған ережеге сәйкес, венчурлық фирмалар жаңа жоғары тиімді өңдеулер мен технологияларды меңгеру мен оны тездетіп өнеркәсіпке енгізу мақсатында құрылды. Инновациялық инфрақұрылымның құрылуының бірлігі болып табылатын венчурлық фирмалар деңгейі республикадағы енгізу қызметінің жағдайын жақсартуға ықпалын тигізу керек еді. Осылай 1995 ж. принципальды меңгерген жаңа өнімнің түрі 75 болса, оның жаңасы – 60, модернизацияланған – 8, модификацияланған – 7. Ал 1994 ж. меңгерген өнімнің саны 153 жеткен, жаңалық категорияларына сәйкес – 113, 4, 22 болды.

Сауда – коммерциялық қызметтің қарқынды дамуындағы кезеңде венчурлық фирмалар туралы жағдайлардың қабылдануы бекер еместігі инновациялық қызметтің құрылуындағы заң шығарушы базасы болғаны мәлім.

Кейінірек, 1997 жылы «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» заңында, ғылыми прогрессивті технологиялар мен өнімнің игеруін жүзеге асыратын венчурлық фирмалар инновациялық қызметтің субъекті-деп заң шығарушы енгізген (бүгінде күшін жойған). Бұдан басқа айтылған заңда венчурлық фирмалар инфрақұрылымның объектілері ретінде сипатталды.

Инновациялық жүйені қалыптастырудың бастапқы барысында инновациялық кәсіпорындарды дамытудың бастапқы барысында жинақталған, инновациялық инфрақұрылымның бөлігі болуы тиіс, «технологиялық бизнес-инкубаторлардың» жүйесін Қазақстанда құру инновациялық кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болды.

Технологиялық бизнес-инкубаторлар дербес бірлік және технологиялық парктердің бөлігі ретінде көрініс береді.

Бұдан өзге, инновациялық компанияларды қаржыландыру желісі бойынша технологиялық бизнес-инкубаторлар қаржыландырылатын жобаларды басқару және оларды ағымдағы мониторинг бойынша агенттіктер болуы тиіс. Осы функцияларды іске асыру үшін технологиялық бизнес-инкубаторлар білікті менеджерлердің, бухгалтерлердің, экономистердің және заңгерлердің қызметтерімен қатар жүргізіледі. Бұл ретте, технологиялық инкубаторлардың қызметі инкубацияланатын шағын инновациялық

компаниялар үшін тегін болады. Технологиялық бизнес-инкубаторлардың бірінші кезеңдегі оларда орналастырылған инновациялық кәсіпкерлер мен инновациялық фирмаларға, ҒЗТҚЖ-ға мемлекеттік гранттарды алушыларға қызмет көрсетумен байланысты шығындарын тиісті даму институттарын капиталдандыру жолымен мемлекет өтейтін болады.

Инновациялық кәсіпкерлікті дамыту көзқарасынан технологиялық бизнес-инкубаторлар мынадай функцияларды орындауы тиіс:

– жаңа технологиялық компанияларды ұлғайту және оларды «Start-up» (бастапқы) кезеңінде қолдау, өйткені инкубаторлар кәсіпорынды басқаруда тұрақты көмек көрсететін болады, қаржыландыруға қол жеткізуге және кәсіпорынды бизнесті жоспарлау, бухгалтерлік және заңгерлік мәселелерінде маркетингтің жоспарларын жасау кезіндегі көмекті қоса алғанда, қажетті қызмет пен технологиялық көмектің кешенін қамтамасыз етеді; инновация иелерін оқыту.

Практика көрсететіндей, технологиялық инкубаторлар кәсіпорындарға кез келген басқа жерде бастайтын кәсіпорындармен салыстырғанда, олардың дамуын 7-12 есе жылдамдата отырып, «жедел мәре» береді. Инкубаторлар бұған арнайы дайындалған мамандардың, рәсімдердің және әдістердің көмегімен қол жеткізеді.

Ағымдағы заң шығарушыда венчурлық фирмалардың шағын кәсіпкерліктің субъекті ретінде нақты анықтамасы жоқ. Айтылған жағдай ешқайсы бір заңда жазылмаған. Ал «Инновациялық қызмет туралы» нормативті актіде венчурлық фирмалар инновациялық қызметтің субъекті ретінде қарастырылмаған болатын. Онда «венчур», «венчурлық қызмет», «венчурлық қаржыландыру» ұғымы толық ашылмады. «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заңымызда да анықталмаған.

Дүниежүзілік практикада, инновациялық қызметтің қалыптасуы мен дамуында венчурдың алатын орны үлкен деп көрсетілген. Венчурлық қаржыландыру шағын өнеркәсіпті жоғары корпоративтілермен интеграциялау нысанының бірі ретінде үлкен мағынаға ие.

Венчурлық өндіріс – құрылуы мен енгізілуі белгілі бір экономикалық тәуекелмен байланысты жаңалықтың сынағы және пайдалануы үшін жасалатын өндіріс ретінде қарастырылады. Венчурлық фирмалар инновациялық өнеркәсіптің дамуда бірінші ретті орынға ие, себебі дәстүрлі экономика салаларының техникалық қайта қаруландыруына жағдай жасайды, шағын және ірі бизнес субъектерінің араласуына және жалпы экономикалық жақсартуға негізделген.

Кей авторлардың айтуынша венчурлық фирмалардың құрылуына келесі шарттар керек. Олар: инновациялар идеясы, осы идеяны іске асырудағы қоғамның қажеттіліктері; осы идея негізінде жаңа фирманы ұйымдастыра алатын кәсіпкерді табу, осы фирманы қаржыландыратын венчурлық капиталдың болуы.

Венчурлық қаржыландыруды жаңадан құрылатын немесе құрылған шағын фирмалардың шектеулі акционерлік қатысу нысаны болып табылатын жағдайлар да болады. Оның әрекеті бір жағынан аса қауіпті, ал екінші жағынан жоғары пайданы қамтамасыз етеді. Шағын фирма мен оның инвесторы арасында байланыстың сипаты екіге бөлінеді: тура және жанама. Жанамасы өз кезегінде а) венчурлық капитал фирмалары; ә) корпорациялардың венчурлық нысаны; б) шағын бизнестің инвестиция компаниялары арқылы қаржыландырылуы.

Венчурлық қаржыландыруда өнеркәсіпке қажетті қаражаттар түрлі кепілдіксіз, материалдық қамтамасыз етушіліксіз венчурлық фирмалар жағынан әкелініп отыруы мүмкін, бұл оның ерекшелік сипаты болып табылады. Дәстүрлі инвестициялаудан айырмашылығы салынған қаржының, егер қаржыландырған жоба күтілген нәтиже әкелмесе басынан бастап пайдамен бірге жоғалуы болып табылады.

Типтік жағдайда өнеркәсіптік енгізу, жаңа тиімді технологиялардың шеруі мен пайдалануы:

- лицензиялық келісімдері
- өнеркәсіптік меншікті пайдалану құқығы
- кредиттік қаржыны мақсатты пайдалану
- жоғарғы оқу орындары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының институтымен, Қазақ Ауылшару-

ашылық ғылым академиясымен, салалық министрліктер, мемлекеттік органдардың ғылыми техникалық сараптамасымен жүзеге асырылады [56].

Біз бұл жағдайды талдап, «өнеркәсіп меншігіне билік ету құқығы», «өнеркәсіптік меншіктің пайдалануы» сөз тіркестері дұрыс еместігі туралы айтуға болады. Меншік иесіне билік ету, пайдалану, иелену құқығы жатады. Бұл жерде материалды емес активтерге меншік құқығы туралы айту дұрыс. Соңғысына патенттер, лицензиялар, ноу-хау, бағдарламалық қаржылар, мүлтік емес басқа құқықтар жатады. Бұл зияткерлік меншік құқығының жалпы ережелерінен туындайды.

Инновациялық қызмет туралы 2002 ж. 3 шілдедегі N 333-ІІ Қазақстан Республикасының Заңында инновация – инновациялық қызметтің жаңа немесе жетілдірілген өнім (жұмыс, көрсетілетін қызмет), жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесс түрінде іске асырылған нәтижесі, сондай-ақ қоғамдық қатынастың әртүрлі саласында өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына прогрессивті ықпал ететін ұйымдық-техникалық, қаржы-экономикалық және басқа да шешімдер ретінде қарастырылған болатын [54]. Бұл анықтама сәтсіздеу болды, себебі инновация шешім деп қарастырылды және зияткерлік қызмет меншік объектісі екендігі назардан тыс қалды.

Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына сәйкес, өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және (немесе) әлеуметтік, экологиялық тұрғыдан маңызды болып табылатын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі инновация ретінде қарастырыла отырып, инновация зияткерлік меншік объектісі ретінде анықталады, соның ішінде енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді өндірістік меншік ретінде анықталады [8].

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 97 және Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2004 жылғы 6 сәуірдегі N 80 «Инновациялық (венчурлық) өндіріс жасау кезінде техника мен технологиялардың патенттік тазалығына сараптама жүргізу жөніндегі ережесі-

не сәйкес, инновациялық қызмет – нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелестікке қабілеттілік үшін пайдаланылатын өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына жаңа идеяларды, жаңа білімдерді, технологияларды және өнім түрлерін енгізуге бағытталған қызмет [55]. Осыған ұқсас анықтаманы Ғылым туралы 2001 ж. 9 шілдедегі № 225-II заңнан кездестірген болатынбыз.

Біз бұл анықтамаларды қарастыра отырып, өз тарапымыздан инновацияға мынадай анықтама беруді жөн көрдік және бұл анықтама толығырақ түрде және инновациялық қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңына өзгеріс енгізілуі қажет деп санаймыз. Біздің ойымызша инновация – өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізілуі экономикалық тұрғыдан тиімді және (немесе) әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тұрғыдан маңызды болып табылатын, зияткерлік меншік объектісі болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің жаңа немесе жетілдірілген технологиялық үрдіс түріндегі нәтиже. Біздің бұлай анықтама беруіміз, біріншіден, инновацияның жаңа немесе жетілдіріліген технология нәтижесі екендігін міндетті түрде анықтау. Инновация жоғарыда атап өткеніміздей жаңа технологияны енгізу немесе бұрыннан бар технологияны жетілдіру арқылы енгізу болып табылады.

Екіншіден, инновация әлеуметтік, экологиялық, экономикалық тұрғыдан тиімді болуы қажет. Инновацияның экологиялық жағдайы туралы жоғарыда қарастырған болатынбыз. Ал, экономикалық тиімділігі әсіресе қазіргі кезде экономикалық дағдарыс кезінде қатаң ескеретін талап.

Инновациялық қызметті құқықтық реттеу сұрақтары нормативтік актілердің қолданылу ережелеріне сәйкес реттеліп отырады.

2.2 Инновациялық қызметті жүзеге асырудың құқықтық негіздері: жағдайы және даму перспективасы

Ұлттық заңдар және олардың заңдық техникасы ғалымдарды ойландырып келе жатқан мәселе. Академик С.З. Зимановтың

«Қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген халықтар өмірінде көптеген ғасырлар бойы астан-кестең оқиғалар мен өзгерістер болды. Осындай қилы тарих шырмауынан көне дәуірдің мұрасы ретінде ұрпақтар үшін қазақстан екі мәңгі құндылықты сақтап қалды – ол Сөз Қүдіреті мен Заң Қүдіреті» – деген болатын [56,8].

ҚР ҰҒА академигі С.С. Сартаевтың пікірі бойынша заңдардың құрылымын өзгерту керек, ұлттық құқықтық мәдениет және батыстық заңи стандарттардың сәйкестігі негізінде құқықтық саясатты жүргізуіміз қажет [57]. Инновация туралы заңдар жаңа дәуір заңы және академиктеріміз атап өткендей заң құндылық ретінде тарих бетінен орын алуы керек.

Қазақстан Республикасындағы инновациялық қатынастардың дамуымен заңшығарушы база да қайта өңделді. Инновацияның дамуындағы маңызды реттеуші болып нормативтік-құқықтық актілердің жүзеге асуы болып табылады. Инновациялық қызметке қатысты заңнамалар белгілі бір жүйені құрайды. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, заң актілеріне конституциялық заңдар, конституциялық заң күшіне бар Президенттің жарлықтары, заңдар, кодекстер, Заң күші бар Президент жарлықтары, ҚР Парламентінің жарлықтары, Сенат пен Мәжіліс қаулылары жатады [58]. Заң шығарушы орган шығарған заңнамаларымыз кей кезде тез қабылданып, ал кей кезде өзгерістер мен түзетулер енгізіліп, жалпы тұрақты емес сипатта болады. Инновациялық қызметті басқаратын нормативті-құқықтық құжаттарға: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі; Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі; Қазақстан Республикасының Салық Кодексі; Қазақстан Республикасының «2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы»; «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; «Білім беру» туралы Қазақстан Республикасының заңы; Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңы; «Ұлттық инновациялық қор» акционерлік қоғамын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 502 қаулысы және т.б болып табылады. Бұлардың барлығы құқықтың қайнар көзі.

Құқықтың қайнар көзі заң әдебиеттерінде кең және арнайы мағынада қолданылатынын ескере отырып, кең мағынада құқықтық нормалардың пайда болуына әсерін тигізетін базистік фактор, арнайы мағынада құқықтық нормалардың өмір сүру нысандары, ресми көріністері [59].

«Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» негізгі Заңында инновацияның құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздері бекітілген.

Инновацияны енгізу инновациялық қызметтің жүзеге асырылуына әкеліп соқтырады. Инновациялық қызмет келесі ерекшеліктері бойынша анықталады:

- интеллектуалды өнімнің пайда болуы және оның өндірісте пайдаланылуы туралы әрекет;
- жаңа түпнұсқалы идеяларды іске асыру және дайын тауар ретінде нарыққа шығару.

Инновациялық қызмет – инновацияларды өндірістің және қоғамды басқарудың түрлі салаларына енгізу арқылы пайдалану. Жаңа заңымызда берілген бұл анықтама инновациялық қызметті қызмет ретінде бекітпеген, сондықтан инновациялық қызметті нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелестік қабілеттілігі үшін пайдаланылатын, өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен тауар, қызмет және жұмыс түрлерін енгізуге бағытталған кәсіпкерлік қызмет деп қарастырған дұрысырақ деп ойлаймыз.

Инновациялық қызметпен айналысатын субъектілер өздерінің бастамасымен жанашылдықты қалыптастыру жөніндегі осы немесе өзге жобаларды жүзеге асырады. Сондай-ақ, кәсіпкер ретінде субъект берілген өнімді жүзеге асырудан келетін кірісті алуға мүдделі болып табылады және де осымен байланысты оның әрекетінің бостандығы әрине заң шеңберінде кең болып келеді. Кәсіпкер нарықтың талаптарын басшылыққа ала отырып, сұранысты қанағаттандыратын жаңа енгізілімдерді құруға тырысады. Инновациялық қызмет шаруашылық айналымды қамтамасыз етумен байланысты интеллектуальдық, инжинирингтік, кеңес беру, патенттік-лицензиялық, ақпараттық және басқа да ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі болып табылатын кәсіпкерлік қызметтің түрі.

Инновациялық қызмет анықтамасына заң шығарушы бірден келген жоқ. «Инновациялық қызмет туралы» заңның (бүгінде бұл заң күшін жойған) 1-бабында инновациялық қызмет – нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелестік қабілеттілігі үшін пайдаланылатын, өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнім түрлерін енгізуге бағытталған қызмет ретінде анықталды және инновациялық қызмет анықтамасы енгізу қызметі тиімді экономикалық нәтиже беретін қызмет ретінде түсіндірілді.

Болашақта экономикалық тиімді болатын жаңаны өңдеуге қатысты ғылыми қызметті инновациялық қызметке жатқызуға бола ма? Жоғарыда қарастырып кеткен анықтаманы ескерсек, бұл мүмкін емес, ал «жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді» түсініктерін тереңірек қарастырсақ ғылыми қызметті инновациялық кәсіпкерлік қызмет ретінде түсінуге болады, егерде экономикалық тиімді нәтиже берсе. Бұл жерде ойланатынымыз экономикалық тиімділікті анықтау критерийлері.

Сонымен қатар жоғарыда аталған заңымыз инновациялық қызметтің түрлерін анықтаған болатын. Инновациялық қызметке мынадай қызмет түрлері:

1) қоғамды басқару саласына жаңа идеялар мен ғылыми білімдерді енгізу;

2) экономикалық айналымда іске асырылатын жаңа немесе жетілдірілген өнімді (жұмысты, көрсетілетін қызметті), жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесті жасауға бағытталған ғылыми-зерттеу, жобалау, ізденіс, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындау мен оларға қызмет көрсету;

3) инновациялық тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу рыногын ұйымдастыру;

4) өндірісті технологиялық қайта жарактандыруды және дайындауды жүзеге асыру;

5) жаңа технологиялық процестерді, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сертификаттау мен стандарттау мақсатында сынақтар өткізу;

6) бастапқы кезеңде инновациялық жоба өтемділігінің нормативтік мерзіміне жеткенге дейін жаңа немесе жетілдірілген өнім (жұмыс, көрсетілетін қызмет) өндіру және (немесе) жаңа немесе жетілдірілген технологияны қолдану;

7) инновациялық инфрақұрылымды құру мен дамыту;

8) инновациялық қызмет нәтижелерін насихаттау және инновацияларды тарату;

9) игеру және іске асыру мақсатында интеллектуалдық меншік объектілеріне (оның ішінде ашылмаған ғылыми, ғылыми-техникалық және технологиялық ақпаратқа) құқықтарды қорғау, беру және иемдену;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, инновациялар жасауға бағытталған өзге де қызмет түрлерін жатқызды. Бұдан инновациялық қызметке тек жаңаны енгізумен байланысты емес, өндірісте қолданылатын ғылыми нәтижелерді өндеуге байланысты, инновациялық инфрақұрылымды құру мен дамыту т.б. жатады деген қорытынды жасауымызға негіз болады.

Бұдан шығатын қорытынды творчестволық қызмет объектісімен байланысты, енгізілуі экономикалық тиімді болып табылатын кез-келген қызмет инновациялық кәсіпкерлік қызмет.

Қазіргі кезде инновациялық қызметтің заңдық түсіндірмесі – зияткерлік меншік объектісі ретінде қарастырады. Ал, өз кезегінде интеллектуальдық меншік адам дамуының және ілгерілеудің қажетті және негізгі басты элементі.

Интеллектуальдық меншік түсінігін халықаралық-құқықтық, қазақстандық ұлттық құқықтың қайнар көздерінен табуға болады. Бұл Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің нормаларынан бастау алады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 14-бабына сәйкес азаматтардың құқыққабилеттілігінің негізгі мазмұнында интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқығының болуы қарастырылған.

Сонымен қатар ҚР АҚ-ң 59- бабы шаруашылық серіктестік-тестіктердің жарғылық капиталына салым ретінде интеллектуалдық меншікті салу құқығын қарастырады.

Интеллектуалдық меншік объективтік нысанға келтірілген адам фантазиясы, идеялары, адам ақыл ойы және интеллектісі [Ғылыми –техникалық жетістіктерді беру жөніндегі шарттың пәні сипаты жағынан әр түрлі қызмет көрсетуді біріктіреді. Оның негізгі элементі жасаушының алушыға өңдеулерді пайдалануға жәрдемдесу жөніндегі ғылыми-техникалық (шығармашылық) сипаттама жөніндегі қызмет көрсетулерді жасау болып табылады. Ғылыми-техникалық жетістіктердің беру жөніндегі шарттың пәнін құрайтын қызмет көрсетулердің шығармашылық сипаттамасы тек қана олардың белгілі нәтижелерінің анықталмайтындығын ғана емес, сонымен қатар осы және өзге де шаралар бойынша шығармашылық тәуекелдің болуымен анықталады.

Қаралып жатқан шартқа сәйкес, В.А. Дозорцевтің айтуынша, оған көптеген қағидалық ерекшеліктер тән болады. Оларға мыналар жатады: шарт пәнінің екіжақтылығы (жетістіктің болмысы және оның объективтік көрінісінің материалдық нысаны), берілген жасау жұмыстарына арналған компенсацияның ерекше қағидалары, беретін ұйым жауапкершілігі көлемінің шектеулілігі, оферта және акцепт механизмдерінің көмегімен емес, оның жеке жағдайларына сай жобаны әр тараптың дайындау жолымен шарттың жасалуы және т.б.[72].

Инновациялық үрдіс қиын әрі жан-жақты болғандықтан тиесілі осы үрдістің қатысушыларының арасында көптеген түрлі шарттық байланыстар туындайды. Өткен жүзжылдықтың өзінде көрнекті ғалымдармен шартты өзіне тек жаңа түрдегі өнімдерді жасау, өндіру және оларды әкелуді ғана емес, сонымен қатар осы өнімдерді орналастыру және пайдаланумен байланысты қажетті қызмет көрсетулерді қосатын ғылыми-техникалық прогресс жөніндегі жұмыстарды кешенді жүзеге асыру мүмкіншілігі туралы айтылған болатын.

Ч.Н. Азимов ҒТП саласында жасалатын шарттар өзінде ғылыми- зерттеу, тәжірибелі-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды жүргізу ғылыми-техникалық жетістіктерді беру және жобалық, іздемелік жұмыстарды атқару жөніндегі шарттарды біріктіретін жеке шартты бір түрі болып табылады деп ойлайды. Осымен бірге, авторға әр шарттың жекелілігі күмән туғызбайды [76].

Осыған ұқсас қорытындыны Н.А. Гордеева шығарады. Ол ғылыми-техникалық жетістіктерді құру, беру және пайдаланумен байланысты шарттың ерекшелігін (ғылыми-техникалық жетістіктің материалдық еместігі және тұтынылмаушылығы, оны шектеусіз тұлғалар тобының бірнеше рет пайдалануы, тәуекелдің, белгісіздіктің жоғары дәрежесімен байланысты ғылыми қызметтің уникалдығы) көрсете отырып, ол материалдық затқа қатысты соған ұқсас функцияларды жүзеге асыратын шартқа сәйкес жеке түрін құрайтындығын айтады (бұл жағдайда, мәселе кейін оған меншік құқығы пайда болатын немесе өтетін, кеңістікте материалдық, шектеулі және тұтынылатын заттарды қалыптастырумен байланысты мердігерлік, сатып алу- сату және т.б. туралы шарттар жайында болып отыр) [77, 185].

А.В. Красильникова кейін қызмет көрсетулерді қоса алғанда, зерттеуден ғылыми-техникалық өнімді өндіріске енгізуге дейін жасалатын кешенді жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі бір шарттың жасалуының мақсаттылығы туралы пікірді айтады. Осы келісімнің шеңберінде айтылып отырған барлық шарттар жеке және заңнамамен реттелінген болып табылады, алайда, егер ғылыми зерттеуден практикалық жүзеге асыруға дейінгі кешенді жұмыстардың әр сатысында, олардағы қатынастарды реттейтін жеке бір шарт тән болса, ол дұрыс жағдай болып есептеледі – деген пікірімен біз де келісеміз [78].

В.А. Дозорцевтің пікірінше, ғылыми- техникалық прогресс саласындағы шаруашылық шарт туралы заңнаманы интеграциялау қажет, себебі бұл шарттың ортақтығы оларды біртекті реттеуді талап етеді [72]. Бұл ФТП саласындағы шаруашылық шарт туралы бірігейлендіру нормативтік акті және егер мұндай заңды қабылдаудың мақсаттылығы дәлелденсе, онда ғылыми-техникалық прогресс жөніндегі Заң түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Басқа авторлар мұндай нормативтік актілерді қабылдауға белгілі бір шекте абайлап жүзеге асыру керек деп ойлайды, олар осы және өзге де экономикалық салада шарттың ерекшелігі және біртұтастығының бар болуына байланысты олардың мақсаттылығы және қабылдануы анықтылығын басшылыққа алады. Интеллектуалдық меншік объектілерін құрудан келіп туындайтын

қатынастар, мүліктік қатынастармен байланысты жеке мүліктік емес қатынастарға жатады. Инновациялық қызмет үрдісінде пайда болатын аталған қатынастар сондай-ақ азаматтық құқықтық нормалармен реттелінеді.

Азаматтық құқықтық нормалармен реттелінетін жоғарыда аталып өткен қатынастар, мұндай құқықтық қатынастардың қатысушыларының теңдігіне негізделген горизонтальдік қатынастар болып табылады.

Кез-келген қызметтің саласында сияқты, инновациялық үрдісте де басқарусыз болмайды. Инновациялық қызмет шаруашылық қызметтің бір түрі ретінде оны реттеуге мемлекеттің қатысуын қарастыратындығын атап өткен болатынбыз. Мемлекеттік реттеу жөніндегі қатынастар – құқықтың жеке салаларының (әкімшілік, қаржылық және т.б.) пәнін құрайтын басқарушылық қатынастар (вертикальді қатынастар) болып табылады. Инновация саласында пайда болатын басқарушылық қатынастарды өзге ракурстарда қарастырайық. Кейіннен біз олар туралы ұйымдастырушылық қатынастар ретінде айтамыз.

Тиісті ұйымдастырушылық акциялар соған өкілеттігі бар мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады, олар арқылы мемлекет өзінің шаруашылық-ұйымдастырушылық функцияларын іске асырады. Мемлекеттік органдардың ұйымдастырушылық қызметі қазіргі кезеңге сай мүліктік қатынастар қатысушыларының өзінің, мекемелер және ұйымдардың олар өздері қатысатын экономикалық байланыстарды орнықтыру, тәртіптеу және қызмет істеуі бойынша қызметтерінің болуын қарастырады. Бірақ, бұл басқа аядағы ұйымдастырушылық қызмет болып табылады; ол бағынушылықтың бастамасында емес, координацияның бастамасында құрылады.

Т.И. Илларионованың пікірінше ұйымдастырушылық қатынастар құқықтық қатынастардың нысанында ереже бойынша императивтік норманың базасында пайда болады және «бұл жағдайда, ұйымдастырушылық қатынастар мүліктік (мүліктік емес) құқықтық қатынастар дамуының сатысы ретінде, болмаса оларды жүзеге асырудың міндетті нысаны ретінде соған қатысты болып табылады. Ұйымдастырушылық құқықтық қатынастардың

мазмұны тек қана осы байланыс субъектілерінің мүдделерін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің, қоғамның үшінші тұлғалардың мүдделерін қамтамасыз ететіндігі, оны жеке қатынастар етеді. Автор ұйымдастырушылық қатынастарды бөліп шығару қажеттілігіне бағытталған сынды сенімсіз және ұйымдастырушылық қатынастардың мәселесін реттеу әдісі туралы білімнің дәрежесінде шешуден бас тартуды да қате деп есептейді [79, 160].

Өз кезегінде Н.Д. Егоров жоғарыда аталып өткен қоғамдық қатынастарды ұйымдастырушылық емес, координациялық қатынастар деп атауды ұсынады, себебі бұл қатынастар бір-біріне бағынбайтын тараптардың арасында орнығады. Бұл жағдайда, координацияның бастауы олардың атауында міндетті түрде көрініс табуы қажет қарастырылып отырған қатынастардың маңызды белгілерін білдіреді. Осыған сай, координациялық және ұйымдастырушылық қатынастарды ажырата білу қажет. Н.Д. Егоровтың пікірінше, азаматтық құқықтың пәніне кіретін координациялық қатынастар дегеніміз – қайтарымды-эквивалентті бастаудағы олардың қызметінің координациялық процесі барысында бір-біріне бағынбайтын тараптардың арасында пайда болатын қатынастар. Ал ұйымдастырушылық қатынастар бір тараптың (ұйымдастырушының) екінші тарапқа (бағынышты тұлғаға) қатысты басқарушылық қызметтерін жүзеге асыру процесі кезінде пайда болады [80, 170]. Аталған позицияның авторы қоғамдық қатынастардағы бағынушылықтың болмауы олардың ұйымдастырушылық сипатының болуын жоққа шығарады деп қарастырады. Осыған сәйкес, бағынушылықтың емес, координацияның бастауында құрылатын ұйымдастырушылық қатынастар туралы айту пәнге қатысты ол иемдене алмайтын қасиеттерді жатқызуды білдіреді .

Инновациялық үрдіс қатынастардың ұйымдастырылуын (координациясын) талап ететінін жасыруға болмайды, бұл өз кезегінде осы салада қалыптасатын қатынастардың түрлілігін көрсетеді. Бұл факт бізге инновациялық қызмет туралы нормалардың жиынтығын заңнаманың кешенді саласы болып табылады деп айтуға мүмкіндік береді. «Кешенді саланың пайда болуына адам қызметінің бір салада ғана туындайтын түрлі қоғамдық қаты-

настардың кешенінің болуы жеткіліксіз болып табылады. Адам қызметінің белгілі бір саладағы түрлі қоғамдық қатынастардың байланысы заңнама жүйесінің кешенді құрылымдық бөлімінің қалыптасуына, егер ол қоғамдық қызметтің түрлі саласындағы тиесілі бірыңғай қатынастардың арасындағы қандық байланысқа қарағанда қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу сипатына үлкен әсерін тигізетін болса, жол беріледі» деген пікірлер бар [81]. Айтылған көзқарасқа сәйкес саланы кешенді деп тану үшін горизонтальді және вертикальді қатынастардың арасында тығыз байланыс пайда болуы керек. Оның нәтижесінде олардың мазмұны өзгертінді соншалық, ол үшін мазмұнында ерекше қарым-қатынастық мінездеме бар тиесілі құқық саласының арнайы нормаларының құрылуын талап етеді.

Б.И. Минцтің пікірінше, азаматтық және шаруашылық құқықтан ҒТП саласындағы мүліктік қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығын бөліп шығарудың негізі жоқ және әдебиеттерде қалыптасқан ғылыми-техникалық деп аталған жеке сала қалыптасты деп айтылған пікірді бөлудің қажеттілігінің негіздемесі жоқ. Осымен қатар автор «ғылыми-техникалық қызметтің ерекше белгілерінің бар болуы оны құқықтық реттеудің жеке пәні ретінде бөліп қарастыруға болатындығын да айқындайды [82]. Тиісінше, мәселе заңнаманың кешенді салалары туралы болып отыр.

Негізінен мәселе мынада болып табылады: құқықтың әр түрлі салаларының нормаларының келісуі, егер оларды реттеу құқықтық реттеудің түрлі әдістерін талап ететін болса, онда ол қалай жүзеге асырылатындығында. Автор «инновациялық циклдің маңызды кезеңі оларға қатысушылардың пікірінше шаруашылық қатынастардың шеңберінде жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінің іске асырылуы болып табылады деп есептейді». Жаңа техниканы құру және енгізу бойынша мүліктік қатынастар негізгі болып табылатындықтан, осы қатынастарды реттейтін құқықтың нормалары ҒТП салаларына қатысты кез-келген нормативтік актілерді қабылдауда басшылыққа алынуы керек. Бұл нормалар олармен азаматтық және шаруашылық заңнаманың өзге институттарының нормалары келісуі

қажет болғандықтан да анықтаушы болып келеді, сол сияқты бұл әкімшілік, қаржылық, еңбектік және өзге де заңнамаларға қатысты болып табылады.

Ғалымдар пікірінше, құқықтың нормаларының жиынтығын құқықтың кешенді саласы немесе кешенді институты ретінде тану үшін жүйе қалыптастырушы белгілерінің ең алдымен қызметтің экономикалық саласы және субъектілері сияқты белгілерінің бар болуы қажет.

Түрлі қоғамдық қатынастар адам қызметінің кез-келген саласында қалыптасатындығын айтып өткен жөн. Инновациялық қызмет те осыған тән. Біздің көзқарасымыз бойынша, инновациялық қызмет туралы нормалардың жиынтығын құқықтың кешенді саласы ретінде емес, заңнаманың кешенді саласы ретінде тануға болады. Өйткені, заңнаманың саласына қарағанда, құқықтың саласы өзінің бірыңғайлылығының жоғары дәрежесімен анықталады. Құқықтың әр саласында оның өзіне ғана тән пәні және құқықтық реттелуінің әдісі бар. Ал заңнаманың салалары мұндай бірлескен бастауларға ие емес. Инновациялық қызмет кәсіпкерлік қызмет аясында жүзеге асырылады және оның бір институты.

В.Н. Протасовтың жазуынша «құқықтық институт құқық саласының пәніндегі белгілі орнының тұтастай реттелуін қамтамасыз ететін заң нормаларының алғашқы жалпылығын білдіреді» [83].

А.Б. Венгеровтың пікірінше, құқықтық институттар оларға тиесілі қоғамдық қатынастардың түрлерін кешенді, жан-жақты реттеуге, қалыпқа келтіруге мүмкіндік береді [84].

В.А. Копылов институтты құқықтық саланың ішкі белгіленген аймағындағы бірыңғай қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың өзара байланысты және өзара келісілген тобы (жиынтығы) ретінде қарастырады [85].

В.А. Дозорцевтің айтуынша «жаңа құқықтық институттардың пайда болуының констатациясына жоғары қауіппен келу керек. Оның басқа категориялармен байланысты орнатпай-ақ, жаңадан пайда болған категорияны ерекше түрдегі жеке категория ретінде жариялау жеңілдірек болады. Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тәсілдерінің жиынтығы шектеулі болса да,

жеткілікті түрде кең және де оның мақсаты оны шексіз көбейтуді жалғастыру емес, қазір барды мүмкіндігінше максималды түрде қолдану. Қазір бар категорияларды қолдану, тіпті оларды жаңа жағдайға бейімдеудің өзі құқықтық тұрақтылықтың кепілі» [72].

С.С. Алексеевтің әділ көрсетуінше, көптеген оқиғалар қатарында фактілік қарым-қатынас әсерінен қазіргі күнгі құқықтық дамуда «зани мутация» жүріп жатыр. Құқықтағы танымал сапалы жаңа құбылыстар – қазіргі жүзеге асқан (енбек құқығы, отбасы құқығы, әлеуметтік қамтамасыз ету құқығының қалыптасуы) не қазіргі жағдайларға сай жүріп жатқан (жекеменшік құқық, экологиялық құқық, ақпараттық құқық, инновациялық құқық және т.б. заң жүйесінің кешенді бөлімдері сияқты кешенді де заңды өзгеше құбылыстар). Біздің ойымызша инновациялық құқық құқық саласы ретінде дамуы тиіс [86].

И.В. Амирханованың дұрыс көрсетуінше аймақтардың өзара бірігуі әрқашан болды және болады, уақыт өтісімен осы үрдіс әрі қарай өседі, «құқық аймағының» классикалық емес анықтамасы «кешенді құбылысқа» трансформацияланбауы керек [67].

Заң ғылымында көптеген танымал ғалымдар түрлі құқық салалары бойынша қосымша кодекс түріндегі кешенді нормативтік акт жасау туралы ұсыныстар айтты. Мысалы, Б.И. Пугинский ойынша, «Азаматтар ешқашан қатыспайтын, тек ұйымдар қатыналатын келісім-шарт туралы нормаларды Ресей Федерациясының Азаматтық Кодексінен бөліп алып, Сауда-саттық кодексіне орналастыру керек. Себебі, Азаматтық Кодекстен алып, Сауда-саттық кодексіне орналастыру сауда-саттық міндеттемелерін нақты және толығырақ қадағалар еді» [87]. К.К. Лебедев пікірінше, құрама-компьютерлік шығармашылықтың осындай жобаларын талқылау мәнсіз. Осы сыни ескертпені автордың көрсетуінше, «Азаматтық кодекс – еш ауыртпашылықсыз мәтін бөлігін кесіп алып, өзге файлға апарып қоя салатын компьютерлік жоспардың файлы емес» [88].

Құқық жүйесінің дамып құқықтық аймақтың жаңа түрлерін туындататын дамудың сапалы жоғары деңгейіне өткенін мақұлдауымыз керек.

Біздің ойымызша, құқықтың кешенді аясына көзқарас оңтайлы болуы керек. Қазақстанның көрнекті ғалымдары республикамыздың құқықтық жүйесі инновациялық құқық сияқты құқық саласын білмейді десе де, соңғысы еліміздің заң ЖОО оқу дәрісі ретінде оқытылуы және болашақта даму үрдісіне ие болуы тиіс. Себебі заңи білім беретін оқу орындары инновациялық нормалардың, олардың жүзеге асырылуын, инновациялық қызмет және оны жүзеге асыру механизмін оқыту арқылы мамандарды дайындайды.

Кәсіпкерлік қызмет конституциялық, азаматтың құқық нормалармен реттелетіндіктен, инновациялық қызмет кәсіпкерліктің түрі ретінде сәйкесінше конституциялық-құқықтық, азаматтық-құқықтық басқару жүйелеріне түсуі қажет. Бұдан басқа инновациялық қызметтің аясында мүліктік, жеке мүліктік емес, ұйымдық қатынастар қалыптасады. Қорыта айтқанда, инновациялық қызметтің құқықтың конституциялық, азаматтық құқық нормалармен басқарылады деген шешімге келуге болады.

Әрине, өзін өзі ұйымдастыру ғылым үшін танымал және оған сай. Бірақ оның қалыпты түрде нарықтық экономикада қызмет жасауы көбінесе мемлекетке тәуелді. Мемлекеттің халық шаруашылығындағы техникалық қайта жабдықтауды қамтамасыз ететін жүйенің қалыптасуы туралы айтылғанда, бұл жағдайда соңғысының алатын орны ерекше. Мемлекет қазіргі кезде ғылым үшін тек міндетті емес, ол ғылыми-техникалық жүйе мағынасында толық, нақты қызмет атқарады. Мемлекет дегенде билік құрылымдары, басқару аялары ескеріледі, олар айтылған қызметті жақсы не жаман, немесе мүлдем атқармауы мүмкін, бірақ бұл дегеніміз олардың мемлекет қызметі дәрежесінен айырылмайды.

Қазіргі кездегі өркениет ғылымды қоғамға қажетті, әлеуметтік жүйеге айналдырып жіберді, сондықтан ғылым жағынан нақты саясатты орындау, ғылыми-техникалық жүйемен бірге мемлекеттің қызметі болып кетті. Иновациялық белсенділікті мемлекет арқылы қаржыландыру барлық дамыған мемлекеттерге тән. Дәлірек айтқанда, мемлекеттің инновациялық қызметке деген нарықтық қатынасы, мемлекеттің ол үшін құқықтық алаң және нақты ғылыми техникалық саясат өткізуі арқылы көрінеді.

Құқықтық алаң қалыптасуында, түрлі мүдделердің және оның субъектерінің иеленуі, және олардың қарым-қатынасының басқарылуы, жекеменшік мәселесі, халықаралық байлықтың болуы және ең соңында әрине ұлттық мүдде мен мақсаты еске алынып ажырауы. Заң шығару мемлекеттің хабардарлығының осы айналадағы орнын, өрісін анықтайды. Ол динамикалық болғандықтан, заң шығарушы болып жатқан өзгерістерге жауап қайтару міндетті.

Сонымен мемлекеттің ұйымдастырушылық ролі, нақты сипатқа ие бола алады, егер оның жеке ғылыми-техникалық бағдарламаларының жетекшілігімен және инновациялық өнімнің тапсырыс беруші мен тұтынушы ретінде болған жағдайда. Бұндай бағдарламалардың екі түрі бар. Бірісі нақты техникалық бұйымның жасалуына негізделген, мысалы: бірнеше рет пайдалануға болатын ғарыш кемесі. Кейде осындай бағдарламалар халықаралық болып кетуі мүмкін.

Нарықтық экономикаға көшу инновация өрісінде қиын болады. Бұл дегеніміз, Кеңес дәуіріндегі қалыптасып үйренгенді арзан бағаға сату, отандық техникаларды сырып тастап, батыстарға ауысуы, бұның бәрі үлкен жаңаруларға жатады. Билік құрылымдарында инновациялық қызметтің, құрылымның, оның мемлекеттегі орны мен ролі өте баяу танылды.

Қазіргі кезде бастама, жаңадан құрылған компанияларға инвестиция жұмсауға көп көңіл бөлінген. Алғашқы кезде жас инновациялық компаниялар бизнестік дамуына қажетті ресурстары жоқ болып және қаражаттың қайтып оралу кепілдігімен тиісті қамтамасыз етудің жоқ болуынан, банктік кредит коммерциялық заем алуға немесе өзінің бағалы қағаздарын қор нарығына орналастыруға жағдай жоқ болды.

Дүние жүзілік тәжірибе анализі бойынша, мемлекет қор жүйесі арқылы конкурстық негізде кіші технологиялық кәсіпкерлікке дамудың алғашқы кезеңінде қаражаттық көмек көрсетеді. Бұл қор жүйесіне, ғылыми-зерттеу өндіріс деңгейіндегі компанияларға қаражаттық ресурс ұсыну және дамудың алғашқы кезеңіндегі компанияларды инвестициялау кіреді. Мемлекеттің ғылыми-техникалық аясындағы дамудың және ондағы инфрақұрылымның,

инновациялық істің құрылуында негізгі алғышарты болып: – тиімді, инновациялық жүйенің нарықтың механизмі негізінде әсер ететін – модернизацияның мәселесінің негізгі жолын жасау. Бұл үрдіс тек аяқ асты сипат түрінде емес, Қазақстанның қуатты ғылыми-техникалық потенциалы бар, ал өзгеру үрдісінде жоғалмай, сақталынып, нығайтылуы қажет.

Басқа да орталық атқарушы орган инновациялық қызметтің жүзеге асыруына қатысып, өз мүмкіндігінше инновациялық жүйе айналасындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруын қамтамасыз етеді [89], сәйкесінше өз мүмкіндігінше мемлекеттік, салалық бағдарламаларды, инновациялық қызметтің дамуына бағытталған аймақтық, ұйымдастырушылық және басқа көмекпен қамтамасыз етіп, инновациялық қызметтің арнайы субъектімен жасалануына қатысады. Бұл жерге арнайы субъекті ретінде қатысуы мемлекеттің мүддесін білдіруімен түсіндіріледі.

Инновациялық жүйе нарықтық экономика жағдайында қызмет жасайды мемлекеттің бұл жерде алатын орны қандай деген сұрақ туу себебі, негізгі зерттеулерге қарағанда, инновациялық қызметтің өнімі сатылады, сатып алынады, пайда әкеледі. Бірақ егер ақша төлейтін сатып алушы болса, егер пайда инновациялық қызмет субъектері арасында бөлініп алынса, онда барлық осы жүйе мемлекетке тәуелсіз болып, бюджеттік қаражаттандыру оның өмір сүруінің негізі мәртебесінен айырылады.

Қазақстанда технологиялық базистің өнімі белсенді түрде өзгеруі, өнеркәсіп жұмыс істегенде жаңа технологияларға төлей алатын сұраныс пайда болғанда, және ғылыми техникалық жүйе мол және тұрақты түрде қаржыландыру көзін тапқанда басталады. Қазіргі кезде орын алып отырған терең экономикалық тоқырау, өндірістің көп уақытқа дейін төмендеуі, инновациялық өзгерістердің дамуын тежейді. Бірақ стратегиялық жоспар экономикалық сұранысты енжар түрде күту жарамайды. Американдық зерттеушілер атап өткендей «сұранысты жоғары көтеру» – бұл экономикалық ынталандыру және «технологиялық итермелеу» – жаңа техникалық мүмкіндіктерді ұғыну инновациялық үрдістің негізгі факторлары. Бұл дегеніміз нарықтық экономика жағдайында тек экономикалық қызығушылықтарды есепке алу емес, се-

бебі инновациялық үрдістер және ғылыми өндірістер бір-бірімен жұмыс жасайды. Қазақстанда ондай өндірістік меншіктің салмағы, басқа алдыңғы қатарлы технологиялық елдерге қарағанда үлкен емес, бірақ ол бар, сондықтан экономикалық құлдырау жағдайында оның мемлекеттік көмегі қажет. Бұл қазіргі заманға сай экономикалық және ғылыми техникалық жүйелерден шығып кетуі мүмкін, ал инновациялық белсенділік өзінен – өзі дами береді. Дамыған елдерде нарық мемлекет арқылы басқарылады.

Инновациялық құқық қатынастарына алдымен кәсіпкерлік құқық қатынастарын коммерциялық ұйымдарға пайдаланайық. Инновациялық жүйеде және коммерциялық емес ұйымдардағы инновациялық қызметтің қоғамдық бірлігінің субъекті ретінде қызмет жасауын заң шығарушы жасау мүмкін. Әдебиетте көрсетілген коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың жалғыз айырмашылығы болып алынатын пайданың бөлінбеуі, коммерциялық емес зиянды бөлу мекемемен оның қатысушылары арасындағы тек ішкі байланыс болып табылады.

Инновациялық қызметтің субъектілері инновациялық қызметті жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар болуы мүмкін.

Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілеріне технологиялық бизнес-инкубатор, технологиялық парк, инновациялық қорлар жатады.

Қазіргі кезде ғылыми инновациялық дамудың үш негізгі типін атауымызға болады:

- инновация бойынша ғылымда көшбасшылыққа негізделген елдер. Оларға АҚШ, Англия, Францияны атауымызға болады;
- қолайлы инновация құруға негізделген елдер. Мысалы, Германия, Швеция, Швейцария;
- жаңалықтарды реттеу жолымен инновациялық инфрақұрылымдарды дамытушы елдер. Олар – Жапония, Оңтүстік Корея.

Таралу мен пайдалану шеңберіне қарай инновацияның негізгі түрлері мынадай:

- экономикалық, жаңа-экономикалық механизмдер құруға бағытталған инновациялық;

- өнеркәсіптік-технологиялық, жаңа-технологияларды өнеркәсіпте қолдану мен құруға мақсатталған инновациялар;
- экологиялық қоршаған орта ластануын төмендететін жаңа өнімдер мен технологиялар;
- ұйымдық, яғни басқару-өнеркәсіптік және өнеркәсіптік емес қызметтің басқаруындағы тиімді нысандардың қолданылуы;
- саясаттық инновациялар. Бұлар саясат аясындағы жаңа идеялардың іске асырылуымен байланысты инновациялар;
- рухани сферадағы инновациялар-жаңа гипотезалар, концепциялар, ғылымдағы теориялар.

Инновация инновациялық қызметтің объектісі болғандықтан қызмет түріне байланысты да бөлінуі мүмкін.

2.3 Қазақстанның экономикасының инновациялық инфрақұрылымын қалыптастырудың құқықтық негіздері

Инновацияны реттейтін заң базасы декларативтік сипаттағы құжаттар. Бұларға жарлықтар, заңдар, қаулылар, келісімдер жатады және нақтылық сипатта болмайды. Қаулылар мен бұйрықтар, олар атқарушы органдардың функцияларын анықтайды. Бағдарламалық құжаттар, инновацияларды қолдау түрлері. Бұл құжаттар өздерінің мазмұны бойынша инновациялық қызметтің даму бағдарламаларын, қолдау бағдарламаларын біріктіреді.

Инновациялық қызметті реттеуге байланысты Индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы – Қазақстанды тұрақты даму мемлекетіне қол жеткізуді мақсаты ретінде анықтайды. Стратегия мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясаттың пәні бәсекеге қабілетті өнім, тауар, жұмыс және қызмет көрсету деп анықтап берді.

Қазақстан заңнамалары экономикалық процесстерді нормативтік қамтамасыз етуді нақтылау барысында, мамандандыру жолында дамып келеді. Мемлекеттік саясаттың негізгі бағытытарының бірі Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі экономикалық тәуелсіздігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастарының дамуының талаптарының бірі – инновациялық жүйені дамыту және оны құқықтық қамтамасыз ету. Стратегия бойынша бүгінгі күні инновациялық қызмет төңірегінде туындайтын сұрақтар қатарына мемлекеттің экономикалық процессті басқаруына қатысуының нысаны, инновациялық дамудың қамтамсыз етілуінің құқықтық негіздері, экономиканың әртүрлі саласында инновациялық қызметтің құқықтық реттелуінің ерекшеліктері, инновациялық қызметті жүзеге асырудың негізгі құқықтық-ұйымдық нысандарына саралау жүргізу, сонымен қатар инновациялық қызмет аясында пайда болатын шарттық қатынастарды анықтау.

Инновациялық қызметті құқықтық қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалары маңызды рөл атқарып келеді. Солардың бірі Қазақстан Республикасының 9 шілде 2001 жылы қабылданған «Білім туралы» Заңы. Аталған заң инновациялық қызметті жаңа идеяларды, ғылыми білімді, технологияны және өнім түрлерін өндірістің әртүрлі саласына және қоғамды басқару аясына енгізуге бағытталған, нәтижесі экономикалық өсуге және бәсекеқабілеттілікке пайдаланылатын қызмет [91]- деп қарастырады. Бұл заңда сонымен қатар ғылым анықтамасы, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми интеллектуальдық меншік, технопарк, технополис анықтамалары берілген.

Инновациялық үрдістің іске асыруындағы және инновациялық экономиканың дамуындағы және негізінен жаңа тауарлар мен қызметтер өтімін ұйымдастыруды инновациялық инфрақұрылым реттейді.

Инновациялық инфрақұрылым – Қазақстан Республикасы инновациялық қызметінің бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын мамандандырылған субъектілерінің жүйесі ретінде түсінеміз. Инновацияны жасаушы және іске асырушы жеке және заңды тұлғалар; негізгі қызметі инновацияларды жасауға және оларды өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына беруге бағытталған инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері (технополистер, технологиялық, өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік парктер (технопарктер), технологиялық инку-

баторлар, инновациялық қорлар, инновациялық орталықтар және инновациялық қызмет инфрақұрылымының өзге де ұйымдары); инновациялық қызметті реттеуге қатысатын мемлекеттік органдар; инновацияларды жасаушылар мен тұтынушылардың мүдделерін білдіретін және қорғайтын қоғамдық бірлестіктер инновациялық қызмет субъектілері болып табылатындықтан, жалпы инновация аясының субъектілері.

Бүгінгі күні елдің ғылыми әлеуеті Білім және ғылым министрлігінің, салалық министрліктердің ғылыми ұйымдарымен, жеке ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, шаруашылық жүргізу құқығындағы сәйкес бейімді институттарының қызметін үйлестіретін ғылыми зерттеулер бағыттары жөніндегі зерттеу орталықтарымен, сондай-ақ ұлттық компанияның қарамағындағы ғылыми-зерттеу институттарымен (бұдан әрі – ҒЗИ) танымал.

Инновациялық инфрақұрылымның дамуы барлық елдерде үлкен мағынаға ие, себебі ол білімнің трансферін тездетіп, құрылымдық жұмыссыздықтың азаюына әсер ете отырып, халықтың жұмыс істеуіне негіз болады.

Инновациялық инфрақұрылым мынадай элементтерден тұрады:

- ұлттық технологиялық парктер;
- өңірлік технологиялық парктер;
- технологиялық бизнес-инкубаторлар;
- ғылым қалашықтары және с.с.

Инновациялық кәсіпкерлікті және инфрақұрылымды тікелей және жанама мемлекеттік қолдаудың әртүрлі тетіктерінің ұштастырылуына негізделген инновациялық-технологиялық даму саласындағы ғылыми-өндірістік және білім беру процестерін кешендік қаржыландыруды қамтамасыз ететін қаржылық инфрақұрылым.

Қаржылық инфрақұрылым элементтеріне мемлекеттік даму институттары; венчурлік қорлар; кәсіпорындар; жеке кәсіпкерлер; екінші деңгейдегі банктер; және басқалары.

Нарықтық шаруашылықтың инфрақұрылымдық бөлігін материалды және материалды емес өндіріс институттар аясы қалыптастырады, олар қоғамдық өнім шығару үлгісін қамтамасыз етуге бағытталады.

Қаралып жатқан мәселерге инновациялық инфрақұрылымның барлық жүйелер жиынтығын айтамыз.

Әдетте инновациялық қызметтің тиімді жүзеге асыруы үшін шағын және ірі кәсіпкерліктің өзара әсер етуі керек. Бұл үрдістегі байланыстырушы болып бизнес – инкубаторлары табылады. Технологиялық бизнес-инкубатор – инновацияны құру, қорғау құжаттарын алуға өтінімдерді рәсімдеу және инновациялық жобаны дайындау үшін жеке және заңды тұлғаларға құқықтық, ұйымдық, ақпараттық және өзге де қызметтер ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асырушы заңды тұлғалар және олар инновациялық құқықтық қатынас қатысушылары.

Технологиялық инкубаторларды инновациялық қызмет субъектілеріне ғылыми, өндірістік, кадр жөнінде, заңдық, маркетингтік, лизингтік және өзге де қызмет көрсетулерді қамтамасыз ететін заңды тұлға ретінде қарастырамыз.

Технопарк – жаңа талдамалар жасау мен игеру, қазіргі заманғы жабдықтар мен аспаптарды шығару жөніндегі тапсырыстарды орындаушы, саны аз озық технологиялы кәсіпорындары бар құрылым ретінде қарастырамыз. Заңнама технологиялық парк (бұдан әрі – технопарк) – негізгі қызметі инновациялық жобаны іске асыру үшін қажетті жұмыстар мен қызметтерді ұсыну болып табылатын біртұтас материалдық-техникалық кешенге меншік құқығы бар заңды тұлға немесе консорциум ретінде бекіткен [8].

Аталған заң технополисті жоғары және аса жоғары технологияларды әзірлеу үшін ғылымды өндіріспен және білім берумен интеграциялау, идеяларды тудыру мен оларды іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында ғылыми-зерттеу және оқу орталықтарымен біріккен ғылымды көп қажетсінетін кәсіпорындар тобы ретінде бекітеді.

Венчурлық фирмалар инновациялық өнеркәсіптің дамуда бірінші орынға ие, себебі дәстүрлі экономика салаларының техникалық қайта қаруландыруына жағдай жасайды, шағын және ірі бизнес субъектілерінің араласуына және жалпы экономикалық жақсартуға негізделген. Мемлекеттің венчурлік қорларды құруға қатысуы ҰИҚ арқылы жүзеге асырылады. ҰИҚ-тың инновациялық саясатының негізгі бағыттарының бірі құрылатын

венчурлік қордың жарғылық капиталына бақылаусыз қатысу (49%-ға дейін) жолымен отандық және шетелдік инвесторлармен бірлесіп, венчурлік қорлар құру болып табылады. Ұлттық инвестициялық қор өндіріс тиімділігін арттыруға және тауарлар мен қызметтердің жаңа түрлерін шығаруға жәрдемдесетін инновацияларды коммерциялауға қатысатын болады. Венчурлік қор – венчурлік инвестициялауды жүзеге асыру мақсатында заңды тұлға құрумен де, құрмай да жасақталған заңды және жеке тұлғалардың біріктірілген капиталы.

Венчурлік қордың компаниясын басқарушы (менеджер) – инвестициялардың объектілерін таңдау және бағалау, компаниялармен мәмілелер жасасу, олардың қызметін бақылау және олардан шығуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті қамтитын венчурлік қорды басқару үшін жауапты заңды тұлға.

Инновациялық жүйеде шағын және орта кәсіптік қызметтің координациясы, жалпы мүліктік құқықтарды қорғау үшін ассоциация түрінде, коммерциялық емес ұйымдарға бірігуі мүмкін.

Инновация инфрақұрылымдарын топтастыруға да болады. Бұл:

а) өндірістік-технологиялық, технопарктер, инновациялық-технологиялық орталықтар, бизнес – инкубаторлар, технологиялық трансфер орталықтары т.б.

б) қаржылық: қорлардың әр түрлі типтері – бюджеттік, венчурлік, сақтандыру, инвестициялық, сондай-ақ, өзге де қаржылық институттар, мысалға, жоғарғы технологиялық компаниялар саласындағы қор рыногы;

в) ақпараттық: мәліметтер мен білім базасы және қол жетімді орталықтар, сонымен қатар, аналитикалық, статистикалық ақпараттық және өзге де орталықтар, – кадрлық: ғылыми және инновациялық менеджмент саласындағы мамандарды даярлау және қайта даярлау жөніндегі білім орталықтары;

г) сараптама – консалтингтік, интеллектуалдық меншікке байланысты туындаған мәселелер бойынша көмек көрсетумен айналысатын ұйымдар, стандартизация, сертификация, сондай-ақ, қаржы саласындағы жалпы және арнайы мамандандырылған консалтинг орталықтары, маркетингтік басқаруға қатысты инвестициялар және т.б.[90].

Жоғарыда аталған жағдайлардың басым көпшілігінде, инновациялық қызмет субъектілеріне, оларға қажетті ресурстар мен қызметтерге қол жетімділік қамтамасыз етіледі, ал дәлірек айтсақ, мекемелерге, құрылыстарға, құрал-жабдықтарға және т.б.; қаржылық ресурстарға, тікелей немесе субъектілердің рыноктік құнының үлесін алу арқылы; қажетті ақпаратқа; квалификацияны талап ететін кадрлық ресурстарға немесе олардың квалификациясын арттыруды қамтамасыз ететін жүйелерге.

Әрине, инновациялық инфрақұрылымның «тетігі», сонымен қатар, оның қаржылық негізі, инновациялық жүйенің негізін қалаушы сипаттамаларға тәуелді болады.

Аудандарда инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру ең маңызды алға қойған мақсаттары болып табылатын бизнес орталықтар, бизнес – инкубаторлар, шағын кәсіпкерлікті қолдау мен өндірістік ұйымдардың инновациялық белсенділігін арттыруға бағытталған арнайы жоспарлар қалыптасуда. Бірақ, бұл жоғары деңгейден көріне алмауда.

Ғылыми парктер құру туралы идеялар – яғни, инновациялық технологияларды ойлап шығару және ғылыми өндірістерді дамытумен айналысатын, ғылыми – өндірістік қалашықтар мен кешендерді ұйымдастыру жөніндегі ойлар 1950 жылдардың бастапқы кезеңінде шетелде туындаған болатын. Ең алғашқы ғылыми өндірістер АҚШ-та қалыптасқан: Калифорниядағы Силикон Вэлли және Массачусетстегі Рут. Қазіргі таңда осындай жаңа заман талабына сай кешендер бүкіл дүние жүзіне кең таралуда, сондай-ақ бастапқы зерттеуден бастап, жаңа өнімді сатуға дейінгі барлық технологиялық тізбекті жүзеге асыра отырып, ғылыми өндірістік орталықтарға айналуға. Жалпы алғанда, қазірде 500 астам ғылыми парктер, соның ішінде технопарк пен технополис сияқты түрлері жұмыс істеуде, олардың 200 астамы Батыс Еуропа елдерінде қызмет көрсетеді [9].

Инновациялық қызметті ұйымдастырудың ерекше нысаны ретінде технопарктер мен технополистерді дамыту және таратуда келесідей екі негізгі кезеңдерді бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең ХХ ғасырдың 50 – 70 –ші жылдарын қамтиды. Бұл

кезеңде көптеген ғылыми парктер АҚШ-та, кейін уақыт өте келе Батыс Еуропаның: Ұлыбритания, Германия, Бельгия сияқты елдерінде кең етек жая бастады.

Екінші кезең 80-ші жылдардан басталып, қазіргі кезеңге дейін жалғасуда. Аталған кезеңде Батыс Еуропа мен Жапония мемлекеттерінде ғылыми парктер қарқынды екпінмен ұлғая бастады. Ал осы кезеңге дейін қызмет етіп келе жатқан АҚШ пен өзге елдердегі ғылыми парктер, өзінен кейінгі ғылыми – өндірістік қалашықтар мен кешендерді қалыптастырып, жаңа деңгейде дамып, түрлі модификацияға, яғни өзгеріске ұшырады. 80-ші жылдары шетелдерде көптеген батыс ғалымдарының, зерттеушілердің еңбектерінде алғашқы ғылыми парктерді қалыптастыру жөніндегі тәжірибелерді теориялық тұрғыдан негіздеуге бағытталған әрекеттер жасалынған болатын.

Қазіргі таңда АҚШ -та технополистер кең қарқынмен дамуда. 80-ші жылдардың ортасында аталған елдің 32 жуық ауданында ғылыми парктер жұмыс істесе, ал 90-шы жылдардың басында АҚШ-та 128 ғылыми-технологиялық кешендер қызмет көрсетті [12].

Ғылыми парктер мен технологиялық орталықтарды қалыптастыру мен дамыту басқа еуропа елдерімен салыстырғанда Батыс Германияда кейінірек басталды. Ең алғашқысы 1983 жылы құрылған болатын. Ол Берлин инновациялық орталығы (БИО). Алайда 80-ші жылдардың соңына таман Германияда 70 аса парктер қызмет көрсетті.

Дүние жүзінде ғылыми парктердің кең таралуы, бұл феноменнің пайда болуы негіздері туралы, оның мәні, әлеуметтік процестердегі маңызы мен орны туралы ойландырыды.

Батыс елдері мен Жапонияда 80-ші жылдары ғылыми парктердің қарқынмен дамуы бірнеше кешенді себептермен байланысты. Ең маңызды себептерінің бірі өндірістерді дамыту ресурстарының азаюна, әсіресе, 70 жылдарда мұнай бағасының артуына байланысты тереңдей түскен өңделуші ресурстардың кемуі. Көптеген дамыған елдерде, соның ішінде АҚШ-да, көптен бері жаңартылмаған дәстүрлі ауыр өндіріс салалары, атап айтсақ, автомобиль жасау, кеме құрылысы және металлургия өндірісіне көп көңіл бөліне басталды.

Негізгі қызметі инновациялық жобаны іске асыру үшін қажетті жұмыстар мен қызметтерді ұсыну болып табылатын біртұтас материалдық-техникалық кешенге меншік құқығы бар заңды тұлға немесе консорциум технопарк. Технологиялық парктердің консорциум ретінде қарастырылуы қатысушылары заңды тұлға болған жағдайда орын алады.

Технопарктер мен технополистердің туындауының себептерінің бірі үшінші мыңжылдықта дамыған елдердің экономикалық келбетін, сондай-ақ осы технологиялар негізінде жасалынатын жаңа ғылыми-өндірістік салаларын, дәлірек тоқталсақ, мысалға, электроника, биотехнология, дүние жүзілік мұхит ресурстарын игеру, жаңа өндірістік материалдарды шығару, ЭВМ-ді математикалық қамтамасыз ету, арнайы химия, оптика, ақпарат индустриясы, дизайн және т.б. салаларын көрсететін, технологияны дамытуға деген қажеттілік. Жоғарыда аталған салалардың табысқа жетуінен белгілі бір мемлекеттің келешегі зор жаңа ғылыми өндіріс рыногін жаулап алу перспективасымен өте тығыз байланысты.

Ғылыми парктерді маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің тиімді жолдары мен механизмі ретінде қарастыруға болады.

Бүгінгі таңда түрлі елдерде ғылыми парктердің көптеген модификация-лары бар: зертханалық, өндірістік, экологиялық, биотехнологиялық жән бизнес-парктер, инновациялық және технологиялық орталықтар, технополистер, индустриалды – технологиялық кешендер және т.б.

Ғылыми парктерді мынадай түрлерге топтастыруға болады: өндірістік парктер; бизнес және кеңсе (офис) парктері; зерттеу, технологиялық және ғылыми парктер; технополистер.

Осылайша ғылыми парктер классификациялаудың басты себебі ғылыми – технологиялық кешеннің (өндіріс) базалық ұйымдастырылуында. Өндірістік парктер үшін ол – өндірістік мекеме (фирма); бизнес парктер үшін – ғылыми негіздегі компанияларға кешенді қызмет көрсететін фирма; зертханалық және ғылыми парктер үшін (тар мағынада) – ғылыми зерттеу институты немесе жоғарғы оқу орны; ал технополистер үшін – ыңғайлы орналасқан ғылыми және өндірістік-технологиялық кешендер.

Технологиялық парктер мен зерттеу және ғылыми парктер бір топқа жатқызылып қарастыруға да болады. Кейде осы тұрғыда мынадай даулы мәселе туындауы мүмкін: егер де технологиялық парк қызметінің басты мақсаты жаңа технологиялар өндіру болса, онда оны зерттеу паркіне жатқызамыз, ал егерде парк технологиялық енгізумен айналысатын болса, онда атқаратын қызметінің түріне сәйкес ол өндірістік парктерге жақын.

Кейбір ғалымдардың еңбектерінде кездесетін, ғылыми парктерді күрделілігіне байланысты өсу ретімен жіктеу ең сәтті және логикалық құрылысы жөнінен дұрыс болып табылады. Атап өтсек: 1) инновациялық орталықтар (инновациялық бизнес инкубаторлары, ғылыми отельдер) 2) технопарктердің түрлі типтері (зерттеу, инновациялық, өндірістік, экологиялық және т.б.) 3) технополистер.

Өзінің құрылысы жөнінен парктің ең қарапайым түрі – инкубатор. Ол жаңадан қалыптасып келе жатқан фирмаларға қызмет көрсететін орталық болып табылады. Технопарктер өндірістік-технологиялық зоналардан, «инкубатордан» және арнайы орталықтардан және секторлардан тұратын аумақтық кешен ретінде де қарастырылады.

Технополис жеке қала базасының негізінде қалыптастырылатын үлкен ғылыми – өндірістік аумақтық кешен. Ғылыми парктің бұл түрі бірнеше технопарктердің, инкубаторлардың және қаланың өмірін қамтамасыз ететін түрлі құрылымдық кешендердің жиынтығы болып табылады [92]. Ғылым мен технологиялар аумағы немесе ғылыми парктер агломерациясы әдетте технополистерден, технопарктерден, инкубаторлардан, сонымен қатар, зерттеу мен ғылыми өндірістік парктердің қызметін және жалпы аумақтың әлеуметтік тұрмысын қолдайтын көппрофильді және өзі атқаратын қызметіне сай әр түрлі инфрақұрылымдардан тұрады. Біздің заңнамамызда аталған инфрақұрылымдар толық реттелмеген.

Инкубаторлар, технопарктер, технополистер және ғылыми парктерді ғылыми парктердің негізгі модельдері ретінде қарастыруға болады.

Өзінің құрылымымен, атқаратын қызметі және жүзеге асыратын қызметінің көлемі жағынан ғылыми парктің ең қарапайым моделі – «инкубаторлар» (инновациялық орталық), бірнеше бөлмеден ғана тұратын, кішігірім мекемеде орналасқан ғылыми – өндірістік құрылым. Технологиялық инкубаторлардың мақсаты материалдық, ақпараттық, консультативтік және басқа да қажетті қызмет көрсету жолымен шағын және орта инновациялық кәсіпорындардың пайда болуы және тиімді қызметі үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Технологиялық инкубаторлар өз қызметі барысында жаңадан кіріскен шағын инновациялық кәсіпорындарды инкубаторлардың шегінен тыс дербес қызметіне дайындау және кәсіпкерлердің жобаларды даярлау, өндірісті құру және оны басқару аясындағы білім деңгейін арттыру міндеттерін шешеді.

Технологиялық инкубаторлар жеңілдік жағдайында өндірістік және әкімшілік алаңдарды жалға беру, жалпы коммуналдық қызметтер, байланыс, бухгалтерлік есеп, іс жүргізу қызметтерін көрсету, жабдықтар лизингін ұйымдастыру, консультациялық қызметтер; шағын және орта инновациялық кәсіпорындарды ұйымдастыруға жәрдемдесу; қаржы-қаражат іздестіру және тарту; еңбекке қабілетті халықтың жұмыспен қамтылуын ұлғайту міндеттерін де шешеді.

Кез келген заңды және жеке тұлғалар, оның ішінде шетелдіктер де, технологиялық инкубаторлардың құрылтайшылары болуы мүмкін. Жарғылық капиталына орталық және жергілікті атқарушы органдар, аймақтық және салалық инновациялық бағдарламалар шеңберінде мемлекеттік кәсіпорындар қатысуы мүмкін.

Мұнда апробация мен ғылыми идеяларды енгізумен айналысатын, сондай-ақ өз қызметін өнімнің тәжірибелі түрлерін өңдеумен аяқтайтын венчурлік инновациялық фирмалар мен клиенттерге қызметтер жиыны ұсынылады, олар – маркетингті жүзеге асырғанға дейінгі мерзімге жалға берілетін мекемелер немесе құрал-жабдықтар, кішігірім өндірісті бизнес – жоспарлау мен ұйымдастырудағы көмектер болуы мүмкін. Технологиялық бизнес-инкубаторлар мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) шарт жағдайында инновациялар құруға қажетті материалдық-техникалық база ұсыну;

2) шарт жағдайында зияткерлік меншік объектілерін қорғау құжаттарын алуға өтінімдер ресімдеуге қажетті жұмыстар мен қызметтер ұсыну;

3) инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін және инновациялық жобаны қаржыландыруға арналған құжаттарды әзірлеуге жәрдем көрсетуді қоса алғанда, шарт жағдайында инновациялық жобаны әзірлеу үшін қажетті жұмыстар мен қызметтер ұсыну;

4) инновациялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тартуға жәрдем көрсету;

5) инновациялық қызметті жүзеге асырушы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін ұйымдастыруға жәрдем көрсету [93].

Инновациялық фирмалар диалогтары мен бірлестіктері инновациялық қызмет аумағы болып табылады, ал оларға қызмет көрсететін инфрақұрылымдар қазіргі заманның өндіріс мәдениеті мен инновациялық процестерді басқарудың ерекше феноминін қалыптастырады. Өз кезегінді бұл феноминнің басты мәні – элементтердің әрқайсысы өз алдына дербес, автономды әрекет ете алады, дегенмен біріккен сәтте, оларды өзінің тармақтарынан ерекшелейтін жаңа бір қасиет пайда болады.

Инновациялық фирмалар және оларға қызмет көрсететін компаниялар ғылыми парктер шегінен дербес өмір сүреді. «Инкубатор» құрылымындағы олардың бірлестігі не ұсына алады? «Инкубатордың» түрлі сервистік қызметтеріне көмекке жүгіне отырып, кішігірім инновациялық фирмалар өз қаржы тетіктерін, сондай-ақ өз уақыттарын үнемдейді. Өйткені толықтай немесе айтарлықтай бөлігін, яғни қажетті сервистік қызметтер тізімін (қаржылық, заңи және т.б.) өз паркінің аумағының шегінде ала алады. «Инкубатордың» (өзге де ғылыми парктер) тағы да бір ұтымды жақтарының бірі – кішігірім фирмалар ғана әрекет етеін шағын кәсіпкерлік орта. Мұнда кәсіпкерлер өзара келісім жасауға, мәселелерді талқылауға өзге де қарым – қатынас жасауға мүмкіндік алады. Ал өз кезегінде «инкубатордың» сервистік ком-

паниялары кішігірім фирма келбетіндегі тұрақты клиенттерге, ал кей жағдайларда бизнестегі әріптестерге ие болады. Қазіргі кездегі инновациялық қызметтің дамуына мемлекеттің рөлінің орасан зор екендігін ғалымдар атап өтеді [94].

Өзінің көлемі мен құрылымы жөнінен күрделі ғылыми парк түрі жоғарыда тоқталып өткен технологиялық парк. Инкубаторлармен салыстырғанда ғылыми парктің моделі ретінде технопарктер өнімнің тәжірибелі, сапалы түрлерін өндеумен қатар, сериялық және массалық өндіріспен айналысады. Көбінесе өзінің ғылыми – технологиялық ұйымдастырылуына қарай мамандандырылған технопарктер өндірістік, экологиялық т.б. болып бөлінеді. Әдетте, технопарктер – жеке дербес зерттеу базасы, тәжірибелі полигондары, зертханалары бар бірнеше өндірістік мекемелер негізінде құрылған аумақтық кешен ретінде қалыптасып қызмет етеді. Негізгі топқа зерттеу парктері жатады. Технопарктің бұл түрін кең таралған парктер қатарына жатқызуға болмайды, себебі, оның мәнісі белгілі бір деңгейде ғылыми өнімдерді өндіру мен ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерциялауға бағытталған кешен ретіндегі ғылыми парктер туралы идеяға қарсы келеді.

Зерттеу парктарының ең қарапайым мысалы ретінде, университет базасы негізінде құрылған Шотландиядағы Хериогт – Уоттский ғылыми паркін келтіруге болады. Аталған парк Еуропадағы жариялы түрде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілген жалғыз ғана парк болып табылады. Ғылыми отельмен қатар, технопарк құрамына жаңа өнімді өндірумен айналысатын белгілі бір жоғарғы технологиялық фирмалар саласында мамандандырылған инновациялық – технологиялық орталықтар кіреді. Сонымен қатар технопарктердің инфрақұрылымына өндірістік – технологиялық зонадағы фирмаларға қызмет көрсететін түрлі консалтингтік және сервистік компаниялар мен орталықтар да енеді.

Мемлекет инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысуға құқылы. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құрудың мақсаты өндірістік қызметті, экономикалық, құқықтық және әлеуметтік қатынастарды жетілдіруге бағытталған ғылыми зерттеулер мен әзірлеме-

лердің нәтижелерін пайдалану процесінің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететін ұлттық инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру болып табылады.

Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері мынадай мәртебе бойынша танылады:

- 1) халықаралық;
- 2) ұлттық (мемлекеттік);
- 3) салааралық;
- 4) салалық;
- 5) аймақтық.

Қазақстан Республикасында жеке және (немесе) заңды тұлғалар инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерінің құрылтайшылары бола алады [8, 38].

Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңының 7-бабына сәйкес, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалар инновациялық қызметке жәрдемдесу мақсатында инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерінің жарғылық капиталына қатыса алады.

Технологиялық бизнес-инкубаторлардың инновациялық қызмет субъектілеріне жұмыстар мен қызметтер ұсыну үшін тиісті біліктілігі бар персоналы, сондай-ақ инновацияларды құру үшін жеткілікті кеңсе және өндіріс үй-жайлары болуға тиіс. Бұл инновациялық қызметтің қалыпты жүзеге асырылуына үлкен көмегін тигізеді.

Технологиялық полистер мен технологиялық парктерді құрудың мақсаты – өндірістік қызметті, экономикалық, құқықтық және әлеуметтік қатынастарды жетілдіруге бағытталған ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін пайдалану процесінің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететін елдің инновациялық инфрақұрылымының құрамдас бөлігі болып табылатын инновациялық қызметтің субъектілерін ұйымдастыруға бағытталған.

Технологиялық полистер мен технологиялық парктердің қызметі мынадай міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс:

- 1) отандық және әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің үздік жетістіктерін өндіріске енгізу;

- 2) жаңа инновациялық өндірістерді құруға жәрдемдесу;
- 3) ғылыми-техникалық зерттеулерді және инновациялық өндірістерді инвестициялау;
- 4) ғылыми-техникалық прогреске жәрдемдесетін идеяларды қалыптастыру және әзірлеу;
- 5) инновациялық кәсіпорындарға отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін инфрақұрылым құру және қолайлы жағдай жасау;
- 6) ғылыми-техникалық кадрларды, әсіресе жаңа технологиялар мен инновациялық өндірістер саласында даярлау және қайта даярлау бағыттарын жедел қайта бағдарлауға жәрдемдесу;
- 7) ғылыми ұйымдардың ғылыми зерттеулерінің, ашылымдарының және өнертабыстарының нәтижелерін коммерцияландыратын шағын инновациялық кәсіпорындар мүдделерінде құрылатын инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту;
- 8) экономиканың және әлеуметтік саланың инновациялық өнімге қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, оқу ұйымдарының және кәсіпкерлік орта өкілдерінің күшін біріктіру;
- 9) экономика, менеджмент, маркетинг саласында кәсіпкерлерді оқыту және дайындау, олардың кәсіптік, құқықтық, экономикалық және басқару білімдерінің деңгейін арттыру;
- 10) нақты сектордың өкілдерін қолда бар отандық және шетелдік ғылыми-техникалық әзірлемелердің көлемінде бағдарлау мақсатында ғылыми және технологиялық ақпаратты тарату;
- 11) инновациялық кәсіпкерлікті құруда және дамытуда материалдық-техникалық көмек көрсету;
- 12) инновациялық кәсіпкерліктің өкілдеріне маркетингтік, консультативтік және басқару қызметін көрсету;
- 13) инновациялық өнімге мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша тендерлерге қатысу [8].

Технополистер сонымен қатар инновациялық жобалар бойынша құқықтық сараптама жасауы тиіс.

Технологиялық полистің немесе технологиялық парктің міндетті құрылымдық бөлігі:

1) инновациялық өнімді әзірлеуді және сериялық өндірісті ұйымдастыру үшін тәжірибелік-өнеркәсіптік игеруге дейін жеткізуді қамтамасыз ететін зертханалық, тәжірибелік-конструкторлық, өндірістік базасының болуы;

2) шағын жаңадан кірісуші инновациялық фирмаларға 3 жылдан артық емес жеңілдік мерзіміне өндірістік үй-жайлар беретін шағын бизнес инкубаторы;

3) технологиялық парктің компанияларына технологиялық полис немесе технологиялық парк қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келмейтін ақпараттық, заңдық, патенттік, лицензиялық, инжинирингтік, маркетингтік, бухгалтерлік, қаржылық, жарнамалық-басылымдық және басқа да қызмет көрсететін сервистік кәсіпорындар мен фирмалар болып табылады [8].

Технопарктер мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

– жаңа технологиялық процестерді, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сертификаттау мен стандарттау және тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) сериялық өндірісін бастау мақсатында тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер, сынақтар жүргізу кезеңін қоса алғанда, инновациялық жобаны іске асыру үшін қажетті кеңсе үй-жайлары мен өндірістік базаларды беруді, зертханалық жабдыққа, коммуникацияларға және басқа да объектілерге қол жеткізуді қоса алғанда, шарт жағдайында материалдық-техникалық базаны ұсыну;

– инновациялық жобаны іске асыру үшін шарт жағдайында жеке және заңды тұлғаларға құқықтық, ұйымдық, ақпараттық қызметтер ұсыну;

– инновациялық менеджмент негіздерін оқыту;

– технопарктың аумағында орналасқан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне консультациялық қызметтер ұсынатын ұйымдарды тарту үшін жағдайлар жасау;

– кәсіпкерлік субъектілеріне отандық және шетелдік ғылыми және технологиялық ақпаратты тарату.

Технопарктердің инновациялық қызмет субъектілеріне жәрдем көрсетуге қажетті меншік құқығындағы немесе тұрақты немесе уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығындағы жылжымайтын объектілерді қоса алғанда, материалдық-техникалық базасы болуға тиіс.

Технопарктерде сараптау кеңестері құрылуы мүмкін.

Сараптау кеңесі:

- 1) инновацияларды әзірлеушілерден, кәсіпкерлерден түсетін өтінімдер мен жобаларды алдын ала талдауды жүзеге асырады;
- 2) жобаның жаңалығын және техникалық орындалуын, құрылатын инновацияның нарықтық тартымдылығын, оның экономикалық орындылығын бағалайды [8].

Инновациялық инфрақұрылымға инновациялық қорларды да жатқызамыз. Инновациялық қорлар мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- 1) инновациялар құруды және енгізуді қаржыландыру;
- 2) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық қызметті іске асыруы үшін қаржы қаражатын іздестіру және тарту;
- 3) инновациялық қызметтің субъектілеріне маркетинг, консультация және басқарушылық қызметтерін көрсету.

Ұлттық инновациялық қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, ұлттық басқарушы компания жалғыз акционері болып әрекет ететін, акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық ұйым болып табылады. Ұлттық инновациялық қор ұлттық даму институты болып табылады.

Жалпы Ұлттық инновациялық қор қызметінің мақсаты елдегі жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, соның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу.

Ұлттық инновациялық қор инновациялық технологияларды ауыстыру, қарызға беру және дамыту, оларды коммерцияландыру мен енгізу саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту; инвестицияланатын компаниялардың жарғылық капиталына үлестік бақылаусыз қатысу және (немесе) қаржылық лизинг арқылы инновациялар құруды және енгізуді қаржыландыру; сыртқы нарықтарға отандық инновацияларды жылжыту; инновациялық инфрақұрылымды дамыту; инновациялардың құрылуын және енгізілуін қаржыландыруды жүзеге асыратын инновациялық қорлар мен инвестициялық қорлардың жарғылық капиталына бақылаусыз қатысу міндеттерін жүзеге асыруы заңмен бекітілген.

Ұлттық инновациялық қордың Инвестициялық саясат туралы меморандумына сәйкес инвестициялық саясатты жүзеге асыруға құқылы. Ұлттық инновациялық қордың Инвестициялық саясат туралы меморандумы Ұлттық инновациялық қордың инвестициялық қызметіндегі негізгі құжат болып табылады. Ұлттық инновациялық қордың Инвестициялық саясат туралы меморандумы Ұлттық инновациялық қордың инвестициялық саясатының негізгі басымдықтарын айқындайды, инвестициялық қызметті жүзеге асыру, қаржыландырылатын жобалардың іске асырылуының, инвестицияланатын компаниялардың қаржылық жай-күйінің мониторингі мен талдануы, Ұлттық инновациялық қордың инвестицияланатын компаниялардан шығуы туралы шешім қабылдауы жөніндегі негізгі ережелерден тұрады, Ұлттық инновациялық қордың инвестициялық қызметінің сапалық және сандық өлшемдері мен шектеулерін белгілейді.

Сонымен қатар қор ғылыми-техникалық, экономикалық сараптамалар мен патенттік зерттеулердің нәтижелері бойынша инновациялық жобаларды инвестициялаудың орындылығын айқындауға; шарт негізінде сарапшылар және консультанттар тартуға; ішкі нарықта Ұлттық инновациялық қордың Инвестициялық саясат туралы меморандумында айқындалған шекте және тәртіппен өтімділігі жоғары қаржы құралдарының бос қаражатын орналастыруға; Ұлттық инновациялық қордың Инвестициялық саясат туралы меморандумында белгіленген шектеулерді ескере отырып, инновациялық жобаларды іріктеуді және оларды инвестициялауды жүзеге асыруға; инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысуға; экономикалық коммерциялық тиімділігі және технологиялық дамуы тұрғысынан әлеуетті перспективалы болып табылатын, жаңа технологиялар, тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) жасауға бағытталған қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге өз қаражатынан гранттар беруге; шетелдік инновациялық немесе инвестициялық қорларға инвестициялауды жүзеге асыруға құқылы [95].

Ұлттық инновациялық қор коммерциялық ұйым болғандықтан пайда табу мақсатын көздейді инвестицияларды жүзеге асыру үшін мынадай көздер пайдаланылады:

- 1) Ұлттық инновациялық қордың жарғылық капиталы;
- 2) Ұлттық инновациялық қордың кірістері;
- 3) халықаралық қаржы ұйымдары, шет мемлекеттер мен қаржы институттары беретін гранттар.

Ұлттық инновациялық қордың кірістер алуының негізгі нысаны Ұлттық инновациялық қор инвестицияларының бастапқы құны мен шығу кезіндегі олардың өткізу құны арасындағы айырманы білдіретін қаржыландыратын жобалардан Ұлттық инновациялық қордың шығуы кезіндегі кірістер болып табылады.

Заң бойынша Ұлттық инновациялық қордың:

- 1) акциялардан басқа, бағалы қағаздардың өзге түрлерін шығаруға;
- 2) қарыздар беруге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер беруге және кепілгер болуға;
- 4) міндеттемелерді қабылдау шарттары мен тәртібі, сондай-ақ оларды жүзеге асыру мақсаттары Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ұлттық инновациялық қордың жарғысына және Инвестициялық саясат туралы меморандумына қайшы келетін міндеттемелерді ез мойнына алуға құқығы жоқ [93].

Тағы бір ескере кететін жағдай Ұлттық инновациялық қор алкоголь және темекі өнімдері өндірісіне, ойын бизнесіне инвестицияларды салмайды.

Инновациялық инфрақұрылым субъектілері болып табылатын технологиялық бизнес-инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеу жүргізіліп отыруы тиіс. Уәкілетті орган технологиялық бизнес-инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеуді жүзеге асырады.

Технологиялық бизнес-инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеу өтініштері негізінде ерікті жүргізіледі.

Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін аккредиттеу бірыңғай жалпы республикалық инновациялық инфрақұрылым қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін аккредиттеуді Инновациялық қызметті үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық кеңеспен бірлесіп, инновациялық қызмет сала-

сындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (уәкілетті орган) жүзеге асырады. Уәкілетті органға инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері аккредиттеу алу үшін мынадай құжаттар тапсырады:

1) уәкілетті орган белгіленген нысандағы аккредиттеу жүргізуге және аккредиттелгені туралы куәлік беруге өтініші;

2) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің даму деңгейін сипаттайтын кешенді анықтама;

3) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісін заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі және олардың құрылғанын растайтын өзге де құжаттар;

4) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің Жарғысы мен құрылтай құжатының нотариалды куәландырылған көшірмелері;

5) тіркеу орны бойынша салық органының ұйымның салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындағаны туралы анықтамасы (уәкілетті органға құжаттарды берген күннің алдындағы соңғы ай үшін беріледі);

6) ұйымның қаржылық жай-күйі туралы банктің анықтамасы (уәкілетті органға құжаттарды берген күннің алдындағы соңғы ай үшін беріледі);

7) ғимараттардың, үй-жайлардың техникалық паспортының және инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісіне бөлінген жер мен аумақты пайдалану құқығына берілген актінің нотариалды куәландырылған көшірмелері;

8) құны мен шыққан жылы көрсетілген негізгі құрал-жабдықтардың тізбесі;

9) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісі өз клиенттеріне көрсететін қызмет көрсетулердің толық тізбесі;

10) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісі даму бағдарламасының (ең кемінде үш жылға) егжей-тегжейлі сипаттамасы;

11) өз тарапынан қол қойылған ұсынылған деректер мен құжаттардың растығын тексеруге келісімі туралы меморандум [8].

Тексеріс аяқталған соң комиссия мынадай өлшемдер негізінде қорытынды дайындайды:

– инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің мақсаттары, міндеттері мен функцияларына сәйкес қажетті материалдық-техникалық база мен оның инфрақұрылымының болуы және оларды құру жөніндегі әлеуетті мүмкіндігі;

– инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің мақсаттары, міндеттері мен функцияларына ұйымдастыру құрылымының, клиенттерге ұсынылатын қызмет көрсетулер тізбесінің, клиенттерді қабылдау және шығару рәсімдерінің сәйкестігі;

– шығындардың және бюджет пен басқа да міндетті төлемдер алдында берешектің болмауы;

– инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің даму бағдарламасын іске асыруға қабілетті білікті мамандардың болуы;

– ғылыми және оқу ұйымдарымен тығыз байланыстардың болуы.

Нәтижесінде инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісінің құжаттарын зерделеу немесе оны тексеру нәтижелерінің қорытындысы бойынша комиссия оларды аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы және аккредиттелгені туралы куәлік беру (беруден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Заңнамаларымызға сәйкес, аккредиттелгені туралы куәлік беруге өтінімді қарау мерзімі 3 айдан аспауы қажет. Біздің ойымызша бұл мерзім қысқартылуы тиіс. Себебі бұл аралықта инновацияның дамуына байланысты қысқартылған мерзімнің алатын орны ерекше және бұл контрагенттер үшін де маңызды. Себебі аккредиттеуден өтпейінше біз басқа контрагенттер немесе қаржыландыру мәселесінде кедергілер болуы мүмкін.

Аккредиттеуден өткен инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісіне уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша 3 жыл мерзімге тиісті куәлік беріледі. Аккредиттеу туралы куәлік алған инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері туралы немесе куәліктерді кері қайтарып алу туралы ақпарат

уәкілетті орган арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми басылымдарда жарияланады [93].

Жиырмасыншы жүз жылдықтың 90-жылдары ғылыми-технологиялық әлеуетті әлсіретуге, ғылымды қажетсінетін өндірістердің дағдарысына әкелген, Қазақстанда ғылыми-технологиялық дамытудың маңызды стратегиялық бағыттарындағы зерттеулерді күрт қысқарту, ғалым беделінің және ғылыми нәтижелердің сұранысқа ие болуының құлдырауы, кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің төмендеуі, мамандар мен зияткерлік меншіктерді шетелге қайтару болды.

Инновациялық процестерді басқаруға кешендік, жүйелік әрекет етудің болмауы елдің инновациялық әлеуетін дамытуды тежейді және оны одан әрі дамытудың басымдықтарын дұрыс білдіруге мүмкіндік бермейді.

Шешім таппауы отандық инновациялық әлеуеттің дамуына теріс әсер ететін мынадай негізгі проблемаларды бөлуге болады:

- оларды тұтынушылардың талап етуі үшін оларды рынокқа шығару мақсатында технологиялар мен өнімдердің көпшілік ғылыми әдістемелерінің аяқталмауы. Бұл әлеуетті серіктестердің көз алдында ұсынылған технологиялардың (немесе өнімдердің) құнын күрт төмендетеді;

— технологиялық жаңа ендірімелерді енгізудің және оларды рынокқа шығарудың қазіргі заманғы тетігінің болмауы. Нарықтық жағдайлардағы жаңа ендірімелерді игеру тетігі жоғарғы тәуекел, бірақ табысты жағдайда жоғары қайтарым тән болатын шағын инновациялық нарықпен үздіксіз байланысты. Дамыған экономикаларда шағын инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін қажетті жағдайды (инфрақұрылымды) қамтамасыз ететін халық шаруашылығының ерекше секторы жұмыс істейді;

— инновациялық жобаларға жәрдемдесетін, технологиялық парктер және мамандандырылған бизнес-инкубаторлар, тәуекелдік қаржыландыру қорларының желісі (венчурлік қорлар), олардың жылдам өсу кезеңіндегі фирмаларды қолдаудың арнайы қаржылық тетіктері, фирмаларды және зияткерлік меншікті сертификацияланған бағалаушылар және басқалары сияқты, дамыған инфрақұрылымдық элементтердің болмауы;

– ішкі рынокта озық технологияларға және өнеркәсіптік жаңа ендірмелерге төлем қабілетті тапсырыстың болмауы. Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет қызметтер саласына жатады және бұл қызметтерді рынок талап етуі тиіс. Өкінішке орай, ғылыми қызметтер мен ғылымды қажетсінетін өнімдердің отандық рыногы қазіргі уақытта өте аз. Кәсіпорындардың көпшілігі ғылымның қызметтерін «сатып ала» алмайды.

Инновациялық жүйе қалыптастыруға жүйелік әрекет жасауды іске асыру үшін мемлекет тікелей немесе жанама қатысу арқылы инновациялық саясатты тиімді іске асыра алатын, оның негізгі кіші жүйелерін бөлу және қайта талдау қажет.

Инновациялық кәсіпкерлікті және инфрақұрылымды тікелей және жанама мемлекеттік қолдаудың әртүрлі тетіктерінің ұштастырылуына негізделген инновациялық-технологиялық даму саласындағы ғылыми-өндірістік және білім беру процестерін кешендік қаржыландыруды қамтамасыз ететін қаржылық инфрақұрылым.

қаржылық инфрақұрылым мынадай элементтерден тұрады:

- мемлекеттік даму институттары;
 - венчурлік қорлар;
 - кәсіпорындар;
 - жеке кәсіпкерлер;
 - екінші деңгейдегі банктер;
- және басқалары.

2.4 Индуриалды-инновациялық бағдарламаларды (жобаларды) жүзеге асырудағы мемлекеттің қаржылық қатысуының құқықтық-ұйымдық нысандары

Қаржы саясатының альтернативасы мемлекеттің бюджеттік тетіктердің белгілі бір инновациялық қызмет сегменттеріне орталықтанғанына немесе орталықтанбағанына байлынысты.

Бірінші жағдай – әкімшілік модель, қаржыларды бөлу құралы болып федералды және аумақтық бюджет танылады, ал оны қозғалысқа келтіретін механизмі болып атқарушы биліктің тар-

мағы әкімшілік аппараты танылады. Орталық бюджет квоталары министрліктерге, ведомстволарға және өзге де тікелей бюджет алушыларына бөлінеді, олар өз кезегінде нақты бір ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қаржыландырады немесе нақты бір ғылыми-техникалық ұйымдардың қызметін қаржыландырады. Соңғысы кей жағдайларда – творчестволық, ғылыми-техникалық және т.б. орталарын қаржыландыру деп аталады. Либеральды моделі – бөлінген қызметтердің негізгі бөлігін рынокқа, яғни билік етуші субъектілерге беру арқылы жанама реттеу болып табылады. Мемлекет заң, салық және басқа да реттеу тетіктері арқылы өз қаражаты есебінен ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыру қызметін ынталандырады. Осылайша, экономика субъектілеріне тиімді жолмен қаражат өз қажеттіліктеріне жұмсалады. Мемлекет министрліктер мен ведомстволар арқылы қорғау, әлеуметтік қамсыздандыруды ұйымдастыру т.б. функцияларды жүзеге асырады.

Либералдық модельде тиімді шешу жолдарын қамтамасыз ететін қаржыландыру механизмдерін, мысалға, жобаларды тәуелсіз сараптау, конкурс көмегімен таңдау, қайшылық тудыратын мүдделерді алып тастау және т.б. қолданылады. Осы тұрғыдан, тіпті, мемлекеттік бюджет шығындары, мысалы, ғылыми-техникалық жұмыстарға, ерекше жағдайларда ведомстволық каналдар арқылы емес, арнайы қорлар арқылы тиімді бөлінеді. Инновациялық жобаларды қаржыландыру кезінде алдымен өтінім берілуі тиіс. Өтінім берушілер Қазақстан Республикасының резиденттері және олар «Ұлттық инновациялық қорға» өтінім береді. Өтініммен қоса қажетті құжаттар берілгеннен кейін оған тіркеу номері беріледі. Жобаны таңдау инвестициялық саясаттың Меморандумына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл жерде бастапқы таңдау тиісті деп қорытындыланғанымен қаржыландырылу жүргізілмейді жобаға кешенді ғылыми-техникалық және экономикалық сараптама жүргізіледі. Сараптама бірнеше кезеңдерден тұрады: Қордың мамандарының сараптамасы; тәуелсіз сарапшылардың сараптамасы; Сараптама Кеңесінің сараптамасы. Ал, қордың құрылымдық бөлімшелері жобаның құқықтық, қаржылық-экономикалық, маркетингтік, ғылыми-техникалық аспектілерге са-

раптама жасайды. Мұның нәтижесінде қордың Инвестициялық комитеті Қордың Басқармасына қорытындысын береді және тәуелсіз сарапшыларға сараптама жүргізу туралы немесе жобаны әрі қарай қараудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Тәуелсіз сарапшылар сараптама жүргізгеннен кейін Эксперттік кеңес сараптама жасайды. Бұл шаралар біткеннен кейін оң шешім болған жағдайда қор Басқармасы қаржыландыру немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды. Оң шешім болған жағдайда инвесторларды табу және олармен келісімдер жүргізу жұмыстарын жүзеге асырады. Кейін өтінім берушімен шарт жасалады. Бірақ сараптама өткізудің мерзімдері аталған ережеде көрсетілмеген. Сондықтан неғұрлым қысқа мерізм белгіленген дұрыс деп санймыз, себебі бұл қаржыландырудың инновацияны айналымға қосу үшін атқаратын ролі зор.

Аталған жұмыста біз қаржылық инфрақұрылымның маңызды компонентін – қорлар жүйесін және оның экономикадағы инновациялық процесстерді тездетуді қолдаудағы маңыздылығын қарастырамыз. Нақ осы контексте қорлар түрінде арнайы мәртебеге ие және белгілі бір жобалар мен бағдарламаларды қаржыландыруды жүзеге асыратын ұйымдар түсініледі. Қаржылық қызметті мемлекеттік қызмет ретінде инновациялық қызметті қалыптастыруда және үйлестіруде мемлекет негізгі орган [95].

Қазіргі таңда рыноктың элементтері ретінде қорлардың бірнеше түрлері әрекет етеді, коммерциялық және коммерциялық емес. Коммерциялық емес қорларды циклдың бастапқы сатыларында жұмыс атқаратын инновациялық қызметтің субъектілері қаржыландырса, ал коммерциялық қорларды экономикалық өсу сатысында әрекет етіп, ұлттық және глобалдық рыноктарды жаулап алу сатысында жұмыс атқаратындар.

Жоғарыда көрсетілген екі қор түрлерін ұйымдастыру мен басшылық ету әдістерінің бір-бірінен айырмашылықтары бар. Дегенмен де ғылыми-техникалық қорлар қызметінің негіздел жалпыға ортақ қағидаларын атап өтуге болады.

Қорларда жобаларды таңдап алудың жаңа технологиясы да жүзеге асырылуда. Ол ғылыми қоғамдастықтың әкімшілік басшылығымен емес, ғылыми сараптамашыларымен, яғни, квали-

фикацияланған ғалымдарымен өткізілетін, сараптама негізінде түскен өтініштерді конкурс арқылы таңдау түрінде жүргізіледі. Басқаша айтсақ, «әріптестер берген баға» деуге де болады.

Қорларда қаржыландыру, есеп беру және қаржыларды жұмсауға бақылау жасайтын механизмдер жұмыс істейді. Жұмыс конкурс арқылы жеңіске жеткен өтініш берушіге грант беру арқылы қаржыландырылады. Өтініште ғалым зерттеуге жұмсалатын шығындар сметасын негіздеуге міндетті, ал оның нәтижелерін аяқталысымен ашық баспада жариялауы тиіс. Бұл ғылыми қоғамдастықтарға бөлінген қаржыға жасалынған жұмысқа баға беруге, зерттеудің сапасы мен деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Әрине, бұл тек қана «теория». Бірақ шын мәнісінде өмірде көптеген кемшіліктер мен кедергілер кездесіп жатады. Сараптамашылармен алдын-ала келісу, қор аппаратының сараптама процедурасына араласуы, сараптама (ғылыми) кландардың туындауы және т.б. жағдайлар туындауы әбден мүмкін. Осындай кемшіліктерді болдырмаудың тек бір ғана жолы бар – сараптама кеңестерін ротациялау, аппараттарды ротациялау, процедураның заңдылығымен, оның нәтижелерінің жариялығын қамтамасыз ету.

Қорларды қаржыландыру жүйесінде жиі қолданылатын ұғымдардың бірі – грант ұғымы. Ол ең алғаш рет заңдылық мәртебесімен, кең таралымға АҚШ-та ие болған болатын. Ал ғылымда грант термині 1950-ші жылы гранттар негізінде университеттерде бастапқы зерттеулерді қаржыландыруды жүзеге асыра бастаған АҚШ-та Ұлттық ғылыми қордың құрылған сәтінен бастап кең қолданысқа ие болды [9].

Мемлекеттік гранттардың инновацияның дамуына әсері жоғары. Мемлекет әдеттегі функцияларды, атап айтқанда қаржыландыру, қаржылық қамтамасыз етуге қатысуды жүзеге асыруы тиіс [96],[97]. Грант, ғылыми зерттеулерді – қаржымен, жеке меншікпен, қызметпен және өзге де бағалы жолмен мемлекеттің қолдауы мен ынталандыруын легализациялауды жүзеге асыратын, қайтарылмайтын субсидия түрі [98]. Мемлекеттің грант негізінде басталған зерттеу аяқталмайынша қандай да бір араласуына немесе бақылау жасауына жол берілмейді. Жұмыстарды аяқтау

мерзімі тараптар арасындағы келісім негізінде белгіленеді. Грант көбінесе зерттеу нәтижесі нақ белгісіз немесе жақын арада қандайда бір жетістік әкелуі мүмкін емес зерттеулерді қолдау мақсатында мемлекет тарапынан жиі қолданылады. Мемлекеттік гранттарды бөлуге байланысты қызметті администраторлар қызмет ретінде түсінеміз [99].

Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес инновациялық гранттар бюджет қаражаты есебінен беріледі [98].

Инновациялық гранттар беру мақсатында сенімгер уәкіл тартылуы мүмкін және инновациялық грант мына мақсаттарға:

- тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер орындау;
- инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу;
- шет мемлекеттерде және (немесе) халықаралық патент ұйымдарында өнеркәсіптік меншік объектісін патенттеу мақсатына беріледі.

Гранттар тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге де беріледі және грант беру бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар алуға және патенттік зерттеулерге өтінімдердің мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамасы мен экономикалық сараптамасының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүргізіледі.

Заңда қарастырылғандай тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер орындауға грант мынадай шарттармен:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органға өнеркәсіптік меншік объектісін Қазақстан Республикасында және дүниежүзінің барлық елдерінің аумағында Қазақстан Республикасының атынан пайдалану үшін сублицензиялық шарт жасасу құқығымен жай ерекше емес, мерзімсіз лицензияны қайтарымсыз негізде беру;

2) уәкілетті органға немесе тиісті жергілікті атқарушы органға тиісті өнеркәсіптік меншік объектісін енгізу жөнінде қабылданған шаралар туралы мерзімдік есептерді беру;

3) лицензиат осы өнеркәсіптік меншік объектісін қамтитын немесе соның арқасында алынған кез келген тауар (жұмыс, қы-

змет көрсету) Қазақстан Республикасында өндірілуіне келіскен жағдайда ғана өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше лицензия беру;

4) грант алушының аудитін жүргізу шарттарымен беріледі [8].

Егер пайдаланылуы ұлттық қауіпсіздік мәселелерімен байланысты зияткерлік меншік объектісі тәжірибелік-конструкторлық эфирлемелерді орындаудың нәтижесі болып табылған жағдайда, мұндай объектіге ерекше құқықтар алудың басым құқығы мемлекетке тиесілі болады.

Ал, техникалық-экономикалық негіздеме дайындауға және шет мемлекеттерде және (немесе) халықаралық патенттік ұйымдарда өнеркәсіптік меншік объектісін патенттеуге гранттар беру бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар алу өтінімдерінің мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамасы мен экономикалық сараптамасының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүргізіледі.

Ғылыми және инновациялық қорлар бәсекелестер шеңбері бар нарықтық экономикаға тән жалпы қағидаларға сүйене отырып жұмыс істейді, әсіресе, өтініш беру бастамасы («жоғарыдан-төменге»); ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жобалардың тәуелсіздігі («ведомстволығы»); жобаларды тәуелсіз сараптама жүргізу; нақты бір жобаларды қаржыландыру; жобаның заңдылығы және іске асуына бақылау; жұмыс нәтижесі туралы толық көлемдегі есеп беру және алынған қаржылардың бағыттылығы сияқты қағидалар.

Қаржылық инфрақұрылым үздіксіз инвестиция жасаудың, қаржы ресурстарына қол жетімділіктің маңызды құрамы болып табылады. Ол ғылыми өнімді коммерциялау үшін дайын өнім өндіру сияқты инновациялық процесстің сатыларына қажетті.

Қорлардың қаржылық инфрақұрылымның дербес субъектісі ретіндегі ролі ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында дәлелдене басталды. Дамушы елдердің басым көпшілігінде ғылыми-техникалық, венчурлік және өзге де қорлары инновациялық тізбектің барлық дерлік сатыларын әрекет етеді, осылайша олар жүйе құрайды.

Инновациялық қызметті жетілдіру және жаңа заман талабына сай ұлттық инновация жүйесін қалыптастыру мақсатында осындай қорлар жүйесін Қазақстанда да қалыптастыру белсенділік көрсету қажет.

Қаржылық институт ретіндегі қорлардың жұмысы жалпы қағидалар негізінде құрылған, алайда «қызмет пәні» әр түрлі болуы мүмкін. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек олардың әрқайсысының өзіндік міндеттерімен және инновация жүйесіндегі өзіндік орны бар. Осы тұрғыдан мемлекеттің басты мақсаты қаржылық инновациялық қызметте болған кемшіліктерді толықтыру және қорлардың қызметінің өзара келісімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

АҚШ-та инновациялық қызметті қолдайтын бірден бір ұйымдастырушылық-құқықтық инфрақұрылымдар қалыптастырылған [9. Жеке кәсіпкерліктің белсенділігіне қарамастан, мемлекет, ғылым мен инновациялық белсенділікке қолдау көрсету арқылы ұлттық кәсіпкерліктің белсенділігін арттыруға тікелей және жаңа әсер етеді.

Мемлекеттің ғылыми-техникалық және инновация саласындағы белсенділігі 1980 жылдың басында құқықтық актілердің қабылдануымен арта түсті. Жаңа доктринаға сәйкес мемлекет ғылыми-техника және инновация саласындағы ең ірі инвестор ретінде танылды. Доктринада университеттер мен шағын кәсіпкерлік арасындағы өзара тиімді одағын қамтамасыз ету, шағын ғылыми кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ технология саласынан өндірістік сектор саласына инфрақұрылымдық трансферлеуді дамыту мәселелеріне кеңінен көңіл бөлінді.

Экономиканың «ашық» моделіне ауысу жағдайында отандық өнім өндірушілер жоғарғы сапалы импорттық өнімді өндірушілермен тек ішкі рынокта емес, сонымен қатар сыртқы рынокта да бәсекелес болуға мәжбүр болды, сондықтан оны шешуге жұмыс істеуші және қайтадан құрылып өндірістік саясат механизмдерінің бағытталуын қажет ететін осы кезеңнің ең басты экономикалық мәселесі – бәсекелестік мәселесі туындады. Өңдеуші өндірістің бәсекелестігі рынок жағдайындағы олардың эко-

номикалық тиімділігінің деңгейін сипаттайды және сондай-ақ, материалдық сектордағы құрылымдық жылжымдылықтың нәтижесін дәл сипаттайды.

Өңдеу өндірісінің негізгі шарттары ретінде экономиканың бәсекелестігін қамтамасыз ету, отандық тауарларды экспорттау және импорттауды кеңейту мынаны қажет етеді:

– тауарлар мен қызметтің түрлеріне деген сұраныстың көлемі мен перспективасы туралы рынок «сигналдарынан, өндірістердің бәсекелестік деңгейін анықтайтын эксплуатациялық және экономикалық сипатына, техникалық деңгейіне тұрақты мониторинг жүргізу;

– жаңа заман талабына сай бәсекелестікке қабілетті өндірістің салалары мен зоналарын анықтау, сонымен қатар, олардың жойылуы шетел рыногына шығу мен белсенді импорттауға мүмкіндік беретін, яғни бәсекелестікті арттыруға кедергі болатын шектеулерді анықтау;

– өңдеуші өндірістердің бәсекелестіктігін арттыру мәселесін шешудегі мемлекеттің орнын белгілеу, экономикалық тұрғыдан тиімді өндірістерді ұйымдастыру мен дамытудың ұйымдастырушылық, экономикалық механизмдерді қалыптастыру арқылы – кәсіпкерлікпен конструктивті диалогты реттеу.

Алайда аталған шаралар мен механизмдердің тиімділігі мен маңыздылығына қарамастан, олар негізінен толықтырушы және көмекші сипатқа ие болады. Маңыздылығы арта түсетін бәсекелестікі қамтамасыз ететін стратегиялық факторы болып отандық өндірістің технологиямен қарулануы табылады. Сондықтан өндірістің ғылыми-техникалық және технологиялық базасын жаңарту, яғни, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін және бәсекелестікке қабілетті өнімдерді шығаруды жүзеге асыратын, экономикалық дамудың инновациялық варианты альтернативті емес.

Инновациялық саладағы басымдылықты таңдауда жұмыс істеуші және болжамдалған ресурстар, сұраныстар, инфрақұрылымдық және өзге де ішкі және сыртқы рыноктағы отандық тауар өндірушілердің тұрақты бәсекелестік позициясын ұстап

тұру мақсатындағы, сондай-ақ инновациялық-техникалық факторлардың мүмкіндіктерін бағалау мақсатын көздейтін өңдеуші өндірістік дамудың шектеулерін сараптау қажет.

Бәсекелестікті арттырудағы инновациялық ғылыми-техниканы қолданудың ең маңызды экономикалық нәтижелері мыналар:

Ресурстарды үнемдеу – отандық өндірістің бәсекелестік қабілетінің төмендігі өндірістік салада көп жағдайларда бұл жоғарғы өндірістік шығындар, әсіресе, энергия мен отынға шығындалады.

Жоғарғы өңдеу деңгейінің өнім үлесін арттыру – бұл бағыттағы өндірістің құрылымын өзгерту шикізат экономикасының бағытын игерудегі, сондай-ақ өндірістік саясаттың негізгі мақсаттары ретінде қарастырылатын маңызды жағдайы болып табылады.

Өндірістің икемділігін қамтамасыз ету – рынокта бәсекелес позициясын сақтап қалудың маңызды шарты ретіндегі өнімнің жоғарғы темптерін жаңарту рыноктағы болатын өзгерістерге адекватты реакцияны қамтамасыз ететін өндірістің технологиялық құрылымына ерекше талаптар қояды.

Аталған инновациялық қызметтердің нәтижелерінің ішіндегі алдағы кезеңдегі объективті жағдайлар мен шектеулерге байланысты ең маңыздысы ресурстарды, әсіресе, энергияны үнемдеу болады.

Инновациялық қызметті қолдау, өндірісті дамыту, ғылыми өнімнің экспортын және бәсекелестікті арттыру жөніндегі кешендер жүйесі приоритетті технологияларды таңдауда келесідей жолдарға сүйенуі қажет:

1) басымдылық ең бірінші қорғаушылық қабілетке ие ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі бар технологиялар ие болуы қажет, яғни, – интеллектуалдық жеке меншік объектілері, себебі олардың болуы технологияның техникалық және тұтынушылық сипатын көрсетіп, олардың дүние жүзілік рыноктағы бәсекелестігі мен жоғарғы экономикалық тиімділігін қамтамасыз етеді.

2) басымдылығы жоғары коммерциялық потенциалы бар технологиялар ие болуы қажет. Технологияларды тек техника-

лық сипаты жағынан ғана емес, сонымен қатар коммерциялық көрсеткіштері жағынан да бағалау және салыстыру қажет. Бұл орайда, түбейгейлі өнімнің қолданылуы мен сатылу мүмкіндігін ескеру қажет, яғни, шығарылған техниканың немесе құралдың, сондай-ақ шығарылған объектіге және өндіріс әдістеріне берілген лицензия түріндегі технологиялық ақпараттарды ескеру керек.

Осындай технологияларды игеру кезіндегі мемлекеттік инвестициялаудағы маңызды шарттары болып бұл технологиялардың коммерцияландырудағы жоғарғы тиімділігі саналады.

Мемлекеттің шаруашылық қызметтегі тікелей араласуын төмендете отырып, оның елдегі кәсіпкерлік және инновациялық климатты қалыптастырудың ролін арттыру қажет. Инновациялық қызметтің алғашқы даму сатысындағы мемлекеттің орташа ұйымдастыру мен ақпараттандыру қызметі инновациялық дамуды реттеудің негізі болады.

Мемлекет жаңа инновациялық технологияны қолданушы ғылыми-инновациялық және инженерлік қызметке көңіл бөлуі қажет. Сөйтіп бірте-бірте мемлекет көңілі «сандық» аспектіден «сапалық» аспектіге көшуі керек. Алдағы он жылдықта инновациялық даму стратегиясының мақсаттары қоғамның әлуметтік және экономикалық дамуының ғылыми-техникалық саласын жүйелі түрде интеграциялауды көздейді. Мұндай интеграциялау – бәсекелестік қабілетін арттыратын және ғылыми өнімнің жаңа рыногы мен қызметтерін қалыптастыра алатын институттар жүйесін құруды білдіреді. Нәтижесінде өзінің сапасы, бағасы, көлемі және төлем қабілетілігі бар сұраныстар рыногына шығу уақыттары анықталған жаңа өнімдер мен қызметтерді ұсына алатын ұлттық инновациялық жүйе құрылатын болады.

Ғылым саласында келесідей негізгі іс-шараларды ұйымдастыру керек:

- бастапқы зерттеулер мен мемлекеттік бағдарламалар нысанындағы ғылыми-техникалық бағыттарды қаржыландыруды арттыру;

- конкурстық негізге сай бөлінетін қаржы үлестерін арттыру бағытындағы бюджет реурстарын қайта бөлу;

- коммерциялық маңызы бар қосымша жұмыстарды қолдау жөніндегі қайтарымды және паритетті қаржыландыру механизмдерін кеңінен қолдану;
- инвентаризациялау, қорғаушы және азаматтық секторларға технологиялардың енуін ынталандыру.

Инновациялық қызметті қаржыландыру инновациялық бағдарламалар мен инновациялық жобалар негізінде таңдау қағидасы бойынша жүзеге асырылады. Инновациялық бағдарлама – бірыңғай мақсатпен, міндеттермен, объектімен немесе аумақпен біріктірілген, ресурстары, орындаушылары мен іске асыру мерзімдері бойынша келісілген инновациялық жобалар мен іс-шаралар кешені.

Инновациялық жоба – инновацияға қол жеткізуге бағытталған ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибе-конструкторлық, маркетингтік зерттеулер мен жұмыстар кешенін жүргізу жоспарынан, сондай-ақ техникалық-экономикалық көрсеткіштерден тұратын құжат. Ал, заңнамамызға сәйкес, инновациялық жоба – инновацияларды енгізуге бағытталған және инвестицияны көздейтін, сондай-ақ белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар іс-шаралар кешені [8].

Ағымдағы Венчурлық фирмалар туралы жағдай инновациялық қызметтің субъектілеріне жеткілікті емес. Бұл бағытта кейбір ілгері қаржыландыру көздері бар. Мысалы: Қазақстанның Даму Банкі экономиканың шикізаттық емес секторінде жұмыс істейтін өнеркәсіптерге 23 млрд теңге көлемінде кредит берген.

Инновациялық жүйеде шағын және орта бизнестің субъекттері өнеркәсіптік қызметтің координациясы, жалпы мүліктік қызығушылықтарды қоғау үшін ассоциация түрінде, коммерциялық емес ұйымдарға бірігуі мүмкін.

ҰИЖ-нің жұмыс істеуінің институционалды сүйемелдеуі жүйе элементтерінің өзара іс-әрекетін үйлестіруді қамтамасыз етеді. Бұл ретте, басқару функцияларын қайталауы болмауы тиіс және инфрақұрылым мен ақпараттық ағымдарды оңтайлы пайдалану кезінде елдің инновациялық даму басымдықтарынан шығатын қажетті ресурстарды шоғырландыруды қамтамасыз етілуі тиіс.

ҰИЖ-і институционалды қамтамасыз ету елдегі қазіргі кездегі «Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпараттардың ғылыми-зерттеу институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық қолдауымен ҰИҚ «Инжиниринг және трансферт технологиялары орталығы» акционерлік қоғамы даму институттары арқылы жүзеге асырылуы тиіс және инновациялық процестерді басқарудың функционалды жүйесін білдіреді. Қаржыландыру «Самұрық-Қазына» әлеуметтік қоры арқылы жүзеге асырылған жағдайда ұлттық жобаларға басымдылық берлуі туралы ережелер енгізілуі тиіс.

Инновациялық қызметтің дамуындағы мемлекеттің рөлін ғылымға жұмсаған шығындар арқылы бағалауға болады [96]. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей дамыған елдерде ғылымға жұмсалатын шығындар үнемі өсіп отырады және мемлекеттің үлесі орташа есеппен 25-34 %. Мұнда елдерге Оңтүстік Южная Корея, Израиль, Швейцария, Жапония, Швеция, Финляндия. 90-жылдардың соңында Жапония ғылымға – 3,04 %, Америка – 2,64, ЕО – 1,92% көлеміндегі қаражаттар жұмсады [35].

Инновациялық қызметті қаржыландыру көздеріне мыналар жатады:

- 1) инновациялық қызмет субъектілерінің өз қаражаты;
- 2) бюджет қаражаты;
- 3) инновациялық қорлардың қаражаты;
- 4) мемлекеттік нақтылы гранттар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады [8].

Қазіргі кезде бастама, жаңадан құрылған компанияларға инвестиция жұмсауға көп көңіл бөлінген. Алғашқы кезде жас инновациялық компаниялар бизнестік дамуына қажетті ресурстары жоқ болып, және қара жаттың қайтып оралу гарантиясы мен тиісті қамтасыздықтың жоқ болуынан, банктік кредит коммерциялық заем, алуға немесе өзінің бағалы қағаздарын қор нарығына орналастыруға жағдай жоқ.

Дүниежүзілік тәжірибе анализі бойынша, мемлекет қор жүйесі арқылы конкурстық негізде кіші технологиялық кәсіпкерлікке дамудың алғашқы кезеңінде қара жаттық көмек көрсетеді. Бұл

фонд жүйесіне, ғылыми-зерттеу өндіріс деңгейіндегі компанияларға қаражаттық ресурс ұсыну және дамудың алғашқы кезеңіндегі компанияларды инвестициялау кіреді. Мемлекеттің ғылыми-техникалық аядағы дамудың және ондағы инфрақұрылымның, инновациялық істің құрылуында анализдің енгізгі алғышарты болып: – эффективті, инновациялық жүйенің нарықтың механизмі негізінде әсер ететін – модернизацияның мәселесінің негізгі жолын жасау; – бұл үрдіс тек спонтанды сипат түрінде емес; Қазақстанның қуатты ғылыми – техникалық потенциалы бар, ал өзгеру үрдісінде жоғалмай, сақталынып, нығайтылу қажет.

Басқа да орталық атқарушы орган инновациялық қызметтің жүзеге асыруына қатысып, өз мүмкіндігінше инновациялық жүйе айналасындағы мемлекеттік политиканы жүзеге асыруын қамтамасыз етеді, өз мүмкіндігінше мемлекеттік, салалық бағдарламаларды, инновациялық қызметтің дамуына бағытталған аймақтық, ұйымдаструшылық және басқа көмекпен қамтамасыз етіп, инновациялық қызметтің арнайы субъектінің жасалануына қатысады.

Инновациялық жүйе нарықтық экономика жағдайында қызмет жасайды мемлекеттің бұл жерде алатын орны қандай деген сұрақ туу себебі, негізгі зерттеулерге қарағанда, инновациялық қызметтің өнімі сатылады, сатып алынады, пайда әкеледі. Бірақ егер ақша төлейтін сатып алушы болса, егер пайда инновациялық қызмет субъектілері арасында бөлініп алынса, онда барлық осы жүйе мемлекетке тәуелсіз болып, бюджеттік қаражаттандыру енді тіршілік көзі мәртебесінен айырылады.

Қазақстанда технологиялық базистің өнімі белсенді өзгеруі, өнеркәсіп жұмыс істегенде жаңа технологияларға төлей алатын сұраныс пайда болғанда, және ғылыми техникалық жүйе мол және тұрақты түрде қаржыландыру көзін тапқанда босталады деген шешімге келді. Әрине, терең экономикалық тоқырау, өндірістің көп уақытқа дейін төмендеуі, инновациялық өзгерістердің дамуын тежейді.

Инновациялық қызметті бюджеттік және бюджеттік емес қаржыландыру болуы мүмкін. Бюджет кез-келген мемлекет үшін оның ақшаға деген объективтік қажеттіліктерін өтеу үшін қажет-

ті экономикалық, әлеуметтік және саяси функцияларын орындауға қажет. Бюджет бұл қаржының орталық звеносы. Бюджет-императивтік ақша қатынастары.

Бюджеттік қаржыландыру инновациялық жобаға байланысты жүзеге асырылады. Инновациялық жоба – инновацияларды енгізуге бағытталған және инвестицияны көздейтін, сондай-ақ белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар іс-шаралар кешені деп жоғарыда заң бойынша қарастырылғандығын атап өткен болатынбыз. Мемлекеттік инновациялық бағдарлама елдің әлеуметтік-экономикалық, инновациялық және ғылыми-технологиялық дамуының басымдықтары ескеріле отырып, тиісті кезеңге арналған инновациялық даму болжамы негізінде қалыптастырылады және:

1) елдің экономикасы үшін стратегиялық мәні бар инновацияларды жасау кезеңінде инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды;

2) инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуы мен дамуын;

3) инновацияларды жасаушылар мен тұтынушылардың деректер банкі мен бірыңғай ақпараттық желісін ұйымдастыруды;

4) инновациялық қызмет субъектілерін ынталандыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді көздеуге тиіс.

Аймақтық инновациялық бағдарламалар аймақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары негізінде қалыптастырылады және кадрлар даярлауды қоса алғанда, инновациялық инфрақұрылым мен инновациялық әлеуетті дамытудың негізгі басымдықтарын, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін ынталандыру нысандары мен әдістерін айқындайды.

Салалық инновациялық бағдарламалар мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық, инновациялық, өнеркәсіптік, аграрлық және ғылыми-техникалық саясаттың басымдықтарын негізге ала отырып қалыптастырылады және экономика салаларының дамуын теңдестіруге, бәсекелестікке қабілетті өндірістер құруға бағытталуға тиіс.

Бюджет қаражаттарын жоспарлау және қолдану үшін бюджетті таратудың экономикалық топтастырылуы қажет. Бұл экономиканы дамыту үшін қажет.

Сондықтан ағымдағы шығындар және күрделі шығындар деп топтастырамыз.

Ағымдағы шығындар бюджеттің бір бөлігі және ол мемлекеттік билік органдарының, жергілікті басқару органдарының, бюджеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз ететін, басқа бюджеттерге және экономиканың өзге де салаларына трансферт нысанында мемлекеттік қолдауды білдіреді. Бұл шығындар тұрақты сипатта болады және мемлекеттік тұтынуға қатысты шығындар (экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымына, экономиканың мемлекеттік салаларына, азаматтық және әскери сипаттағы тауарларды сатып алу және қызмет көрсетуге, мемлекеттік мекемелердің ағымдағы шығындары).

Бюджеттің күрделі шығындары- инновация мен инвестициялық қызметті қаржыландырумен байланысты мемлекеттің ақшалай шығындары. Бұған инновациялық және инвестициялық бағдарламаларға сәйкес бекітілген шығындар; бюджет несиелері сипатындағы инновациялық мақсатқа арналған шығындар, инфрақұрылымды дамытуға қатысты шығындар.

Бюджеттік бағдарламалар дегеніміз – нақты және мақсатты соңғы нәтижесі айқындалған мемлекеттік саясат және мемлекеттік басқару функциясын жүзеге асыруға байланысты бюджет шығындары. Шығындардың нақты бағыттарын нақтылау мақсатында бюджеттік бағдарламалар қосымша бағдарламаларға да бөлінуі мүмкін. Бюджеттік бағдарламалар тек мемлекеттік функцияларды емес, мемлекеттік, салалық, аумақтық бағдарламалармен анықталған әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттарын көрсетеді.

Экономикалық нәтижеге байланысты бюджеттік бағдарламалар ағымдағы бюджеттік бағдарламалар және дамудың бюджеттік бағдарламалары түрінде болуы мүмкін. Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мемлекеттік басқару функцияларын және мемлекеттің міндеттерін орындайтын бюджеттің тұрақты шығындарын білдіреді.

Дамудың бюджеттік бағдарламалары бұл бюджеттік инвестиция мен инновация. Инновациялық бағдарламалар облыстық, қалалық, аудандық болып бөлінеді. Бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыратын әкімшілер уәкілетті органға бюджеттік жоспарлау бойынша бюджет өтінімін тапсырады. Бюджеттік өтінім-бюджеттік бағдарламаларды негіздеу үшін қажетті құжаттар жинағы. Әкімшілер бюджеттік өтінімді шығындардың лимиті мөлшерінде құрастырады. Өтінімге бағдарлама администраторы қол қояды. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өздерінің атқаратын қызметі мен уәкілеттілігіне байланысты жоспарлауға, негізділігіне және жүзеге асырылуына жауапты мемлекеттік органдар. Олар бюджеттік қаражаттарды бюджеттік бағдарламалар паспортына сәйкес қолданады және оның мақсатты және тиімді жұмсалыуына жауап береді. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың администраторлары мемлекеттік орталық органдары. Индустриалды-инновациялық дамуға қатысты шығындар басым бюджеттік шығындарға жатады.

Инновациялық қызметті қаржыландыру инновациялық қызмет субъектілерінің өз қаражаты болған жағдайда тез арада жүргізіледі. Бірақ қазіргі кезде өз қаражаттарынан қаржыландыру көңіл толтырмайтын деңгейде.

Егерде инновациялық қызмет бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылса, жоғарыда аталған әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс.

Ең тиімдісі инновациялық қызметті инновациялық қорлардың қаражаты есебіне қаржыландыру. Бірақ қордың да қалыптасуы бүгінгі күнгі дағдарыс жағдайында қиын кезеңдерді өткеруде.

Инновацияны қаржылық қамтамасыз етуде инновациялық гранттардың ролі жоғары. Инновациялық грант – инновациялық жобаның тәжірибелік-конструкторлық эзирлемелерін орындау, техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау, өнеркәсіптік меншік объектісін шет мемлекеттерде және (немесе) халықаралық патенттік ұйымдарда патенттеу үшін грант беруші мен грант алушы арасындағы шартпен көзделген жағдайларда бюджеттен берілетін трансферт. Инновациялық қызмет нәтижесі инновациялық жобалардың жүзеге асырылуына байланысты.

Инновациялық саясаттың негізгі мақсаты да мемлекеттің экономикалық дамуын ілгерілету. Инновация мемлекет тарапынан инновациялық бағдарламаларды енгізу арқылы жүзеге асырылады, бірақ бұл бағдарламалар мемлекеттің қаржыландыруын қажет ететін бағдарлама.

Инновациялық жобаларды мемлекеттік қаржыландыру нысандары бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады және ол бюджеттік инвестициялау және бюджеттік несиелеу нысанында болады.

Инновациялық бағдарламаларды қаржыландыру жеке капитал арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін.

Инновациялық бағдарламаларды бюджет қаражаттарымен қаржыландыру Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде республикалық бюджет қаражаттарын жұмсаудың бір бағыты ретінде көрсетілген [98].

Бюджет қаражаттары мемлекеттің ақша және өзге де активтері. Бюджет қаражаттарын инновациялық бағдарламаға жұмсау кешенді шараларды жүзеге асыруды қажет ететін бюджеттік бағдарламаның бір түрі.

Бюджет қаражаттары несие беру немесе инвестиция алу арқылы қарастырылуы мүмкін. Бюджеттік қаржыландыру бюджеттік инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру жолымен жүргізіледі. Инвестиция түсінігі Қазақстан Республикасының “Инвестиция туралы” заңында қарастырылып өткен. Бюджеттік инвестициялық бағдарлама біртұтас инвестициялық мақсатты көздейтін шаралардың жиынтығы. Бұл бағдарлама оның нәтижесіне қол жеткізу мерзімін қарастырмайды және аяқталу сипатына ие болады. Бюджеттік инвестициялар бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру құралы. Бюджеттік бағдарламаны бюджеттік несиелеу арқылы да жүзеге асыруға болады және оның инвестициялаудан айырмашылығы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу мақсатында берілмейді, қайтарымды, мерзімді берілетін қаражат.

Мемлекеттік шығындарды қаржыландыру-мемлекеттік ақша қаражаттарын бөлуді құқықтық нормалармен реттеу. Бұл ақысыз түрде жүзеге асырылады және кәсіпорындардың, ұйымдардың

және мекемелердің қызметіне және оны дамыту үшін беріледі. Мемлекеттік бағдарламалар бюджеттік инвестициялау және бюджеттік несиелеу тәсілдері арқылы екенін ескеретін болсақ, бюджеттік қаржыландыру бюджет бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 30-бабына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган [98].

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі оған жүктелген функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес айқындалады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі, егер ол бір мезгілде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі әрі мемлекеттік мекеме болып, тиісті мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламаларды (ішкі бағдарламаларды) іске асыруы және олардың бюджет қаражатын пайдалануы жөніндегі жұмысын үйлестірген жағдайда, бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджет шегінде дербес пайдаланады, олардың тиімді, нәтижелі және нысаналы іске асырылуына жауапты болады.

Облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері болып табылатын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі істер органдарын қоспағанда, мемлекеттік органдардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелері бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бола алмайды.

Бюджеттік инвестициялар – экономикалық пайда табу немесе әлеуметтік-экономикалық тиімділікке жету мақсатымен мемлекет активтерінің құнын ұлғайтуға, адам ресурстарын дамытуға және табиғи ресурстарды жаңғыртуға бағытталған қаржыландыру. Бұл бюджеттік инвестиция анықтамасы инвестиция анықтамасынан кең мағынада. Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» заңына сәйкес, инвестициялар – лизинг шартын жасаған кезден бастап қаржы лизингі заттарын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық ка-

питалына инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайту [36].

Бюджеттік инвестициялар тиімді экономикаға негізделген. Бұл мемлекеттің мүддесін қорғайды және одан түсетін пайдаға қол жеткізу болашақта болуы мүмкін.

Бюджеттік несиелеу жай инвестиция ұғымымен қатар келеді бюджеттік кредит – бюджеттен қайтарымды, мерзімді және ақылы негізде бөлінетін ақша. Бюджеттік кредит те бюджеттік инвестиция да қандай да болмасын бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыруды көздейді. Бірақ бюджеттік кредиттердің айырмашылығы заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу мақсатына берлімейді.

Инновация нәтижесіне жету иновация жобалары мен инновация бағдарламаларына байланысты. Инновациялық бағдарламаларды және инновациялық жобаларды жүзеге асыру материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етумен байланысты. Инновациялық жобаларды қаржыландыруда жеке капитал немесе мемлекетке тиесілі капитал, яғни бюджет қаражаттарын қатыстыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Бюджет қаражаттары – мемлекеттік меншікке түсуі мен жұмсалуды бюджетте ақшалай нысанда көрсетілетін мемлекеттің ақша және өзге де активтері ретінде қарастырыла отырып, барлық қаржы құралдары болуы да мүмкін деген қорытынды жасауымызға болады немесе мемлекеттік мониторинг ретінде қарастырылады.

Инновациялық бағдарламаларды жүзеге асырушылар бюджет қаражаттарын пайдаланушылар [98].

Қорыта келе мемлекеттің бәсекеқабілетті мемлекеттер арасындағы орнын анықтауға байланысты туындайтын сұрақтардың жауабы қазіргі кездегі инновациялық бағдарламалар мен олардың нәтижелері төңірегінде болып отыр. Бұл үшін мемлекет пен жеке мүдделердің арақатынасынан қоғам үшін қажетті факторларды айқындау қажет. Мемлекеттің экономикалық қатынастарға араласуы әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін қажет. Аталған міндеттерді шешу мемлекеттік механизмдер көмегімен

жүзеге асырылады. Мемлекеттік механизм арнайы органдар мен мекемелердің жүйесі және олар арқылы қоғамымыздың белгілі бір аясы басқаралып отырады.

Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік өмірдегі маңызды мәселелері мемлекеттік органдармен қабылданатын бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады. Аталған бағдарламалардың іске асуы мен қажетті нәтиже беруі оның қаржыландырылуында. Мемлекеттік бағдарламалар республикалық және жергілікті бюджет қаражаттарынан, мемлекеттік қарыз, мемлекеттік емес қарыз есебінен, инвестициялар есебінен, гранттар есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

Мемлекет өз қызметін функциясы арқылы жүзеге асуын реттеп отырады және адамдар өз құқықтарында еркін және тең болып туылады. Қоғамдық айырмашылықтар тек қана көптің пайдасына негізделуінде [100, 64-65 бб].

Сондықтан мемлекеттің бәсекеқабілетті мемлекеттер арасындағы орынын анықтауға байланысты туындайтын сұрақтардың жауабы қазіргі кездегі инновациялық бағдарламалар мен олардың нәтижелері төңірегінде болып отырғандықтан оларды қаржыландыру негізгі мәселе.

Мемлекеттік қаржыландыру кезінде мемлекет пен жеке мүдделердің арақатынасынан қоғам үшін қажетті факторларды айқындау қажет. Себебі ақша қаражаттарының қажетті және кезек күттірмейтін шараларға жұмсалуды қамтамасыз ету үшін. Бұл үшін қаржыландыру кезінде экономиканың дамуы кезіндегі мемлекеттің алатын орны мен мемлекеттік құрылымдардың қызметі және олардың жеке мүдделермен арақатынасы айқын көрінуі қажет. Мемлекеттің экономикалық қатынастарға араласуы әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін қажет. Мемлекет инновациялық қызметке қаржылық қамтамасыз ету арқылы тікелей қатысады. Инновациялық гранттар:

- 1) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) қолданбалы сипаттағы тәуекелді зерттеулерді орындауға;
- 2) инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындауға;

3) шет мемлекеттерде және (немесе) халықаралық патент ұйымдарында зияткерлік меншік объектісін патенттеуге;

4) инновациялық технологияларды сатып алуға берілетіндігін ескерсек, мемлекет тарапынан берілетін гранттардың алдымен отандық инноваторларға берілуіне басымдылықты заңымызда бекітуіміз қажет.

Себебі инновациялық гранттарды беру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен конкурстық негізде жүзеге асырылатындығын ескерсек, конкурсқа қатысуда ешқандай шектеулер жоқ.

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау заңнамаларына сәйкес, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға және (немесе) қолданбалы сипаттағы тәуекелді зерттеулерді орындауға инновациялық грант беру инновациялық гранттарды алуға үміткер инновациялық жобалардың мемлекеттік ғылыми-техникалық, экономикалық және, қажет болған жағдайда, экологиялық сараптамаларының, сондай-ақ патенттік зерттеулерінің нәтижелері бойынша жүргізіледі. Егерде біз үміткер кез-келген тұлға болатындығын ескерсек, отандық инноваторлардың қаржыландырудың қайнар көздерін нақты алатындығына қатысты құқықтық қорғау құралдарын бекіткен жағдайда жоғарыда аталған басымдылық іске асар еді.

Сонымен қатар тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға және (немесе) қолданбалы сипаттағы тәуекелді зерттеулерді орындауға арналған инновациялық гранттар нәтижелерді үш жыл ішінде енгізу шартымен беріледі. Ал, бұл дегеніңіз инновацияны енгізу кезіндегі қысқа мерзім ретінде қабылдануы қажет.

Инноваторлардың мүліктік құқықтарын ескере отырып, инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындауға арналған инновациялық грант инновацияға мүліктік құқықтары бар тұлғаға беріледі. Ал, мүліктік құқық барлық тұлғада болады.

Инновациялық технологияларды сатып алуға арналған инновациялық грант уәкілетті органға технологияларды енгізу жөнінде қабылданған шаралар туралы кезеңдік есептер табыс ете отырып, инновациялық грант туралы шартта айқындалған мерзім ішінде грант алушының кәсіпорнында инновациялық технологи-

яны міндетті түрде енгізу шартымен беріледі. Бұл мемлекеттік міндет ретінде қарастырылуы үшін және аталған міндеттерді шешу мемлекеттік механизмдер көмегімен жүзеге асырылады. Мемлекеттік механизм арнайы органдар мен мекемелердің жүйесі және олар арқылы қоғамымыздың белгілі бір аясы басқаралып отыратындықтан тікелей қатысатын органдар және жанама қатысатын органдар болуы мүмкін.

Жалпы алғанда мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік өмірдегі маңызды мәселелері мемлекеттік органдармен қабылданатын бағдарламалар негізінде жүзеге асырылатындығын ескерсек, мемлекеттік бағдарламалардың бірі – инновациялық бағдарламалар. Мемлекеттік инновациялық бағдарлама- бекітілген мемлекет аумағында жүзеге асырылатын бағдарлама болғандықтан қаржыландыру алдымен аумақтық қаржыландыру аясына түседі. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалар негізінде салалалық, аймақтық бағдарламалар тиісті мемлекеттік органдармен қабылданатындықтан мемлекеттік бағдарламаларда бағдарламаның нақты мақсаты айқын көрінуі қажет. Сонымен қатар бағдарлама барысында жүзеге асырылатын шаралар және оларды орындау кезеңдері және оларды қамтамасыз ететін қаржылық, техникалық ресурстардың көлемі нақты айқындалуы тиіс.

Жоғарыда атап өткеніміздей мемлекеттік бағдарламалар республикалық және жергілікті бюджет қаражаттарынан, мемлекеттік қарыз, мемлекеттік емес қарыз есебінен, инвестициялар есебінен, гранттар есебін қаржыландырылуы мүмкін болатындықтан, біз отандық инноваторларды бірінші кезекте қаржыландыру мәселесін алға қойымымыз қажет.

Бағдарламалардың басым бөлігі мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатындықтан олар бюджеттік бағдарлама ретінде қолданылады. Осы жерде бюджет мәселесі құқықтық реттеу аясына қосылады және бюджет мемлекеттік саясат шараларын жүзеге асыратын негізгі қаржы құралы ретінде барлық қаржыландыру институттарын біріктіреді. Қазақстан Республикасында бюджет бағдарламалары ағымдағы бюджет бағдарламалары немесе дамудың бюджеттік бағдарламалар түрінде болуы

мүмкін. Ағымдағы бюджет бағдарламаларына қарағанда қазіргі кезде еліміздің экономикасын көтеру үшін дамудың бюджеттік бағдарламаларының рөлі жоғары.

Бюджеттік бағдарламаларды бекіту кезінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және институциональдық дамуына бағыттау негізгі ереже ретінде жүреді.

Республикалық бюджеттік бағдарламаларды администраторлар жүзеге асыратындығын ескерсек, олар бюджеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға қаржылық негізділік үшін жауапты орталық атқару органдары, өзге де орталық мемлекеттік органдар болуы мүмкін. Заңнамамыз жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржылық жағынан негіздеуге және іске асыруға жауапты жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – республикалық бюджеттік бағдарламаларды қаржылық жағынан негіздеуге және іске асыруға жауапты орталық атқарушы органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдар ретінде қарастырған болатын [102]. Қорыта келе, инноваторларға, оның ішінде отандық инноваторларға арнайы жеңілдетілген қаржы құралдарын ұсыну және ерекше деңгейде инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпкерлерге әсіресе отандық кәсіпкерлерге жеңілдетілген салық жүйесін енгізу немесе инновацияны енгізудің алғашқы сатысында оларды мүлдем салықтан босату туралы ұсыныс жасаймыз.

Сонымен қатар инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамаларымызға инновациялық қызметті қаржыландыру сұрақтарын құқықтық қамтамасыз етуді реттейтін нормалар енгізілу қажет. Бұл нормалар қаржыландыру көздері, оларды алу тәртібі, отандық инноваторлардың инновациялық қызметін қаржыландырудың басымдылықтары, мемлекеттік кепілдіктер болуы мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуының конституциялық-құқықтық негіздеріне қатысты сұрақтар бойынша жүргізілген зерттеулер теориялық және тәжірибелік сипаттағы бірнеше ережелер мен қорытындыларды анықтауға мүмкіндік берді.

Инновациялық қызмет конституциялық кәсіпкерлік қызмет еркіндігінен бастау алады және мемлекеттің экономика саласындағы дербес және басты саясаты ретінде қалыптасып орнығады. Инновациялық заңдардың қалыптасу және даму кезеңдері еліміздің егемендік алуымен сәйкес келеді және оны негізгі үш кезеңге бөлеміз.

1991 – 1995, 1995 – 2000, 2000-нан қазіргі кезге дейінгі дамуы. Инновациялық қызмет «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заңда көрсетіліп, бекітілген және оның тәжірибелік маңыздылығын айқын көрсетіп берген.

Инновацияға қатысты қатынастарды құқықтық реттеу кезінде қолданылатын нормаларды құқық салаларына қатысты алдымен конституциялық құқықтық негіздерін анықтау және кейіннен туындайтын сұрақтарға қатысты құқық нормаларын қолдану негізі анықталды.

Инновация категориясының генезисі өңдеу, жаңаны енгізу, меңгеру, тексеруден өткізу, экономикаға енгізу, жаңаны тарату түсініктері негізінде анықталды. Инновациялық қызметтің мазмұнын анықтауға мүмкіндік беретін және оның ұйымдық-құқықтық

механизмдерін, іргелі зерттеулерді қамтамасыз ететін, қосымша зерттеулер мен өңдеулер, жаңаны енгізу және меңгеру, оны тексеруден өткізу, жаңаны тарату қарастырыла отырып, «инновация», «жаңалық», «жаңаны енгізу» түсініктерінің айырмашылығы мен арақатынасы анықталды.

Инновациялық қатынастарды төмендегідей негіздер бойынша топтастыруға болады:

- субъектілердің құқықтық жағдайына байланысты конституциялық-құқықтық қатынастар;
- жүзеге асыратын қызметіне байланысты азаматтық-құқықтық қатынастар;
- құқықтық реттеу қаржыландыру механизміне байланысты қаржылық құқықтық қатынастар.

Жалпы, экономикалық бірлік кеңістігі, тауарлардың кең орын ауыстыруы, қызмет пен қаржы ҚР Конституциясымен кепілденген. Мемлекеттің тұрақты даму жағдайына құқықтың жаңа маңызы туралы сұрақтар туып отыр. Әлеуметтік – экономикалық даму және экономиканың мемлекеттік басқару қатынастарын бақылау керек. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, нарықтық экономикалы мемлекет экономикада құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруда жеке сектормен ынтымақтастық орната алады. Осындай ынтымақтастықтың неғұрлым сәтті мысалдары Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Малайзияда және соңғы отыз жылда өздерінің экономикалық даму саласында ірі бетбұрыс жасаған басқа да елдерде бар.

Инновациялық қызмет конституцияға негізделгендігін анықтай отырып, оның адам бостандықтары негізінде жүзеге асырылатынын ескереміз және бұл басқа мемлекеттердің заңнамаларында да көрініс тапқан. Мысалы, Германиядағы Негізгі Заңның жекелеген ережелерінде орын алған [101, 203]. Мемлекет қосылған құнның технологиялық және экономикалық тізбегін дәйектілікпен дамыту арқылы бәсекеге қабілетті өнім шығаратын өндіріс орындарының біртұтас жүйесін құруға бағытталған жобаларға Даму институттары арқылы қатысатын болады. Бұл бәсекеге қабілетті өнімнің барлық өлшемдеріне сәйкес келетін түпкі өнім үшін жұмыс істейтін көп салалы кәсіпорындарды құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі Қытай индустриялық дамудың стратегиялық бағыттарын дамыту саласында жеке сектормен ынтымақтасу саясатын жүргізуде.

Дүниежүзілік Банктің зерттеулері мемлекеттік индустриялық саясатқа қатысты барлық көзқарастар кең ауқымды үш санатқа: инвестицияларды үйлестіруге, іскерлік ынтымақтастықты дамытуға және рыноктың орнын басуға ұштастырылуы мүмкін екендігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының заңнамаларын саралау инновациялық қызметті нормативті-құқықтық қамтамасыз етудің негізгі тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тенденциялардың негізгі бағыты:

– ұлттық мүдделерді қорғау және өндірісте ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану үшін тиімді жағдайларды қамтамасыз ету, жеке секторларда ғылыми зерттеулерді және өндеулерді мадақтайтын қажетті ынталандыруларды қалыптастыру, сонымен қатар шағын инновациялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың шараларын қалыптастыру.

– ғылыми өндеулерді қаржыландырудың әртүрлі әдістерін жетілдіру

Қазақстанда инновациялық қызметті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету заман талаптарын сай келмейді.

– инновациялық қызметті ынталандырудың қажетті талаптары қамтамасыз етілмеген, ұлттық инновациялық жүйе қалыптаспаған

– мемлекет бюджеті есебінен алынған интеллектуалдық меншікті және ғылыми қызмет нәтижелерін пайдалануға құқық реттелмеген.

Қазіргі экономикалық дамудың негізгі сипаттамаларының бірі озық ғылыми-технологиялық әзірлемелердің негізінде белгілі бір уақыт кезеңінде жасалған технологияларды кезең-кезеңімен ауыстыру процесімен байланысты оның әркелкі сипаты болып табылады. Технологиялық құрылымдардың ауысуы сәтінде алдындағы кезеңде көш басында болған елдер капиталдың құнсыздануына және бұрынғы өндірістерде істеген қызметкерлердің біліктілігінен айырылуына тап болады. Жаңа өндірістік-техно-

логиялық жүйені қалыптастыруда жетістіктерге қол жеткізіп үлгерген елдер дәстүрлі жұмсау салаларынан сырғып бара жатқан капиталды тарту орталықтарына айналады.

Стратегия индустриядан кейінгі дамудың перспективалы бағыттарында ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік әлеуетті ұлғайтуға бағытталған, ол болашақта қағидатты бәсеке-лестік артықшылықтарды алуға жәрдемдесуге тиіс.

Негізгі бағыттар мыналар болуы тиіс:

– Жоғары технологиялы өндірістер қалыптастыруға, оның ішінде шетелдік те, салааралық та технологиялар трансфертінің тиімді жүйесін жасауға жәрдемдесу.

– Жоғары ғылыми-технологиялық әлеуеті бар ғылыми-техникалық және өнеркәсіптік ұйымдар мен кәсіпорындар желісі бар қалаларда қазіргі заманғы ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды жасап, оның қазіргі заманғы элементтерінің қызметін (технопарктер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-технологиялық аймақтар және с.с.) қолдау.

– Индустриядан кейінгі экономика тұрғысынан алғанда озық салаларды дамытуда қазіргі ғылыми-техникалық әлеует салаларын пайдалану.

Қазақстан қазірдің өзінде мына салалардағы әзірлемелер негізінде ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту үшін белгілі бір ғылыми базаға ие, оның ішінде:

биотехнологиялар (ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттары мен жануарлардың генотиптері, бактериялар штамдары және басқалары);

ядролық технологиялар;

ғарыштық технологиялар;

жаңа материалдар, химиялық өнімдер және басқаларды жасау.

Тиімді интеллектуалдық меншікті тиімсіз интеллектуалдық меншіктен ажырататын механизмді қалыптастыру қажет. Себебі мұнсыз инновациялық қызметке инвестицияларды тарту мүмкін емес.

Интеллектуальдық меншікке қатысты салық заңдарын жетілдіру қажет.

Инновациялық процестерді басқаруға кешендік, жүйелік әрекет етудің болмауы елдің инновациялық әлеуетін дамытуды тежейді және оны одан әрі дамытудың басымдықтарын дұрыс білдіруге мүмкіндік бермейді.

Шешім таппауы отандық инновациялық әлеуеттің дамуына теріс әсер ететін мынадай негізгі проблемаларды бөлуге болады: оларды тұтынушылардың талап етуі үшін оларды рынокқа шығару мақсатында технологиялар мен өнімдердің көпшілік ғылыми әдістемелерінің аяқталмауы. Бұл әлеуетті серіктестердің көз алдында ұсынылған технологиялардың (немесе өнімдердің) құнын күрт төмендетеді.

Технологиялық жаңа ендірмелерді енгізудің және оларды рынокқа шығарудың қазіргі заманғы тетігінің болмауы. Нарықтық жағдайлардағы жаңа ендірмелерді игеру тетігі жоғарғы тәуекел, бірақ табысты жағдайда жоғары қайтарым тән болатын шағын инновациялық нарықпен үздіксіз байланысты. Дамыған экономикаларда шағын инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін қажетті жағдайды (инфрақұрылымды) қамтамасыз ететін халық шаруашылығының ерекше секторы жұмыс істейді.

Экономикалық мүдделердің автономдығы шаруашылық қатынастардың қатысушыларының санының мемлекеттің инновациялық қызметтің негізгі бастамашысы ретіндегі позициясын біршама өзгертті. Қоғамның жария мүдделерін қамтамасыз ету бүгінгі күні мемлекеттің инновация аясына және ғылыми-техникалық, ғылыми даму үрдісіне тікелей және жанама әсер етуін талап етеді.

Нарықтық қатынастарды қалыптастыру экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешумен тығыз байланысты. Бұл міндеттерді экономиканың мемлекеттік секторы арқылы, сонымен қатар мемлекеттік аппарат көмегімен шешуге болады.

Ғылыми-техникалық аяны дамытуда біздің мемлекетіміздің ролін саралаудың алғышарты, инновациялық қызмет инфрақұрылымдарын құрудың негізгі ережелері негізінде инновациялық жүйенің нарықтық механизімі негізінде әрекет ететін тиімді инновация аясын құру.

Қазақстан үлкен ғылыми-техникалық мүмкіндіктерге ие. Бұл мемлекеттің даму барысында жойылмауы, керісінше трансформация үрдісінде сақталуы және бекітілуі тиіс.

Мемлекет инновациялық қызметті қаржыландырудың қазіргі заманғы жүйесін құру үшін ұсынылған іс-шаралар кешенін іске асыруы тиіс.

Инновациялық қызмет қоғамдық игілікке негізделуі тиіс, яғни біз инновацияның нәтижесі адам құқығына, бостандығына, еркіне сәйкес келетіндей дамуының жүзеге асырылуына қадам жасау қажет екендігін ескеруіміз қажет «Адамдар өз құқықтарына еркін және тең болып туылады. Қоғамдық айырмашылықтар тек қана көптің пайдасына негізделуі мүмкін» [102]. Жалпы, мұның бәрі Адам құқықтары жөніндегі жалпыға ортақ декларацияда көрсетілген. Өркениетіміз бен құндылықтарымызды құрметтеп, инклюзивті көпжақты қарым-қатынасымызда осы қалыпты норманы сақтауда елімізде жан-жақты жұмыстар жүргізілуде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // 30 тамыз 1995 жылы республикалық референдумда қабылданған (өзгерістер мен толықтыруларымен бірге) // adlet.zakon.kz
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек//https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
3. Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 56 б.
4. Қазақстан Президентінің Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі «Қазақстанның әлемнің 50-бәсекеқабілетті мемлекеттер қатарына енуінің Стратегиясы (Астана, 18 қаңтар 2006 жыл) // Егемен Қазақстан. – 2006. – 18 қаңтар.
5. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты.Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Астана: «Елорда», 2008. – 64 б.
6. Зиманов С.З. О понятиях в теории государства и права //В кн.: Актуальные проблемы теории социалистического государства и права. – М., 1974. – С.76-78.
7. Сапарғалиев Ф.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Академиялық курс. 3 басылым. – Алматы, 2007. – 546 б.
8. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 29 қазан 2015 жылғы// adlet.zakon.kz
9. Кузнецов Е.Ю. Инновации и их роль в экономическом развитии: автореф. ... канд. экон. наук.: 08.00.01. – Санкт-Петербург, 2000. – 25 с.
10. Авдулов А.Н., Кулькин А.М. Власть, наука, общество. Система государственной поддержки научно-технической деятельности: опыт США. – М., 1994. – С.123-124.
11. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления: Курс лекций. – 3-е изд., доп. – М.: Изд-во ОМЕГА-Л, 2005. – 584 с.

12. Яковец Ю.В. Эпохальные инновации XXI века. – М.: ЗАО «Издательство «Экономика», 2004. – 444 с.
13. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 2572-ХІІ Қазақстан Республикасының Заңы //adlet.zakon.kz
14. «Мемлекеттік мекеме (мемлекеттік орган) туралы Ережені әзірлеу жөніндегі нұсқаулық пен мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеменің Үлгі жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 ақпандағы № 119 Қаулысы// adlet.zakon.kz
15. Ожегов С.И. Словарь русского языка //под ред. Н.Ю. Шведовой. – М: Русский язык, 1987. –С. 917.
16. Келле В.Ж. Функции государства в научно-технической сфере: Россия и мировой опыт // ИИЕТ РАН. Годичная научная конференция 1998. – М.: ИИЕТ РАН, 1999. – С.178-183.
17. Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права. -Алматы, 2003. – 567 с.
18. Теория государства и права // под ред. Корельского В.Я и Перевалова В.Д. – М: Норма, 1997. – 570 с.
19. Сапарғалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы: Жеты Жарғы, 1998. – 279 с.
20. Черданцев А. Ф.. Теория государства и права. -М., 2000. – С.111.
21. Теория государства и права: Курс лекций // под ред. М.Н. Марченко.-М., 1998. – С.112.
22. Нерсесянц В.С. Общая теория права и государства. -М., 1999. – С.345.
23. Морозова Л.И. Проблемы современной российской государственности.- М.: Юрид. лит., 1998.- С.32
24. Ибраева А.С., Ибраев Н.С. Теория государства и права: Учебно-методическое пособие. – Алматы: Оркениет, 2000.
25. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура // Пер. с англ. – М., 2000. – С.35.
26. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Жалпы бөлім. 1994 ж. 27 желтоқсан 2020 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен // adlet.zakon.kz
27. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысымен бекітілген **Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі туралы Ереже** // adlet.zakon.kz
28. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы № 1343 қаулысы // adlet.zakon.kz
29. Конституционное право Республики Казахстан: Учебник / Сост. А.Т. Ащеулов. – Алматы: КазГЮА, 2001. – 656 с.

30. Кунанбаева Г.К. Государственные учреждения как субъекты гражданско-правового договора // *Субъекты гражданского права: Материалы международной научно-практической конференции.* – Алматы, 2001. – Т. 1. – С.269-277.
31. Брагинский М.И. Участие советского государства в гражданских правоотношениях. – М.: Юридическая литература, 1981. С. 15
32. Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыруға бағытталған ғылыми-инновациялық қызметті институционалдық қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 ж. 1 тамыздағы № 775 қаулысы (ҚР Үкіметінің 15.11.04 ж. № 1201; 2005.19.07. № 742 қаулыларымен енгізілген өзгерістерімен)// adlet.zakon.kz
33. Шумпетер Й. Теория экономического развития / Пер. с нем. Автономова В.С., Любского М.С., Чепуренко А.Н. Общ.ред. А.Г. Милейковского. – М.: «Прогресс», 1982. – 456 с.
34. <https://alashainasy.kz/economica/kazakstan-respublikasyinyin-industrialdyi-innovatsiyalyik-damu-strategiyasyi-65563/>
35. Чурин Н.Ф. Интеллектуальная собственность в структуре мировой экономики. – М., 2005. – 71 с.
36. Қазақстан Республикасының Заңы 08.01.2003 «Инвестициялар туралы» //күшін жойған. Салыстыру мақсатында. Жаңа анықтама кәсіпкерлік кодексте берілген.
37. Инновационный процесс в странах развитого капитализма / Под ред. И.Е. Рудаковой. – М.: изд. МГУ, 1991. – 144 с.
38. Қазақстан Республикасының Заңы «Жеке кәсіпкерлік туралы» күшін жойған. Салыстырма түрінде берілді.
39. Медынский В.Г., Скамай Л.Г. Инновационное предпринимательство: Учеб. пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 589 с.
40. Лапин В.Н. Социальные аспекты управления нововведениями // Сб. Всесоюзной научно-практической конференции. Проблемы управленческих нововведений и хозрасчетного экспериментирования. – Таллин, 1981. – С.23-26.
41. Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь. – М.: ИНФРА-М, 1999. – 479 с.
42. Каренов Р.С. Терминология рыночной экономики и бизнеса. – Алматы: Ғылым, 1994. – 312 с.
43. Каудыров Т.Е. Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 448 с.
44. Рассудовский В. Интеллектуальная собственность и инновационное предпринимательство // *Российская юстиция.* – 1994. – №12. – С.10-13.

45. Ғылым туралы 2001 ж. 9 шілдедегі № 225-II Қазақстан Республикасының Заңы // adlet.zakon.kz
46. Кашанина Т.В. Предпринимательство (правовые основы).- М.: Юрид. Лит., 1994. – 252 с.
47. Ринг М.П. Хозрасчетная система создания и внедрения новой техники (правовые проблемы). – М.: изд. «Наука», 1982. – 335 с.
48. Зенин И.А. Наука и техника в гражданском праве. – М.: изд. Моск. унта, 1977. – 208 с.
49. Суханов Е.А. Современное развитие частного права в России. // Юрист. – 2001. – №3. – С.5-7.
50. Сулейменов М.К. Субъекты гражданского права в Республике Казахстан. // Субъект гражданского права: Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: КазГЮА, 2001. 476 с.
51. Ровный В.В. Новый учебник по гражданскому праву // Правоведение. 2001. – №3. – С.246-248
52. Лаптев В.В. Предпринимательское право: понятие и субъекты. М.: Юристъ, 1997.-215с.
53. Михайлов В.А. Роль малого бизнеса в науке, технике и производстве // Инновации, технологии и сотрудничество малых и средних предприятий ЕС и России. Тезисы докладов. – М.: Международный центр научной и технической информации, 1993. – 64 с.
54. Акбагышева З. Бизнес-инкубатор как форма комплексной поддержки малого и среднего бизнеса // Право и предпринимательство. – 2003. – №6.- 5-10 с.
55. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 97 және Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2004 жылғы 6 сәуірдегі N 80 «Инновациялық (венчурлық) өндіріс жасау кезінде техника мен технологиялардың патенттік тазалығына сараптама жүргізу жөніндегі ережесі»// adlet.zakon.kz
56. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. -Алматы:Атамұра, 2008. – 216 б.
57. Сартаев С.С. Смысл жизни: Научное издание. – Алматы: ТОО «Дауір», 2007. – 320 с.
58. Қазақстан Республикасының 06 сәуір 2016 жылғы «Құқықтық актілер туралы» Заңы) // adlet.zakon.kz
59. Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет (теориялық мәселелері, тарихи тағылымы). –Алматы: Жеті Жарғы, 1997.-192 б.
60. Каудыров Т.Е. Право интеллектуальной собственности по законодательству Республики Казахстан // Актуальные вопросы коммерческого законодательства в Республике Казахстан и практика его применения: Материалы семинаров. – Алматы: Эдилет-Пресс, 1996. Т.1. – С. 290-307.

61. Гальперин Л.Б., Михайлова Л.А. Интеллектуальная собственность: сущность и правовая природа // Советское государство и право. – 1991. – №12. – С.37-42.
62. Диденко А.Г. Оценочные понятия в гражданском законодательстве // Гражданское право: Сборник статей. Общая часть. – Алматы: ИПЦ КазГЮУ, 2003. – С.22-46.
63. Зиманов С.З. О понятиях в теории государства и права.// В кн.: Актуальные проблемы теории социалистического государства и права. – М.; 1974. – С.76-78.
64. Амирханова И.В., Романкова В.А. Правовое обеспечение индивидуального предпринимательства: проблемы теории и практики: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 209 с.
65. Мезрин Б.Н. О юридической природе риска в советском гражданском праве // Гражданское право и способы его защиты: Сб.учен.тр. – Свердловск, 1974. – С. 192
66. Пастухин О.А. Категория риска в советском гражданском праве // Гражданское право и способы его защиты: Сб.учен.тр. – Свердловск, 1974. – С. 192 с.
67. Ойгензихт В.А. Проблема риска в гражданском праве (часть общая) Душанбе: «Ирфон», 1972. – 224 с.
68. Брагинский М.И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга третья: Договоры о выполнении работ и оказании услуг. – М.: Статут, 2003. – 1055 с.
69. Подопригора А.А. К закону о творчестве //Право промышленной и интеллектуальной собственности. – Новосибирск: ВО «Наука», 1992. – 168 с.
70. Гражданское право. Часть 2. : Учебник / Под ред. В.В. Залесского. – М.: МТК «Восточный экспресс», 1998. – 656 с.
71. Ринг М.П. Принципы совершенствования договорных взаимоотношений при выполнении научных и технических исследований // Научный симпозиум по проблеме «Управление, планирование и организация научных и технических исследований», проведенный по решению Постоянной комиссии СЭВ по координации научных и технических исследований. Доклад на заседании секции №3 «Хозяйственный расчет и экономическое стимулирование научных и технических исследований». – Москва, 1968. – 26 с.
72. Дозорцев В.А. Законодательство и научно-технический прогресс. М.: Юрид.лит., 1978. – 192 с.
73. Голуб И.И. Правовое регулирование договоров на выполнение опытно-конструкторских работ: автореф. ...канд.юрид.наук. – М., 1985. – 18 с.
74. Мироненко Н.М. Управление созданием новой техники в отрасли промышленности (организационно-правовой аспект). – Киев, 1986. – 136 с.

75. Байбазаров Ю.В. Инновационная стратегия в переходный период // Проблемы научно-технического развития в условиях экономической реформы / Под.ред. Б.М. Рудзицкого. – М., 1991. – 126 с.
76. Азимов Ч.Н. Договорные отношения в области научно-технического прогресса. – Харьков, 1981. – 130 с.
77. Гордеева Н.А. Взаимосвязи академической науки и производства (организационно- правовой аспект). – М.: Наука, 1985. – 190 с.
78. Красильникова А.В. Договор на создание научно-технической продукции в новых условиях хозяйствования: автореф. ... канд. юрид. наук. – Саратов, 1990. – 22 с.
79. Илларионова Т.И. Гражданско-правовые организационные отношения и способы их защиты // Гражданское право, экономика и стандартизация. Межвуз.сб.научн.тр. Выпуск 64. – Свердловск.: УрГУ, 1978. – 160 с.
80. Егоров Н.Д. Гражданско-правовое регулирование общественных отношений: единство и дифференциация. – Ленинград: изд. Ленингр. ун та, 1988. – 176 с.
81. Общая теория права: Учебник для юридических вузов // Под ред. А.С. Пиголкина. – М: Изд. МГТУ им. И.Э. Баумана, 1996.
82. Минц Б.И. Гражданско-правовое обеспечение хозяйственных связей по созданию и использованию научно-технических достижений: Автореф. дисс. д-ра юрид наук. – Екатеринбург, 1993. – 32 с.
83. Протасов В.Н. Теория права и государства. Проблемы теории права и государства: Вопросы и ответы. – М.: Новый юрист, 1999. – 240 с.
84. Венгеров А.Б. Теория государства и права: Учебник для юр. вузов. – М: Новый юрист, 1998. – 624 с.
85. Копылов В.А. Информационное право: Учебник. – М.: Юристь, 2002. – 512 с.
86. Алексеев С.С. Право: азбука теория философия: Опыт комплексного исследования. – М.: «Статут», 1999. – 712 с.
87. Пугинский Б.И. Гражданско-правовой договор // Вестник Московского университета. – 2002. – №2. – С.47-56.
88. Лебедев К.К. О коммерческом (торговом) праве, проекте Торгового кодекса РФ, договоре оптовой купли-продажи и других торговых договорах // Правоведение. – 2000. – №4. – С.252-254
89. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы // adlet.zakon.kz
90. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 27 маусым 2007 жылғы №319-III заңы // adlet.zakon.kz
91. Тацуно Ш. Стратегия технополисы / пер. с англ. – М.: Прогресс, 1989. – 344 с.
92. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ-тың 2004-2007 жылдарға арналған инвестициялық саясаты туралы меморандум // adlet.zakon.kz

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|------------|
| КІРІСПЕ | 3 |
| 1. НАРЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ | 9 |
| 1.1 Қазақстанның экономикалық дамуындағы мемлекеттің ролі | 9 |
| 1.2 Мемлекеттік инновациялық саясат Қазақстанның постиндустриалдық даму негізі ретінде | 38 |
| 2. МЕМЛЕКЕТТІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ | 68 |
| 2.1 Инновация-мемлекеттік басқару объектісі ретінде | 68 |
| 2.2 Инновациялық қызметті жүзеге асырудың құқықтық негіздері: – жағдайы және даму перспективасы | 81 |
| 2.3 Қазақстанның экономикасының инновациялық инфрақұрылымын қалыптастырудың құқықтық негіздері | 97 |
| 2.4 Индустриалды-инновациялық бағдарламаларды (жобаларды) жүзеге асырудағы мемлекеттің қаржылық қатысуының құқықтық-ұйымдық нысандары | 118 |
| ҚОРЫТЫНДЫ..... | 141 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... | 147 |

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

Ермухаметова Сәулегул Райымқызы

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Монография

Редакторы *Е. Зангиров*
Компьютерде беттеген *Ұ. Молдашева*
Мұқабасын безендірген *М. Бакеев*

ИБ №14152

Басуға 28.12.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Көлемі 9,6 т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №183.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды